



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ



ҚҚДИ
РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ

Қазақстандық
қоғамдық
даму
институты

«АТА-АНА БОЛУ МОДЕЛЬДЕРІ ЖӘНЕ АТА-АНА ӘЛЕУЕТІ»

ӘЛЕУМЕТТАНУШЫЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ
БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА



АНАЛИТИЧЕСКИЙ ДОКЛАД
ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ НА ТЕМУ:
**«МОДЕЛИ РОДИТЕЛЬСТВА
И РОДИТЕЛЬСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ»**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ



ҚҚДИ
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қазақстандық
қоғамдық
даму
институты

«АТА-АНА БОЛУ МОДЕЛЬДЕРІ ЖӘНЕ АТА-АНА ӘЛЕУЕТІ»

ӘЛЕУМЕТТАНУШЫЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ
БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯҢДАМА

НҰР-СҰЛТАН - 2021

«Ата-ана болу модельдері және ата-ана әлеуеті» тақырыбындағы әлеуметтанушылық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық баяндама / Аналитический доклад по результатам социологического исследования на тему: «Модели родительства и родительский потенциал» / О.В. Николаева – Нұр-Сұлтан қ.: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ, 2021 ж. – 200 б.

Талдамалық баяндама Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша ұйымдастырылған «Ата-ана болу модельдері және ата-ана әлеуеті» әлеуметтанушылық зерттеу нәтижелеріне негізделген. Отбасылық тәрбие және отбасы саясаты саласындағы мамандардың арасында жүргізілген сараптамалық сұхбат деректері зерттеудің эмпирикалық негізін құрады. Зерттеу ата-ана болу модельдерін, қазақстандық отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктерін, ата-ана әлеуетін зерттеуге және отбасы саясаты саласында ұсынымдар әзірлеуге бағытталған.

Мемлекеттік отбасы саясаты саласындағы мемлекеттік құрылымдар мен ұйымдарға, үкіметтік емес ұйымдарға, қалың жұртшылыққа, зерттеушілерге, аталған тақырып бойынша жұмыс істейтін мамандарға және барлық мүдделі тараптарға ұсынылады.

Аналитический доклад основан на результатах социологического исследования «Модели родительства и родительский потенциал», организованного по заказу Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан. Эмпирическую основу исследования составили данные экспертных интервью, проведенных среди специалистов в области семейного воспитания и семейной политики. Исследование направлено на изучение моделей родительства, особенностей воспитания в казахстанских семьях, родительского потенциала и разработку рекомендаций в области семейной политики. Рекомендуется для государственных структур и организаций в области государственной семейной политики, неправительственных организаций, широкой общественности, исследователей, специалистов, работающих по данной тематике и всех заинтересованных сторон.

МАЗМҰНЫ

ГЛОССАРИЙ	5
КІРІСПЕ	7
1. АТА-АНА БОЛУ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ	10
1.1 Қазақстандықтардың репродуктивті ұстанымдары және оларды айқындайтын факторлар	10
1.2 Қазақстандық отбасылардағы ата-аналар мен балалардың қарым-қатынас ерекшеліктері	18
1.3 Қазақстандық қоғамдағы ата-ана модельдері және оның негізгі белгілері	29
2. АТА-АНА ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ОНЫ НЫҒАЙТУ ТӘСІЛДЕРІ	36
2.1 Ата-ана әлеуетін іске асырудағы кедергілер және оларды еңсеру жолдары	36
2.2 Ата-ана әлеуетін іске асырудың және ынталандырудың шетелдік тәжірибесі	52
ҚОРЫТЫНДЫ	66
ҰСЫНЫМДАР	67
1-ҚОСЫМША. Жобаны орындаудың жұмыс жоспары	70
2-ҚОСЫМША. Сарапшылық сұхбат гайдының сұрақтары	71
3-ҚОСЫМША. Сарапшылық сұхбат гайдының үлгісі	74
4-ҚОСЫМША. Қазақстан Республикасында туудың жалпы коэффициенті	94
5-ҚОСЫМША. Елдердегі жүктілік және туу бойынша демалыс	96
6-ҚОСЫМША. Балаларға дене жарақатын келтіріп жазалауға ресми түрде тыйым салынған елдер тізбесі	97
7-ҚОСЫМША. Сұрау салынған сарапшылар тізімі	99

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АӘК – Атаулы әлеуметтік көмек

ҚР СЖРА ҰСБ – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

БҚКК – ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитеті

АҚДМ – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

БҒМ – ҚР Білім және ғылым министрлігі

ҮЕҰ – Үкіметтік емес ұйымдар

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

ҚР – Қазақстан Республикасы

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары

АҚШ – Америка Құрама Штаттары

БҰҰ (UNICEF) БАЛАЛАР ҚОРЫ – Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (United Nations Children`s Fund)

ГЛОССАРИЙ

Тәрбие – адамның қарым-қатынасының әлеуметтік-мәдени (рухани-практикалық) кеңістігінде баланың мақсатты, ерікті түрде өсуі. Кең мағынада тәрбие дегеніміз кез-келген жастағы жеке адамға немесе адамдар тобына саналы түрде жоспарланған зияткерлік, эстетикалық және моральдық әсер деп түсініледі¹.

Ата-ана болудың өкілдік моделі – бұл ата-аналардың отбасында тең құқықтарға ие бола отырып материалдық тәуелсіздікке, әлеуметтік мәртебеге және қоғамның мойындауына қол жеткізуге талпына отырып кәсіби қызметінде жылдам және табысты алға жылжуға тырысатын модель. Бұл ретте балаларға күнделікті қамқорлық таныту негізінен аға буынға, үй қызметкерлеріне, тәрбиешілерге жүктеледі. Бала тәрбиесі үшін жауапкершілік көбінесе басқа адамдарға жүктеліп кетеді (беріледі)².

Ата-ана болудың белгісіз (жағдайлық) моделі көбінесе отбасы мен ата-ананың мінсіз моделін таңдауға қиналатын және ата-ана рөлімен сәйкестендірудегі қиындықтармен сипатталатын жастар мен жасөспірімдерге тән³.

Ата-ана әлеуеті – бұл баланың туылуына, қамқорлық жасауға және тәрбиесіне мүмкіндік беретін ата-ана рөлін іске асыруда адамның, әлеуметтік топтың және қоғамның табиғаты мен қалыптасатын ресурстарының жиынтығы. Ата-ана әлеуеті ата-ана рөлін іске асыру қажеттіліктерін, дайындығын, қабілеттерін және мүмкіндіктерін қамтитын нақты және әлеуетті ресурстар ретінде қарастырылады⁴.

Ата-ана – балаларға тарихи және мәдени тұрғыдан негізделген көзқарас, сезімдер, ата-ана рөлдері, жүріс-тұрыс практикасы⁵.

Отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы⁶.

¹ Л.В.Коновалова <https://iphlib.ru/library/collection/newphilenc/document/HASH362f188c5da035680b8c36>

² О.Н. Безрукова Балалар мен ата-ана болудың құндылықтары: ұрпақаралық динамика // Әлеуметтенушылық журнал. 2017. 23-том. № 1. С. 88–110. DOI: 10.19181/socjour.2017.23.1.5003

³ О.Н. Безрукова Балалар мен ата-ана болудың құндылықтары: ұрпақаралық динамика // Әлеуметтенушылық журнал. 2017. Том 23. № 1. С. 88–110. DOI: 10.19181/socjour.2017.23.1.5003

⁴ О.Н. Безрукова Балалар мен ата-ана болудың құндылықтары: ұрпақаралық динамика // Әлеуметтенушылық журнал. 2014. № 9. С. 85-97

⁵ И.С. Кон Әлеуметтанушылық психологиясы. Воронеж: МОДЭК, 1999; Т.А. Гурко Ресейдегі неке және ата-ана болу. М.: Әлеуметтану институты РАН, 2008; О.Н. Безрукова Жас отбасыларда отандық ата-ана болу ресурстары және оны қолдау желілері. СПб.: С.-Петербург. басылымы ун-та, 2011 және басқ.

⁶ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Қазақстан Республикасының Кодексі, 1-бап, 29) тармақша

Ата-ана болудың ынтымақты моделі – бұл балаларға басымдық берілетін модель. Ата-ана рөлдері комплимент болып табылады (қосымша рөл функциялары бар). Бала тәрбиесі үшін жауапкершіліктің сипаты – ынтымақты. Ата-аналардың басты мақсаты: балаларды тәрбиелеу және оларға жақсы білім беру. Сонымен қатар, ата-аналар бала тәрбиесіне бірдей қатысады, олармен қарым-қатынас жасауға көп уақыт бөледі, бос уақытын бірге өткізуге тырысады⁷.

Туудың жиынтық коэффициенті – бала туу жасындағы 1 әйелге есептегендегі балалар саны⁸.

Ата-ана болудың дәстүрлі моделі – көп балалы ата-ана болуға бағдарланған. Ата-аналық рөлдер мен бала тәрбиесіндегі жауапкершілік сараланған. Өке материалдық әл-ауқатқа жауапты, отбасының негізгі шешімдерін қабылдайтын отбасының басшысы және отағасы ретінде қарастырылады. Ананың міндеттері балаларға қамқорлық жасау және туыстарын күту, отбасылық тұрмысты ұйымдастыру болып табылады⁹.

⁷ О.Н. Безрукова Балалар мен ата-ана болудың құндылықтары: ұрпақаралық динамика // Әлеуметтенушылық журнал. 2017. 23-том. № 1. 88–110 б. DOI: 10.19181/socjour.2017.23.1.5003

⁸ ҚР СЖРА ҰСБ– ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы <https://bala.stat.gov.kz/rozhdaemost/>

⁹ О.Н. Безрукова Балалар мен ата-ана болудың құндылықтары: ұрпақаралық динамика // Әлеуметтенушылық журнал. 2017. 23-том. № 1. 88–110 б. DOI: 10.19181/socjour.2017.23.1.5003

КІРІСПЕ

Отбасы маңызды әлеуметтік институт болып табылады, оның шеңберінде жеке тұлғаны алғаш әлеуметтендіру жүзеге асырылады. Соңғы уақытта отбасы институтын нығайту қажеттілігі туралы мәселе кеңінен талқылануда. Қазіргі заманғы отбасы бірінші кезекте бала-ата-ана қарым-қатынасында көрініс тапқан белгілі бір трансформация процесінен өтті деуге болады. Көбінесе ата-аналар материалдық пооблемаларға алаңдаулы. Олардың көпшілігі уақытының көп бөлігін балалармен сенімді қарым-қатынас орнатуға, олармен қарым-қатынас жасауға емес, еңбек жолына және табыс табуға жұмсайды. Көбінесе ата-аналар баланың тәрбиесін мектепке дейінгі мекемелер мен мектепке жүктеп жібереді, бұл балалардың әлеуметтенуіне және олардың эмоционалды жағдайына әсер етеді. Бұл баланың бойында оқшаулану мен жалғыз сезіну, қарым-қатынас жасауда қиындықтарды қалыптастырып, болашақта психологиялық сипаттағы проблемаларға алып келуі мүмкін. Ата-аналар мен балалар арасындағы әлеуметтік байланыстар әлсірейді, туыстық пен ата-ананың маңыздылығы төмендейді¹⁰.

Ата-ана тәрбиесі отбасының жетекші функциялары арасында ерекше орын алады, өйткені баланың әл-ауқаты ғана емес, сонымен бірге қоғам мен мемлекеттің болашақ тағдыры ата-аналардың осы процесс үшін жауапкершілікті сезіну дәрежесіне байланысты. Отбасы жас ұрпақты тәуелсіз ересек өмірге дайындап, экономикалық және зияткерлік қызмет қабілеттерін дамытуы керек.

Балаларды тәрбиелеу ата-аналардан эмоционалды, материалдық, физикалық сипаттағы едәуір шығындарды, балалармен мақсатты өзара іс-қимыл жасау үшін жеке мүдделері мен қызығушылықтарын іске асырудан саналы түрде бас тартуды талап етеді. Бұл жағдайда ата-аналардың баламен тікелей байланысу үшін қажетті уақыт бөлуге дайын болуы ерекше маңызды. Ата-аналардың балаларды тәрбиелеуге және олармен қарым-қатынас жасауға бөлетін уақытының ұзақтығы сияқты тәрбиелеу үшін маңызды факторға тиісті баға бере отырып, «Рухани жаңғыру» ҚҚДИ өткізетін зерттеулер қазақстандық ата-аналардың балалармен өзара іс-қимылының ерекшеліктерін анықтады.

«Отбасылық-демографиялық саясат – 2020»¹¹ әлеуметтанулық зерттеуінің нәтижелері балалар отбасының маңызды ресурсы және құндылығы екенін көрсетеді, олар отбасылық жүйеде көптеген функцияларды мүлдем сезінбей-ақ атқара береді. Мәселен, 2020 жылы сұрау салынған респонденттердің балалармен өткізетін бос уақыт саны артты, «мен балалармен үнемі боламын» жауабын таңдау көрсеткіші 9,7% - ға және «күн сайын бірге болуға тырысатындардың» үлесі 6,7% - ға өсті. Екі жыл бойы жүргізілген сауалнамаларда балалармен қарым-қатынасқа кедергі келтіретін маңызды

¹⁰ А.М. Прихожан Жетімдік психологиясы/А.М.Прихожан, Н.Н.Толстых. – 2-басылым. – СПб.: Питер, 2005.

¹¹ «Отбасылық-демографиялық саясат-2020», «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ 2020ж.

қиындық ата-аналардың жұмысбастылығы болып қала береді. Бұл көрсеткіштің шамасы 2020 жылы 42% - ға дейін өсті, өсім 2019 жылмен салыстырғанда 11,1% - ды құрады. Үй жұмысының көптігіне байланысты балаларға уақыт бөле алмайтындардың үлесі 3,2% - ға өсті.

Бүгінгі таңда қазақстандық жастар арасында некеге және ата-ана рөліне дайын болмау үрдісі байқалады. Талдау көрсеткендей, қазіргі қоғамдағы жастардың едәуір санында ата-ананың маңызды қасиеттері өзгеріске ұшыраған, оның көріністерінің бірі – бала тууға және оларды тәрбиелеуге жасырын түрде құлықсыздық таныту, тіпті ашық түрде бас тарту.

Құндылықтарды қайта бағалау пайда болды – материалдық басым, мансап отбасыдан жоғары, ал ашық қарым-қатынас басқа адамның тағдыры үшін жауапсыздықтың ең ыңғайлы тәсілі ретінде дамиды. Көптеген жастар «азаматтық неке» (бірге тұру) – бұл отбасының жаңа моделі деп санайды, ал кейбіреулері тіпті отбасылық құндылықтарға күмән келтіреді.

Осылайша, ата-ана болу институтын және ішкі отбасылық қарым-қатынасты нығайту бойынша ауқымды және мақсатқа бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру қажет. Жұртшылықты, педагогикалық және психологиялық ғылымдарды, бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мамандарды тарту талап етіледі. Отбасының жұмыс істеуі саласында қазіргі заманғы отбасыларға білім беру және консультациялық қолдау бағдарламалары өзекті болып табылады.

Ата-ана болудың маңыздылығы жөніндегі ұстаным басым қоғамдық ұстанымға айналуы және шығармашыл ата-ана болуға түрткі болуы керек. Ата-ана әлеуетін және ата-ана болудың оңтайлы модельдерін қалыптастыру саласындағы проблемалық аспектілерді анықтау және оларды шешу жолдарын анықтау маңызды.

Зерттеудің мақсаты ата-ана болу модельдерін зерделеу және ата-ана болу саласындағы отбасылық саясатты жүргізу бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін келесі негізгі **зерттеу міндеттерін** шешу көзделеді:

- 1) әлеуметтік институт ретінде ата-ана болудың мәнін талдау;
- 2) ата-ана болудың негізгі модельдерін зерттеу, өлшемшарттарын анықтау, ата-ана болу моделінің типологиясын әзірлеу;
- 3) ата-ана болу модельдерінің шетелдік тәжірибесін зерттеу;
- 4) Қазақстанда ата-ана болуды дамыту үрдістерін зерттеу және оның қазіргі заманғы жай-күйін айқындайтын жағдайлар;
- 5) ата-ана әлеуетін зерттеу және ата-ана болу саласындағы отбасылық саясатты жүргізу бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу гипотезалары:

1. Қазақстандық қоғамға ата-ана болудың аралас моделі, бірнеше (көбінесе дәстүрлі, ынтымақты және өкілдік) модель ерекшеліктерінің үйлесімі тән.
2. Ата-ананың белгісіз моделінің белгілері дәстүрлі, ынтымақты және өкілдік модельдің белгілеріне қарағанда әлдеқайда аз кездеседі.
3. Жаһандану процестерінің ықпалына қарамастан, ата-ана болудың қазақстандық моделінде жергілікті ерекшеліктер байқалады.
4. Қазақстандық ата-ана болу моделінің негізгі ерекшелігі тәрбие процесінде дәстүрлі және заманауи элементтердің үйлесуі болып табылады.

Зерттеу объектісі – сарапшылар қауымдастығы: тәрбие, психология, педагогика, отбасылық саясат және отбасылық өзара қарым-қатынастар саласындағы мамандар.

Зерттеу тақырыбы – ата-ана болу модельдері және Қазақстанда ата-ана әлеуетін қалыптастыру ерекшеліктері.

Іріктеме көлемі 30 адамды құрады. Іріктеу мақсатты сипатта болды, отбасылық тәрбие және отбасылық өзара қарым-қатынастар саласындағы сарапшылардан сұхбат алынды.

Зерттеу әдісі:

Зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес сарапшылық сұхбат әдісі қолданылды. Бұл сапалы зерттеу әдісі, жан-жақты сұхбат алудың бір түрі, ол сұхбат алушының жеке басына емес, оның біліміне, құзыреттеріне, белгілі бір қызмет саласындағы кәсіби тәжірибесіне бағытталған.

Сұхбат диктофонға жазылып, содан кейін мәтінді транскрипциялау жүргізілді.

Деректерді жинау құралы белгілі бір қағидаларға сәйкес тұжырымдалған және өзара байланысты бірқатар мәселелерді қамтитын логикалық құрылымдалған нұсқаулық болып табылады. Гайдтың құрамы мен сапасы, құрылымы, сұрақтарды құрастыру ерекшелігі өзара тығыз байланысты және зерттеу тақырыбы ерекшеліктерімен айқындалады.

Гайд 3 негізгі бөлімнен тұрады:

- Қазақстандағы отбасы институтының жалпы ерекшеліктері бойынша кіріспе бөлім.
- Ата-ана болу модельдерінің және ата-ана әлеуетінің ерекшеліктері бойынша негізгі бөлім.
- Сарапшыларға практикалық ұсынымдар беру ұсынылған соңғы бөлім.

Далалық зерттеу кезеңі: 2021 жылғы сәуір- мамыр.

Жүргізілген сарапшылық сұхбаттар негізінде деректерге талдау жүргізілді. Қосымша ресми статистика деректеріне және ашық қолжетімділіктегі сандық деректерге талдау жүргізілді.

1. АТА-АНА БОЛУ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ

1.1 Қазақстандықтардың репродуктивті ұстанымдары және оларды айқындайтын факторлар

Репродуктивті ұстанымдарды балалардың туылуына бағытталған әлеуметтік көзқарастардың бір түрі ретінде айқындауға болады. Бұл ұстанымдар адамның отбасы мен балаларға деген сенімі мен көзқарасын қалыптастыратын қоршаған әлеуметтік ортаның әсерінен болады. Репродуктивті ұстанымдарға қанша баланың болғаны оңтайлы екендігі, оларды туу үшін қай жас қолайлы екендігі, баланы қамтамасыз ету үшін қандай минималды әлеуметтік-экономикалық жағдайлар қажет екендігі, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік күту жүйесі және адамның өзінің балалы болу-болмау туралы шешімі кіреді. Репродуктивті ұстанымдар гендерлік, діни, этностық тиесілігіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, тұратын өңіріне, жергілікті жердің түріне (қалалық немесе ауылдық), білім деңгейіне және жасына байланысты ерекшеленуі мүмкін.

2020 жылы Қазақстанда бала туғанда ананың орташа жасы 29,2 жасты құрады. 20 жылдық кезеңде Қазақстанда ана болудың (жүктіліктің алғашқы басталуы) орташа жасы 26-дан 29 жасқа дейін өсті. Ер адамдар үшін бұл көрсеткіш әдетте бірнеше жасқа жоғары. 2019 жылы баланы туу кезіндегі ананың орташа жасы 28,9 жасты, 2018 жылы 28,7 жасты, қалалық жерлерде - 29 жасты, ауылдық жерлерде – 28,3 жасты құрады. Осылайша, бірінші баланың туылуында ананың орташа жасының жыл сайынғы өсуі байқалады.

Анасының ұлты бойынша 79,8% - қазақтар, 7,9% - орыстар, 4,4% - өзбектер, 1,5% - ұйғырлар, 0,9% - украиндар және 0,7% - татарлар мен немістер дүниеге келді. 1000 адамға шаққандағы туу санын көрсететін бала туудың жалпы коэффициенті 2020 жылғы қаңтар-желтоқсанда 1000 тұрғынға шаққанда 22,40 тууды құрады¹².

Елімізде бала туудың жиынтық коэффициенті (1 әйелге шаққандағы балалар саны) жыл сайын өсіп келеді. Егер 2016 жылы республика бойынша ол 2,77 болса, 2020 жылы ол 3,13-ке дейін өсті. Өңірлер бөлінісінде айырмашылық байқалады: бала туудың жиынтық коэффициенті Түркістан (4,75), Маңғыстау (4,26), Алматы (4,03), Жамбыл (3,66) және Қызылорда облыстарында жоғары. Бала туудың жиынтық коэффициентінің ең төмені – Алматы қаласында (1,86), Қостанай (1,89), Солтүстік Қазақстан (2,03) және Павлодар облыстарында (2,3).

¹² ҚР СЖРА ҰСБ inform.kz

https://www.inform.kz/ru/rekordnoe-chislo-detey-rodilos-v-kazahstane-v-2020-godu_a3756173

1-кесте. Қазақстан Республикасында бала туудың жиынтық коэффициенті, өңірлер бөлігінде

Өңір	2016	2017	2018	2019	2020
Қазақстан Республикасы	2,77	2,75	2,84	2,90	3,13
Ақмола	2,32	2,35	2,42	2,45	2,55
Ақтөбе	2,72	2,70	2,81	2,97	3,14
Алматы	3,37	3,40	3,53	3,66	4,03
Атырау	3,51	3,48	3,60	3,61	3,86
Батыс Қазақстан	2,61	2,61	2,68	2,75	2,93
Жамбыл	3,46	3,36	3,54	3,61	3,96
Қарағанды	2,20	2,16	2,24	2,30	2,41
Қостанай	1,76	1,74	1,77	1,81	1,89
Қызылорда	3,34	3,30	3,38	3,46	3,96
Маңғыстау	3,84	3,79	3,91	4,02	4,26
Павлодар	2,16	2,14	2,17	2,19	2,3
Солтүстік Қазақстан	2,02	2,01	2,01	1,98	2,03
Түркістан	3,70	3,89	4,07	4,29	4,75
Шығыс Қазақстан	2,20	2,21	2,25	2,34	2,48
Нұр-Сұлтан қ.	2,96	2,88	2,89	2,77	2,84
Алматы қ.	1,72	1,70	1,76	1,78	1,86
Шымкент қ.	-	3,22	3,24	3,32	3,66

*Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар
Ұлттық статистика бюросы*

Осылайша, орта есеппен бір әйелге үш бала келеді. Демография тұрғысынан балалардың бұл саны оңтайлы. Сарапшылар мұны екі бала ата-анасының орнын басатындығымен түсіндіреді, ал үшінші баланың туылуы халықтың көбеюі үшін қажет.

«Демография, мемлекеттік мүдде тұрғысынан алғанда балалардың оңтайлы саны әрқашан – үшеу, яғни екеуі ата-ананы алмастырады, ал үшіншісі – біреудің баласы туылмаса немесе ерте жаста қайтыс болған жағдайда» (отбасылық даму және балалар қауіпсіздігі жөніндегі сарапшы, Нұр-Сұлтан қаласы).

Қалалық және ауылдық жерлерде бала туудың жиынтық коэффициентінде айтарлықтай айырмашылық бар: 2020 жылы бұл көрсеткіш қалалық жерлерде 2,89-ды және ауылдық жерлерде 3,53-ті құрады. Ауылдық жерлерде бала туу коэффициентінің жыл сайынғы өсуі байқалады.

2-кесте. Ауылдық жерлердегі бала туудың жиынтық коэффициенті, өңірлер бөлінісінде (1 әйелге шаққандағы бала саны)

Өңір	2016	2017	2018	2019	2020
Қазақстан Республикасы	3,08	3,00	3,09	3,17	3,53
Ақмола	2,14	2,19	2,29	2,26	2,37
Ақтөбе	2,72	2,43	2,65	2,83	3,12
Алматы	3,32	3,28	3,38	3,45	3,85
Атырау	3,38	3,42	3,58	3,46	3,99
Батыс Қазақстан	2,58	2,52	2,57	2,68	2,89
Жамбыл	3,53	3,33	3,39	3,36	3,65
Қарағанды	2,47	2,48	2,49	2,63	2,78
Қостанай	1,74	1,71	1,73	1,69	1,86
Қызылорда	3,15	3,13	3,16	3,15	3,71
Маңғыстау	3,57	3,26	3,47	3,80	4,02
Павлодар	2,57	2,53	2,52	2,48	2,76
Солтүстік Қазақстан	2,46	2,46	2,39	2,52	2,47
Түркістан	3,68	3,48	3,57	3,72	4,24
Шығыс Қазақстан	2,56	2,58	2,62	2,77	2,94

Дерекөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

Қалалық жерлерде туудың жиынтық коэффициентінің өзгеруі өңірге байланысты әр түрлі болады. Көптеген өңірлерде туу коэффициентінің күрт өспей, біртіндеп өсуі байқалады. Бұл көрсеткіш тек Түркістан облысында 5 жыл ішінде екі есеге (3,74-тен 7,29-ға дейін) артқан. Ұқсас кезеңде туу коэффициентінің төмендеуі Солтүстік Қазақстан облысында (1,83-тен 1,74-ке дейін) және Нұр-Сұлтан қаласында (2,96-дан 2,84-ке дейін) байқалады..

3-кесте. Қалалық жерлерде туудың жиынтық коэффициенті, өңірлер бөлінісінде (1 әйелге шаққандағы балалар саны)

Өңір	2016	2017	2018	2019	2020
Қазақстан Республикасы	2,58	2,60	2,68	2,75	2,89
Ақмола	2,50	2,54	2,56	2,66	2,76
Ақтөбе	2,76	2,82	2,89	3,05	3,16
Алматы	3,53	3,81	4,08	4,48	4,74
Атырау	3,66	3,54	3,64	3,75	3,78

Өңір	2016	2017	2018	2019	2020
Батыс Қазақстан	2,63	2,67	2,78	2,82	2,96
Жамбыл	3,35	3,40	3,75	3,98	4,44
Қарағанды	2,15	2,10	2,19	2,24	2,33
Қостанай	1,78	1,75	1,81	1,89	1,92
Қызылорда	3,56	3,50	3,64	3,85	4,25
Маңғыстау	4,26	4,66	4,65	4,39	4,67
Павлодар	2,02	2,00	2,05	2,09	2,14
Солтүстік Қазақстан	1,83	1,76	1,78	1,74	1,74
Түркістан	3,74	5,97	6,63	7,27	7,29
Шығыс Қазақстан	2,09	2,10	2,14	2,22	2,32
Нұр-Сұлтан қ.	2,96	2,88	2,89	2,77	2,84
Алматы қ.	1,72	1,70	1,76	1,78	1,86
Шымкент қ.	-	3,22	3,24	3,32	3,66

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

Сарапшылардың бағалауынша, Қазақстанда кем дегенде әрбір бесінші отбасы жалғыз ата-ана болып табылады. Олардың пікірінше, мұндай отбасыларда баланың өзара іс-қимыл моделі және еркек пен әйел арасындағы рөлдік үлестіру жоқ, бұл болашақта оның өмірлік тәжірибесіне және отбасындағы ата-ана мен жұбайлар рөліне әсер етеді:

«Бүгінгі таңда әрбір бесінші отбасында балалардың 20% тек әкесімен немесе тек анасымен бірге өседі. Егер бала бір ғана ата-анасымен бірге өссе, онда ол тек бір ғана мінез-құлық моделін көреді» (отбасылық даму және балалар қауіпсіздігі бойынша сарапшы, Нұр-Сұлтан қ.)

«Негізгі айырмашылық – бала еркек пен әйел арасындағы қарым-қатынасты байқамайды, оған үйренбейді, отбасындағы ересектердің өзара іс-қимылын көрмейді. Ол ананың ата-анасымен өзара іс-қимылының немесе ананың серіктеспен тұрақсыз өзара іс-қимылының моделін көреді. Бұл тәрбиеге, баланың өмірлік тәжірибесіне қатты әсер етеді және ол өте маңызды» (әлеуметтанушы, ҚазМЗУ, Нұр-Сұлтан)

ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша туудың жалпы коэффициенті (барлық 1000 тұрғынға есептегенде туылғандар саны) 10 жыл ішінде 1000 тұрғынға шаққанда 22,53-ден 22,76-ға дейін өсті. Егер біз ұзақ мерзімді динамикада қарастыратын болсақ, онда айтарлықтай өсуді көруге болады: 2000 жылғы 14,92 - ден 2020 жылы 22,76-ға дейін.

4-кесте. Қазақстан Республикасында бала туудың жалпы коэффициенті, 1000 адамға

2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
22,53	22,51	22,70	22,73	23,10	22,71	22,52	21,64	21,77	21,73	
2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	22,76
14,92	14,91	15,29	16,63	18,19	18,42	19,71	20,79	22,81	22,14	

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

Бұл көрсеткіштің өсуінің негізгі себептерінің бірі мемлекеттің отбасы институтын қолдауға және бала тууды ынталандыруға бағытталған әлеуметтік-демографиялық саясаты болып табылады. Соңғы жылдары адами капиталды қалыптастыруға, бала тууды ынталандыруға, ана мен бала денсаулығын нығайтуға, халықтың медициналық диагностикасына, жүйелі скринингтерге, жас және осал отбасыларды әлеуметтік-экономикалық қолдауға ерекше көңіл бөлінуде.

Жалпы, қазір гендерлік бөліністе бала туу бойынша үлкен айырмашылықтар жоқ. Осылайша, ұлдарды туудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 24,27-ні, қыздар үшін 1000 тұрғынға 21,33-ті құрайды, қалалық жерлерде бұл айырмашылық ауылдық жерлерге қарағанда анағұрлым байқалады.

5-кесте. Қазақстан Республикасында 2020 жылға арналған бала туудың жалпы коэффициенті, жынысы бойынша, 1000 адамға шаққанда

Өңірлер	Барлық тұрғын		Қалалық тұрғын		Ауылдық тұрғын	
	Ұлдар	Қыздар	Ұлдар	Қыздар	Ұлдар	Қыздар
Қазақстан Республикасы	24,27	21,33	24,79	20,65	23,57	22,38
Ақмола	18,24	15,80	20,55	17,17	16,28	14,51
Ақтөбе	25,58	22,46	27,03	23,06	22,14	20,87
Алматы	27,22	25,39	30,58	26,79	26,32	24,98
Атырау	28,88	26,44	29,45	25,65	28,22	27,44
Батыс Қазақстан	22,14	19,42	24,81	20,14	19,40	18,56
Жамбыл	26,84	24,61	30,86	26,68	24,35	23,16
Қарағанды	18,45	15,72	18,59	15,45	17,94	16,90
Қостанай	14,54	12,50	16,06	12,79	12,58	12,06

Өңірлер	Барлық тұрғын		Қалалық тұрғын		Ауылдық тұрғын	
	Ұлдар	Қыздар	Ұлдар	Қыздар	Ұлдар	Қыздар
Қызылорда	27,82	26,01	30,84	27,29	25,47	24,94
Маңғыстау	32,10	29,20	33,18	30,08	31,38	28,63
Павлодар	16,88	14,56	16,89	13,78	16,86	16,61
Солтүстік Қазақстан	13,73	11,55	15,11	11,36	12,64	11,73
Түркістан	30,92	29,40	40,57	37,07	28,49	27,43
Шығыс Қазақстан	17,86	15,21	19,06	15,28	16,04	15,07
Нұр-Сұлтан қ.	27,62	23,51	27,62	23,51	-	-
Алматы қ.	20,71	16,15	20,71	16,15	-	-
Шымкент қ.	32,03	28,14	32,03	28,14	-	-

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

Балаларға қатысты қоғамдық ұстанымдар туралы айтатын болсақ, сарапшылар көбінесе «бала – бұл бақыт» және «бала – өмірдің мәні» деген ұстанымдардың басым екендігіне назар аударады. Бұл ретте, сарапшылар баланы «өмірдің мәні» ретінде гипертрофиялық қабылдау баланың өзіне теріс әсер етуі мүмкін деп ескертеді, яғни бала маңызды болуы керек, бірақ ол адамның өзін-өзі тануының жалғыз жолына айналмауы керек. Баланы өмірдің мәні ретінде көре отырып, ата-ана өз өмірі үшін жауапкершілікті балаға ауыстырады, ал ол үміттерін ақтамаған кезде оны кінәлайды.

«Ең негізгі ұстанымдардың бірі – балалар – өмірдің мәні, бұл, өкінішке орай, көбінесе жауапкершілікті балаларға артып қоюға, баланы өз өмірінің мағынасына айналдыруға алып келеді, біз оған өз өміріміз үшін жауапкершілікті әдейі артып қойып, одан кейін «Мен барлық өмірімді саған арнадым, ал сенің «рахметің» жоқ» дейміз. («Ойна» балалар институты ҚБ төрағасы, Нұр-Сұлтан).

Дүниежүзілік құндылықтарды шолудың 7-толқынының деректері бойынша қазақстандықтардың едәуір көп үлесі (72%) қандай да бір дәрежеде ата-ана болуды қоғамдық борыш деп санайды. Салыстыру үшін біз басқа елдердің респонденттерінің жауаптарын қарастырамыз: Германияда респонденттердің 36,2%, Жапонияда - 65,1%, Данияда-38%, Норвегияда - 28,4%, Швецияда - 22,5% осындай көзқарасқа ие. «Толық келісемін» нұсқасы бойынша бұл айырмашылық одан да маңызды екенін атап өту қажет. Мәселен, «балалы болу – қоғам ал-

дындағы борыш» деген ұстаныммен Қазақстанда 27,1%, Германияда 6,3% Норвегияда 5,7%, Жапонияда 5,5%, Данияда 3,1%, Швецияда 1,4% келіседі. Дания, Швеция, Норвегия, Германия сияқты елдерде халықтың салыстырмалы түрде аз бөлігі ата-ана болуды қоғамдық борыш деп санайтынына қарамастан, бұл елдер жыл сайын бала тәрбиелеу үшін ең жақсы елдердің рейтингінде, бақытты елдер мен бала құқықтарын іске асыру индексі жоғары мемлекеттердің рейтингінде жетекші орын алады.

6-кесте. Балалы болу – қоғам алдындағы борыш, %

Жауаптар	Қазақстан	Германия	Жапония	Дания	Норвегия	Швеция
Толық келісемін	27,1	6,3	5,5	3,1	5,7	1,4
Келісемін	21,9	16,8	21,5	11,0	11,6	6,8
Жартылай келісемін	23,0	13,1	38,1	23,9	11,1	14,3
Келіспеймін	18,7	42,3	22,1	33,9	17,2	33,8
Мүлдем келіспеймін	6,3	20,1	7,6	27,7	54,2	42,7
Білмеймін	2,1	1,1	4,7	0,4	0,2	0,9
Жауап жоқ	0,9	0,4	0,4	0,0	-	0,0

Дереккөз: Дүниежүзілік құндылықтарды шолу, 7-толқын (2020)

Репродуктивті ұстанымдардың қалыптасуына әлеуметтік-экономикалық өмір сүру жағдайлары, мемлекеттің демографиялық саясаты және еліміздегі саяси жағдай, әлеуметтік нормалар мен уақыттың мәдени үдерістері сияқты факторлар әсер етеді. Сондай-ақ, белгілі бір стандарттар – матрицалық менталитет (некеге тұру және бала туу туралы әлеуметтік ұстанымдар) бар. Атап айтқанда, некеге тұрудың, бала туудың және еңбек етуді бастаудың оңтайлы жасы ресми түрде белгіленбеген. Алайда, бұл оқиғалардың қашан болуы керектігі туралы белгілі бір идеялар қалыптасты. Бұл белгілі бір «әлеуметтік сағаттың» («әлеуметтік кесте») бар екендігін нұсқайды, ол адамға оның өмірі осы қоғамның нормативтік схемасы аясында қалыптасқанын немесе қалыптаспағанын көрсетеді. Бұл кестеден артта қалған адам мазасыздыққа, ыңғайсыздыққа ұшырап, сондай-ақ «кесте бойынша қозғалған» адамға қарағанда әлеуметтік қолдауды аз сезінуі мүмкін. Бұл ұстанымдар әсіресе әйелдерге қатысты көп қолданылған, көбінесе оларға «уақытың өтіп жатыр» деген сөзді естуге тура келеді, бұл ана болу қажеттілігін тұспалдайды. Сарапшылардың пікірінше,

қазақстандықтардың репродуктивті ұстанымдарына, ең алдымен, құндылықтардың сабақтастығы (ата-аналарында болған отбасы моделінің жаңғыртылуы), экономикалық жағдай, этникалық факторлар, діни фактор әсер етеді.

«Бұл олардың ата-анасымен бірге отбасында үстемдік еткен тәрбиеге, отбасылық ұстанымдарға байланысты. Егер ата-аналар көп балалы болса, онда олардың үрдісін балалар да қайталайды» (Әлеуметтану пәнінің оқытушысы, Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ).

«Ата-анасының үйінде көргендерін жаңғыртуға тырысады. Балалары көп отбасылардың балалары да көп балалы болуға тырысады» (Әлеуметтанушы, ҚазМЗУ, Нұр-Сұлтан қ.).

Балалардың оңтайлы санына қатысты ұстанымдар ата-аналық отбасының әсерінен басқа бірқатар факторларға байланысты, олардың ішінде білім деңгейі (әдетте, білімі неғұрлым жоғары болса, отбасындағы балалар саны соғұрлым аз болады), тұрғылықты жері (ауылдық жерлерде туу деңгейі қалалық деңгейге қарағанда жоғары), діндарлық (дін контрацепцияға тыйым салады) және этникалық (әр этностың өзіндік мәдени ерекшеліктері мен матрицалық ұстанымдары бар). Экономикалық жағдай тағы бір маңызды фактор болып табылады: табысы төмен отбасыларға қарағанда тууды жоспарлау көбінесе табысы орташа отбасыларға тән.

«Көп балалы болу ата-аналық отбасыға, этникалық, діни компоненттерге және білім деңгейіне байланысты. Ауылдық жерлердегі қазақтарда бала туу деңгейі қалалық жерлерге қарағанда жоғары. Славян этностарының өкілдеріне қарағанда қазақтар арасында жоғары. Этнос неғұрлым көп болса, туу деңгейі соғұрлым төмен болады. Білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, туу деңгейі соғұрлым төмен болады. Діни фактор контрацепцияға әсер етеді. Дін бойынша – бұл харам. Бірақ бұл факторды зерттеу керек» (Әлеуметтану пәнінің оқытушысы, Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды қ.).

Барлық елдерде жаһандық деңгейде көрініс тапқан маңызды факторлардың бірі – адамның қаржылық-экономикалық жағдайы. Отбасы неғұрлым бай болса, балалар соғұрлым аз болады. Мен

аса байлар туралы айтпаймын, байлар да көп баланы дүниеге әкеледі, ал орташа тұратындар тым кедейлерге қарағанда аз туады. Орта тап аз туады, тым кедейлер көп туады, өте бай адамдар да көп туады» (әлеуметтанушы, ҚазМЗУ, Нұр-Сұлтан қ.).

Осылайша, қазақстандықтардың репродуктивті ұстанымдары мынадай факторлар кешеніне: елді мекеннің түріне, тұратын өңіріне, білім деңгейіне, экономикалық жағдайына, этносына, діндарлығына, жынысына (әйелдер, әдетте, ер адамдарға қарағанда, ата-ана болуға ертерек бағдарланған), отбасындағы ата-ана моделінің әсеріне байланысты. Қазіргі уақытта жас уақыты мен әлеуметтік нормалар туралы дәстүрлі көріністер өзгеріп жатқанын атап өткен жөн, бұл өз кезегінде қоғамдағы репродуктивті қатынастарға әсер етеді, бірінші баланы туу жасы біртіндеп өсіп келеді. Ата-ана болудың бұл үрдісі қазақстандық қоғамға ғана емес, жалпы қазіргі заманғы әлемге тән. Соңғы жылдары қазақстандық қоғам үшін тағы бір тұрақты үрдіс туудың жиынтық коэффициентінің біртіндеп өсуі (жүкті бола алатын жастағы 1 әйелге шаққандағы балалар саны) болып табылады. Бұл тек ауылдық жерлерде ғана емес, қалалық жерлерде де байқалады.

1.2 Қазақстандық отбасылардағы ата-аналар мен балалардың қарым-қатынас ерекшеліктері

Қазақстандық отбасыларда ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасына негізделген тәрбиенің бірнеше стилін бөліп көрсетуге болады. Біз демократиялық, авторитарлық, либералды және иеліктен шығарылған стильдерді бөліп көрсеттік. Тәрбиенің міндеті қоғамда табысты өзара іс-қимыл жасау үшін баланы ойдағыдай әлеуметтендіру болып табылады. Балаға істеуге «болатын» және «болмайтын» нәрселерге қатысты әлеуметтік нормалардың шекараларын білуге үйрету маңызды. Жоғарыда аталған стильдердің әрқайсысының баланы әлеуметтік нормаларды білуге үйретуде өзіндік ерекшеліктері бар.

Қазақстандық қоғамда көбінесе ата-ананың демократиялық немесе авторитарлық стилі басым. Авторитарлық стильге бақылау, әдетте асыра қамқорлық таныту, мәжбүрлеу, балаға қысым жасау тән. Кейде мұндай отбасыларда ұру жазасы қолданылады. Зерттеу деректеріне сәйкес отбасылардың 1,4% балаларды физикалық жазалауды қолайлы деп санайды және 7,3% бұған бейтарап қарайды. Мұндай отбасыларда психологиялық қысымды, кейде психологиялық зорлық-зомбылықты қолдану – мәжбүрлеудің тағы бір түрі болып табылады. Тәрбиенің бұл түрі баланы қорқытуға негізделген. Дене жазасын қол-

дануға оң немесе бейтарап қарайтын ата-аналар санының азаюы оң үрдіс болып табылады.

7-кесте. Балаларды ұрып жазалау қаншалықты қолайлы? %

Қолайлылық дәрежесі	2020	2021
Толығымен қолайлы	2,3	1,4
Бейтарап	11,2	7,3
Мүлдем қолайсыз	83,3	87,6
Жауап беруге қиналамын	3,3	3,8

Дереккөз: «Отбасылық-демографиялық саясат» әлеуметтік зерттеуі (2021)

Отбасылық тәрбие және балалар қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі маман Динара Құсайынның пікірі бойынша тәртіп тәрбиенің маңызды бөлігі болып табылады, бірақ тәртіпті орнату үшін ешбір жағдайда дене жазасын қолдануға болмайды. Аталған мәселе бойынша ЮНИСЕФ-тің ұстанымы ұрып жазалауға жол бермеуге негізделеді, бұл бала үшін физикалық жарақат алу қаупімен ғана емес, сонымен бірге осы практиканың психологиялық соққы әкелуімен де түсіндіріледі.

Қазіргі уақытта, әсіресе қалалық жерлерде, қорқынышқа емес, түсіндіруге негізделген демократиялық тәрбие стилі кеңінен таралған. Тәрбиенің демократиялық стилі баланың бастамасын ынталандырумен, оған бостандық берумен, оның қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын ескерумен сипатталады. Тәрбиенің осы стилімен балаға отбасылық проблемаларды талқылауға қатысуға мүмкіндік беріледі және шешім қабылдау кезінде оның пікірін ескереді, өз кезегінде олар балалардан саналы жүріс-тұрысты талап етеді.

Тәрбиенің соңғы стильдері – бұл баланың барлық тілектері мен еркелігіне рұқсат берумен және оны қанағаттандырумен сипатталатын либералды-босбелбеу стиль және ата-аналардың тәрбие функцияларын орындамауымен сипатталатын иеліктен шығару стилі. Либералды-босбелбеу стиль көбінесе орта таптағы отбасыларға және табысы жоғары отбасыларға тән. Жағдайы төмен отбасыларда иеліктен шығару стилі жиі кездеседі.

Тәрбие процесінде баламен барынша көп уақыт өткізу маңызды. Бұл тек ата-ананың өзінің қатысуы ғана емес, тікелей өзара іс-қимылы болуы қажет. Сонымен қатар, қарым-қатынас кезінде тікелей көзбе-көз және қолтілдесімі байланысын орнату үшін ата-ананың өзі де, бала да гаджеттерді (смартфондар, iPhone, планшеттер) пайдалануды азайтуы керек. Ақпараттық технологиялар өмірдің ажырамас бөлігіне айналған қазіргі қоғамда көптеген ата-аналар мен балалар уақыттың көп бөлігін интернетте өткізеді, бұл олардың арасындағы байланысқа теріс әсер етеді.

Сарапшылар баланың қасында гаджеттерді пайдалануды шектеуге және қарым-қатынас жасауға деген қызығушылықты көрсете отырып, онымен алаңдамай сөйлесуге кеңес береді.

«Цифрландыру дәуірінде гаджеттер, телефондар, смартфондар, әлеуметтік желілер балалар мен ата-аналар арасындағы байланыстың, сондай-ақ неке қатынастарының әлсіреуіне себеп болады. Туғаннан бастап балалар телефондарды пайдаланады, теледидар көреді, яғни бір-біріне аз көңіл бөледі. Ата-аналар да, балалар да виртуалды өмірге енеді. Бір-біріне назар аудармау қарым-қатынастың әлсіреуіне әсер етеді. Екінші себеп – ойын-сауықты, мансапта өсуді таңдау, материалдық пайда туралы ойлау» (әлеуметтанушы-талдаушы, Нұр-Сұлтан қ.).

Бірінші кезекте бала мен ата-ананың сапалы уақыт өткізуіне назар аударылады.

«Ата-ананың баламен сапалы уақыт өткізуі телефон қарап отырып, баланың қасында ойнап отыруы емес, онымен қарым-қатынас жасау, баланың көзіне қарап сұрақтар қою, оның айтқанының қаншалықты маңызды екенін түсіну үшін эмоцияларына мән беру. Бұл сапалы уақыт. Аз ғана уақыт болса да ересек адаммен сөйлескендей мұқият әрі зейін қойып сөйлесу маңызды. Егер елемеу және «мен – ата-анамын, мен ақылдымын, ал сен ақымақсың» деген көзқарас болса, онда бұл одан әрі бала мен ата-ананың арасындағы дұрыс қарым-қатынасты бұзады» (әлеуметтанушы, ҚазМЗУ, Нұр-Сұлтан қ.).

Балаға назар аударып, ол үшін не маңызды, не жақсы көреді, не мазалайды, қандай проблемалары барына қызығушылық таныту қажет. Сарапшылардың пікірінше, қазіргі әлемде ата-аналар көбінесе мансапқа және отбасын қамтамасыз етуге алаңдайды, балалармен тікелей қарым-қатынас артта қалуда.

«Ата-аналар көп уақытын жұмысқа бөледі, өйткені олар өз отбасыларын қамтамасыз етеді. Балалар өздерімен-өздері, әсіресе қазір барлық жерде online-білім беру... Ата-аналармен бұрын болған тікелей байланыс жоқ, қарым-қатынас көбінесе виртуалды болады. Тірі байланысқа аз уақыт бөлінеді, сондықтан ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас әлсіреп, араларына сызат

түскені байқалуда» (Атырау қаласы, Оқушылар орталығындағы әдіскер).

Сонымен қатар, сарапшылар шектен шығудан аулақ болуды ескертеді, шамадан тыс қамқорлық таныту және ата-ананың баламен үнемі болуы баланың дамуына теріс әсер етіп, оны басқа адамдармен араласудан оқшаулауы мүмкін.

«Сапалы уақыт өткізу – оның саны көп болмауы тиіс, артық болуы да табиғи емес, бала ата-аналарымен ғана емес, адамдардың әртүрлі санаттарымен араласуы тиіс» (Әлеуметтанушы, КазМЗУ, Нұр-Сұлтан).

Одан бұрын айтылғандай, Қазақстанда жалғызбасты ата-аналық отбасылардың үлесі өте жоғары – бұл әрбір бесінші отбасы, яғни еліміздегі отбасылардың 20% жалғызбасты ана болып табылады. Көбінесе бұл әкесіз отбасылар. Ата-анасының екеуі де бар отбасыларда көп жағдайда анасы балалармен айналысады. Сарапшылар екі ата-ананың да бала тәрбиесіне тең қатысуы қажет деп санайды.


«Балалармен қарым-қатынас жасау әйелдердің міндеті болып саналады, тіпті дамыған, заманауи деп саналатындар үшін де отбасындағы міндеттер бөлінеді, әлі де әйелдік міндеттер, ерлердің де міндеттері бар. Сондықтан барлық аналарға бірнеше күнге кетіп қалу керек, өйткені бұл әкеге көмектеседі, амалсыздан баламен қарым-қатынас жасауға мәжбүр болады, ол іс жүзінде баламен байланысты сезінуге көмектеседі. Күйеуім әлі күнге дейін түнде қалай уайымдағанын, ұлы тамақ сұраған кезде қалай оянғанын есіне алады, меніңше, бұл өте маңызды сәттер. Бұл қалыпты нәрсеге айналуы қажет, қазір ондай әкелер көп, одан да көп болу керек» («Ойна» балалар институты қоғамдық бірлестігінің төрағасы).

Сарапшылардың пікірінше, ажырасу кезінде бала мен әке арасындағы байланыс үзіледі, өйткені көптеген отбасыларда бұл байланыс әлсіз. Әкенің рөлі көбінесе асыраушы рөлімен байланысты және ол баламен аз араласады, сондықтан сарапшының сөзімен айтқанда «ата-ана ажырасқан жағдайда, балалармен ажырасып кеткендей болады». Ажырасқаннан кейін араласу айтарлықтай азаяды, айырылысу орын алады.

«Отбасының қазіргі проблемасы көбінесе әкелік сүйіспеншіліктің жоқтығында, өйткені әкенің рөлі табыс табушы рөлімен байланысты болды. Иә, әке ақша табады, қамқорлық жасайды, бірақ ол баламен қанша уақыт өткізді?! Сондықтан әкеге бауыр басу номиналды. Мысалы, ата-ана ажырасқан жағдайда, әкелер де балаларымен ажырасқан сияқты, сирек сөйлеседі және сирек кездеседі. Себебі бір кездері әкесі балаға мейірімін төккен жоқ және баламен қажетті байланыс қалыптаспаған. Бауыр басу – бұл үнемі дамып келе жатқан сезім. Бұл жыныстық жетілу кезеңіне дейін болады, өйткені жасөспірім кезеңінде психологиялық сепарация пайда болады. Жасөспірімдік жас – бұл да даму дағдарысы, ата-аналармен келіспеушіліктер орын алады, бірақ бұл баланың дамуының жаңа деңгейіне әкелетін норма. Ата-аналар да осы дағдарыстан өтуі керек. Сепарация-бұл норма» (отбасылық даму және балалар қауіпсіздігі бойынша сарапшы. Нұр-Сұлтан қаласы).

Жаппай сауалнама деректері ер адамдардың балалармен қарым-қатынасының төмен деңгейін көрсетеді. Сонымен, «отбасылық-демографиялық саясат» (2021) зерттеуінің деректеріне сәйкес көбінесе аналар балаларымен уақыт өткізеді, айналысады және серуендейді. Бұл функцияны аналардың 38,15%, әкелердің тек 2,1% және отбасылардың 40,2% орындайды.

1-сурет. Балалармен жұмыс жасау, серуендеу, үй тапсырмасын тексеру сияқты міндеттер қалай бөлінген?



Дереккөз: «Отбасылық-демографиялық саясат» әлеуметтік зерттеуі (2021)

Баланың екі рөлдік және генетикалық модельді көруі маңызды. Бір ата-анамен әлеуметтену тек бір жүріс-тұрыс үлгісін үйренуге мүмкіндік береді және балада ата-ананың серіктестік қатынасы туралы түсінігі болмайды. Сарапшының пікірінше, тағы бір маңызды аспект – ата-әжелер тарапынан

қосымша көмек көрсетілген жағдайда баланың ата-аналық иерархия туралы идеялары бұзылады, өйткені ата-ана әжесінің/атасының баласы болып табылады:

«Әр ата-ана балаға өзінің рөлдік және генетикалық моделін көрсетеді, өйткені анасы әкесі емес, ал әкесі анасы емес. Әр түрлі кезеңдерде бала үшін әр ата-ананың болуы маңызды. Егер бала тек бір ата-ананың қасында өссе, онда ол тек бір жүріс-тұрыс үлгісін көреді. Анасы қайтадан некеге тұрған жағдайда, жаңа жолдасы балаларға өте жылы болса, бұл да жақсы. Жалғызбасты ата-ананың отбасында өзіндік ерекшелік бар. Себебі бізде әдетте жалғызбасты ана немесе әке балаларды әжесінің немесе басқа біреудің қатысуымен тәрбиелейді. Иерархия қақтығысы бар. Себебі анасы әлі оның қызы. Көптеген әйелдермен сөйлесу кезінде ата-аналары үшін олар оның балалары болғандықтан, олардың ата-ана ретіндегі беделі төмендеп жатқанына шағымданды. Бала негізгі адам кім екендігі туралы шатаса бастайды: анасы ма немесе әжесі ме. Бірақ олардың барлығы жақсы өмірден емес, күтушіге ақша төлеуге мүмкіндігі болмағандықтан және т.б. байланысты бірге өмір сүреді (отбасылық даму және балалар қауіпсіздігі бойынша сарапшы. Нұр-Сұлтан қаласы).

Отбасы бастапқы әлеуметтену институты болғандықтан, баланың отбасында көретін модельдері оның балалар, ата-аналар мен ерлі-зайыптылар арасындағы өзара қарым-қатынас туралы түсініктерін қалыптастырады:


«Бірінші жүйе – ата-аналық отбасы. Одан кейін балабақша, содан соң мектеп, одан әрі әлеуметтік институттар басталады. Одан соң әрине, ата-ананың алғашқы тәжірибесі, ересектермен қарым-қатынасы, бұның бәрі осы балалардың қандай қарым-қатынас жасайтынына әсер етеді. Көбінесе мұндай эмпатикалық байланыс, бала мен ата-ана арасында сенімді байланыс орнатылған кезде сенімді қарым-қатынас болады» (жеке практикалық психолог., Нұр-Сұлтан қаласы).

Тәжірибелі мұғалімнің пікірінше, ата-аналар мен балалар арасындағы өзара қарым-қатынастағы қиындықтың негізгі себебі – сенім мен өзара түсіністіктің болмауы. Мұндай жағдайларда жеке проблемалар мен қиындықтар туындаған кезде балалар ата-аналарына емес, құрдастарына барады:

«Ата-аналар мен балалар арасындағы өзара түсіністік маңызды, сіз балалармен үнемі сөйлесуіңіз керек. Проблемалар туындаған кезде балалар көшеге, достарына қашып кетпей, ата-аналарына жүгінуі қажет. Сол кезде ата-аналар мен балалар арасында сенімді қарым-қатынас орнайды. Балалар ата-аналарының кейпінде қарттарды, ештеңені түсінбейтін адамдарды емес, кез-келген уақытта жүгіне алатын адамдарды көруі тиіс. Ата-аналар оларды кез келген жағдайда қабылдайды. Егер дұрыс істемесе түсіндіреді. Ең бастысы – барынша үйлесім тапқан өзара түсіністік» (педагог, оқушылар сарайы, Ақтөбе қаласы).

2021 жылғы «әлеуметтік-демографиялық саясат» зерттеуінің деректері бойынша ата-аналардың 50,3%-ы балаларымен бірге тұрады. 2020 жылмен салыстырғанда, шектеу шараларының салдарынан көптеген отбасылар көп уақытты бірге өткізе бастаған кезде, 2021 жылы бұл көрсеткіш 7,4%-ға төмендеді. Бұл ретте бүкіл отбасымен жиналатын және балалармен бос уақытын кемінде күніне бір рет (32,7%), әрбір демалыс және мереке күндері (8,3%) өткізетін респонденттердің үлесі өсті.

2-сурет. «Бос уақытыңызды балаларыңызбен жиі өткізесіз бе? деген сұраққа жауаптарды бөлу», %



Дереккөз: «Отбасылық-демографиялық саясат» әлеуметтанулық зерттеуі (2021)

Сұрау салынғандардың 4,3% балаларымен аптасына екі-үш рет уақыт өткізеді. Сауалнамаға қатысқан барлық респонденттердің тек 3,6% балаларымен өте сирек уақыт өткізеді – айына екі-үш рет және одан да аз, бұл үш жылдағы ең төменгі көрсеткіш. Ер респонденттер балалармен сирек кездесетінін, күніне бір рет және одан да аз екенін атап өтеді¹³. Сарапшылардың пікірінше, ата-аналардың балаларымен аз уақыт өткізуінің басты себебі - жұмысбастылық:

«Ата-аналар көп жұмыс істейді: бізде әкелер де, аналар да жұмыс істейді, балалар іс жүзінде өз-өздерімен. Әкесі де, анасы да жұмыстан шаршайды, ал бала ата-анасының шаршағанын, демалу керек екенін түсінеді». Баламен сөйлесуге әрдайым уақыт таба бермейді. Бала берген сабақты орындаса, тамағы тоқ, таза болса ата-ана борышы орындалғандай болып есептеледі. Ата-аналар материалдық жағынан қамтамасыз етуге көбірек алаңдайды (әлеуметтік педагог, Саран қ.).»

Ата-аналардың балаларымен өткізетін уақытының аз болуының басты себебі ретінде олардың жұмысбастылығы туралы сарапшылардың гипотезасы «Отбасының әлеуметтік-демографиялық портреті» (2021) әлеуметтанулық зерттеуінің деректерімен расталады.

3-сурет. Сізге балаларыңызбен көбірек уақыт өткізуге не кедергі? %



Дереккөз: «Отбасылық-демографиялық саясат» әлеуметтанулық зерттеуі (2021)

¹³ «Отбасылық-демографиялық саясат» әлеуметтік зерттеуі /Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ, 2021.

Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы ұлттық баяндаманы дайындау шеңберінде талдамалық есептің деректері бойынша балалардың көпшілігі ата-аналарымен оқуын (19,4%) және денсаулығын (13,7%), қызығушылығы мен хоббиін (11,3%), баланың кәсіби болашағын (9,6%) талқылайды. Балалардың 2,5%-ы отбасылық пікірталастарға қатыспайтынын мәлімдейді¹⁴.

8-кесте. «Отбасында қандай тақырыпты жиі талқылайсыздар?» деген сұраққа балалардың жауаптары, %

Отбасында талқыланатын тақырыптар	%
Сіздің оқуыңызды	19,4
Сіздің денсаулығыңыз бен туған-туысқандарыңызды	13,7
Сіздің және туғандарыңыздың қызығушылығын, хоббиін	11,3
Сіздің кәсіби болашағыңызды	9,6
Әлемде, елде, Сіз тұратын елді мекенде болып жатқан оқиғалар	8,6
Ата-ананың/туған-туысқандардың жұмысын	7,9
Әлеуметтік желілердің, интернеттің жаңалықтарын	7,4
Қызықты фильмдерді, сериалдарды, кітаптарды, бағдарламаларды және т.б.	6,1
Сіздің отбасылық болашағыңызды	6,9
Сіздің отбасыңыздың материалдық жағдайын (отбасылық кірісті, шығыстарды)	4,4
Мен отбасылық талқылауға сирек қатысамын (тіпті мүлдем қатыспаймын)	2,5
Саяси оқиғаларды	2,2

Дереккөз: ҚР БҒМ БҚКК, 2020


Сауалнама сұрақтарына жауап берген балалар, ең алдымен, оларға тікелей байланысты тақырыпты көрсететінін ескеру қажет. Ересектер талқылайтын проблемалар ауқымы әлдеқайда кең және көбінесе балалардың қатысуын болжамайды.

Сауалнама мектеп жасындағы балалар арасында жүргізілгендіктен, ең көп талқыланатын тақырып олардың оқуы болды (19,4%). Баланың қызығушылығы отбасындағы ең көп талқыланатын тақырыптардың үштігінде. Ата-аналардың балалардың қалауы мен қызығушылықтары туралы білуі өте маңызды. Қазіргі заманның көрінісі ретінде балалардың кәсіби болашағы олардың отбасылық болашағына қарағанда жиі талқыланады деуге болады - бұл әлеуметтік және экономикалық дамыған қоғамдарға тән. Сондай-ақ, отбасы ішіндегі диалогты саясаттандырудың деңгейі төмен екенін атап өтуге болады – саяси оқиғалар көбінесе отбасы шеңберінде талқыланатын тақырыпқа айналады (2,2%). Балалардың 2,5% отбасылық талқылауға қатыспайтынын атап өту қажет.

¹⁴ Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы ұлттық баяндаманы дайындау шеңберінде әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп. Нұр-Сұлтан, 2020. – 92 бет. ҚР БҒМ. .

«Сіз өзіңіздің қызығушылығыңызды отбасында талқылайсыз ба?» деген сұраққа балалардың 88,3% оң жауап берді. Балалардың 11,6% өздерінің қызығушылықтары мен мүдделерін ата-аналарымен талқыламайтынын атап өту қажет. Балалардың өз қызығушылықтарын отбасымен талқыламауының ең көп таралған себебі – бұл олардың отбасы үшін қызықты емес деген сенім. Балалардың 2% жақындары олардың қызығушылықтарын қолдамайды және тіпті айыптайды деп санайды. Қызығушылық пен хобби бала өмірінің маңызды бөлігі болып табылады, сондықтан жақын адамдарымен осы аспектіні талқыламау отбасындағы қарым-қатынастағы ықтимал проблемаларды көрсетеді.


4-сурет. «Отбасыңызда қызығушылығыңызды талқылайсыз ба?» деген сұраққа балалардың жауаптары, %



Дереккөз: ҚР БҒМ БҚҚК, 2020

Қызығушылық пен хобби – бұл бала немесе жасөспірім өмірінің маңызды бөлігі, бірақ өсу процестеріне тән жеке уайымдаулар мен қорқыныштар одан да маңызды болуы мүмкін. Балалардың басқа отбасы мүшелеріне деген сенім деңгейі қаншалықты жоғары?

5-сурет. «Сіз отбасыңызбен жеке мәселелеріңізді, қорқыныш, уайымыңызды талқылай аласыз ба?» деген сұраққа балалардың жауаптары, %




Дереккөз: ҚР БҒМ БҚҚК, 2020

Респонденттердің басым көпшілігі өз отбасыларына толықтай сенеді және оның қолдауына ие бола аламыз деп жауап берді. Алайда, балалардың едәуір бөлігі (14,3%) түсінбеушілік пен айыптаудан қорқатындықтарын көрсетті. Мұндай жағымсыз жауаптардың ең көп бөлігі 12-16 жас аралығындағы жасөспірім респонденттерге – осы жауап нұсқасын таңдаған 95,4%-на тиісілі. Сондықтан бұл алаңдаушылық тудыруға себеп болып отыр.

Жалпы, көрініс айтарлықтай жақсы, бірақ кейбір отбасыларда сауалнамаға қатысушылардың өтпелі жасымен байланысты отбасылық диалогтағы қиындықтар мен сәтсіздіктерді болжауға болады. Сауалнамадан өткендердің көпшілігі (85,2%) отбасымен сөйлескенді ұнатты, 12,2%-ы тек кейбір отбасы мүшелерімен сөйлескенді жөн көреді және 2,3%-ы үй ішіндегілермен сөйлескенді ұнатпайтындықтарын мойындады.

6-сурет. «Сізге отбасыңыздың мүшелерімен сөйлескен ұнай ма? деген сұраққа балалардың жауаптары, %»



Дереккөз: ҚР БҒМ БҚҚК, 2020

Коммуникация процесінің маңызды құрамдас бөлігі – отбасындағы құндылықтарды тарату. Егер біз Рональд Инглхарт пен Кристиан Велцельдің теориялық тұжырымдамасына жүгінетін болсақ, онда құндылықтардың «өмір сүруге бейімделуге» қарама-қайшы ретінде «өзін-өзі таныту» бағытында өзгергеніне назар аударуға болады. Балаларда өзін-өзі құрметтеуге (14,5%-ға), өзіне деген сенімділікке (17%-ға), әділдікке (9,7%-ға), рухани өсуге (13,1%-ға), өзін-өзі дамытуға (6,4%-ға), қаражатқа қарай өмір сүруге (2,4%-ға) тәрбиелейтін ата-аналардың үлесі айтарлықтай өсті. Өзін-өзі таныту құндылықтары жетістікке жетуге, жеке басының маңыздылығына, даралыққа, адам құқықтарына, прагматизмге бағытталған. Бұл құндылықтар жиынтығы «Рухани жаңғыру» рухани жаңғыру идеяларымен тығыз байланысты.

9-кесте. Балаңызды, ең алдымен қандай құндылықтарға тәрбиелейсіз? %

	2020	2021
Өзін-өзі құрметтеу	28,5	43,0
Үлкендерді сыйлау	54,9	61,3
Еңбексүйгіштік	64,1	61,0
Өз-өзіне сенімділік	20,6	37,6
Патриотизм	16,4	16,5
Басқа адамға көмектесу	12,6	11,7
Еркіндік	6,0	5,6
Әділдік	16,2	25,9
Даралық	6,7	9,5
Рухани өсу	6,0	19,1
Өзін-өзі дамыту	13,7	20,1
Басқа халықтар өкілдерінің мәдениетін, тілдерін, дәстүрлерін құрметтеу	5,2	7,2
Қаражатына қарай өмір сүре білу	3,4	5,8
Қиын жағдайларға бейімделе білу	13,7	11,5
Парасаттылық	-	0,4
Барлық жоғарыда талған құндылықтар	0,7	0,7
Жауапкершілік	-	0,2
Отбасылық құндылықтар	-	0,2

Осылайша, жалпы қазақстандық отбасылардағы өзара қарым-қатынастардың жағымды көрінісін байқауға болады:

- көптеген респонденттердің ішкі отбасылық диалогы белсенді және жағымды, сенім арту сипатында;

- онда балалардың оқуына, денсаулығына және қызығушылығына маңызды орын беріледі;

- отбасын біріктіретін бірлесіп уақыт өткізу дәстүрлері тұрақты әлеуметтік практика сипатына ие. Ата-аналардың балалармен жеткілікті уақыт өткізе алмауының негізгі себебі – жұмысбастылық болып табылады;

- ұрып жазалауды қолдайтын ата-аналардың үлесі айтарлықтай төмендеді;

- бір жыл ішінде балаларды тәрбиелеу процесінде өзін-өзі таныту құндылықтарын (өзін-өзі бағалау, рухани өсу, өзіне деген сенімділік, өзін-өзі дамыту) трансляциялау бағытында айтарлықтай өзгеріс болды.

1.3 Қазақстандық қоғамдағы ата-ана модельдері және оның негізгі белгілері

Ата-ана модельдерінің негізгі өлшемшарттары: отбасы құрамы (екі ата-анасы бар немесе жалғыз ата-ана, тұрпайылау немесе кеңей-

тілген отбасы, балалар саны), рөлдерді гендерлік бөлу, тәрбие әдісі (дербес немесе функцияларды басқа адамдармен бөлісу), тәрбие стилі (авторитарлық, демократиялық, енжар, иеліктен шығарылған).

Әр түрлі құрамға сүйене отырып, ата-ана модельдері екі топқа бөлінді:

- 1) Екі ата-ана бар отбасы үшін;
- 2) Жалғызбасты отбасы үшін.

Екі ата-анасы да бар отбасылар үшін рөлдерді гендерлік бөлу және тәрбие функцияларын беру негізінде келесі модельдер бөлінді: дәстүрлі, бірлескен, өкілдік, белгісіз және эклектикалық.

7-сурет. Екі ата-анасы да бар отбасылардағы ата-ана модельдері



ӨКІЛДІК

рөлдерді тең бөлу, мансапқа бағдарлану, тәрбиелеу функцияларын басқа адаммен бөлісу



ДӘСТҮРЛІ

рөлдерді дәстүрлі гендік бөлу, онда ер адам отағасы болып саналады, көп балалы болуға ұмтылу



БІРЛЕСКЕН

бір-бірін толықтырушы ата-ана рөлі, бала тәрбиесіне бірдей қатысу



ЖАҒДАЯТТЫҚ

ата-ана рөліне сәйкес келудегі қиындықтармен сипатталады



ЭКЛЕКТИКАЛЫҚ

бюджетті басқаратын және отбасының басшысы әйел болып саналатын модель, бұл ретте ол негізгі үй жұмысын орындайды және баланы тәрбиелеумен айналысады



АРАЛАС

бірнеше модельдердің белгілері қамтылған

Ата-ананың дәстүрлі моделі – көп балалы болуға ұмтылумен және рөлдерді дәстүрлі бөлумен сипатталады, онда әке материалдық әл-ауқатқа жауап беретін отағасы ретінде қарастырылады, ал анаға бала тәрбиелеу және тұрмыспен айналысу функциялары жүктелген.

Ата-ананың бірлескен моделі – бұл балаларға және олардың біліміне басымдық берілетін модель. Ата-ананың екеуі де тәрбиеге бірдей жауап береді, әке мен ананың арасында рөлдерді қатаң бөлу жоқ, олар бір-бірін толықтырады.

Ата-ана тәрбиесінің өкілдік моделі – мұндай отбасындағы ата-аналар көбінесе мансапқа назар аударады, ал бала тәрбиесі үшін жауапкершілік көбінесе басқа адамдарға тапсырылады (беріледі).

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанда ата-ананың қандай да бір бірыңғай моделі басымдық танытпайды, әдетте – бұл бірнеше модельдің элементтерін біріктіретін аралас модель. Сонымен қатар, отбасылардың негізгі үлесіне өкілдік модель элементтерін ала отырып, ата-ананың дәстүрлі және бірлескен модельдері тиесілі.

«Менің ойымша, дәстүрлі және бірлескен модельдер арасындағы негізгі айырмашылық жағдаяттық және өкілдік модельдердің аз бөлігі бар. Бізде аралас. Өкілдік модель – бұл баланы ата-әжесі тәрбиелеген кезде, ондай белгілер дәстүрлі отбасыға да тән. Әдетте ата-ана – ол әке мен ана, бірақ бізде бұл үш ұрпақ» (отбасылық даму және балалар қауіпсіздігі бойынша сарапшы, Нұр-Сұлтан қ.).

«Қалалық отбасыларда өкілдік моделімен бірге дәстүрлі нұсқа басым. Ал ауылдық жерлерде, провинцияда аға буынға өкілдік ету басым. Қалада балабақшаларға, күтушілерге өкілдік етеді. Жастарға жағдаяттық, аралас тән» (әлеуметтанушы, ҚазМЗУ, Нұр-Сұлтан қ.).

«Қазақстандық отбасыларда өкілдік және дәстүрлі модель басым. Әлі күнге дейін тұңғышын атасы мен әжесінің тәрбиесіне беру дәстүрі сақталған. Жұмыс істейтін ата-аналар балаларын ата-әжелеріне береді, себебі анасы да, әкесі де жұмыс істейді» (әлеуметтік педагог, Саран қ.).


Сарапшылардың көпшілігі қазақстандық отбасыларда рөлдерді дәстүрлі бөлу бар екенін атап өтті. Әдетте, ер адам үшін бұл отағасы рөлі (шешім қабылдау) және отбасын материалдық қамтамасыз ету, әйел үшін – күнделікті тұрмыс мен бала күтімі. Рөлдерді осылайша бөлудің ұтымдылығына қатысты сарапшылардың пікірлері екіге бөлінді: олардың кейбіреулері аталған бөлуді дұрыс деп санайды, ал екінші бөлігі оны қазіргі шындыққа бейімдеу қажеттілігін айтып, толық негізді емес деп санайды:

«Әр отбасында рөлдер отбасының өзіне ыңғайлы түрде бөлінуі керек. Ер адам тамақ пісірсе немесе ыдыс жуса онда тұрған ештеңе жоқ. Еркек пен әйел өзара құрметін көрсете білуі қажет. Балалар ата-аналардың жүріс-тұрысына қарап үйренеді. Сондай-ақ, әйелдер отбасындағы ер адамның кейбір міндеттерін өз мойнына ала алады деп санаймын. Қазіргі уақыт осы тақырыпты кеңірек қарауға мүмкіндік береді. Барлық жерде «ортасы» болуы тиіс» (тәрбие ісі жөніндегі оқу ісінің меңгерушісі, Нұр-Сұлтан қ.).

«Бұл арада тең жауапкершілік туралы сөз болады, ата-ана болуға ана жағынан да, әке жағынан да саналылық болу керек. Келіспеушіліктер болмау үшін екеуі де икемді, бейімделгіш, ортақ құндылықтарға ие болуы тиіс, әке немесе ана қандай болуы керек деген жалпы түсінікке ие болуы қажет. Қоғам да гендерге баса назар аудармай, жауапкершілік пен саналылық туралы көбірек білуге тиіс (отбасы әлеуметтануының оқытушысы, Қарағанды қ.).

Қазақстандық отбасылардағы рөлдердің дәстүрлі бөлінуі және патриархалдық көзқарастардың басым болуы сандық деректермен расталады. Мәселен, отбасының 70%-ында күйеуі отағасы болып саналады, 4% - ында әйелі, отбасының 20,6% - ында шешімдер бірге қабылданады. Бір қызығы, отбасының 3,7% - ында отбасының отағасысы күйеуінің әкесі, 1,1% - ында отбасының басшысы күйеуінің анасы, бірақ бірде-бір отбасының басшысы әйелінің ата-анасы емес. Отбасының 75%-ында отбасының үстемдігі күйеуі бойынша айқындалады.

8-сурет. Сіздің ойыңызша, отбасыңызда отағасы кім? %



Дереккөз: «Отбасылық-демографиялық саясат» әлеуметтанулық зерттеуі (2021)

Сарапшылардың пікірінше, қазіргі уақытта көптеген отбасыларда ата-аналардың екеуі де жұмыс істейді, сәйкесінше тәрбие функциясы да біркелкі бөлінуі тиіс:

«Егер біз 21 ғасыр мен қала туралы айтатын болсақ, гендерлік бөліну және оның қажеттілігі туралы айту өте таңқаларлық болар еді. Қазіргі өмір ақша табу функциясы ата-ананың екеуіне де тиесілі болатындай етіп құрылғандықтан, тәрбие функциясын ата-ананың екеуі де орындаған дұрыс, егер екіншісімен бірдеңе болса, бір ата-ана да орындайды» (3-сарапшы, психолог, Нұр-Сұлтан қ.).

10-кесте. Отбасыны материалдық қамтамасыз етуге жауаптылар

	%
Күйеуі	47,6
Әйелі	2,2
Бірге	48,9
Отбасының басқа мүшесі	1,0
Отбасында ондай міндет жоқ	0,0
Жауап беруге қиналамын	0,2

Дереккөз: «Отбасылық-демографиялық саясат» әлеуметтанулық зерттеуі (2021)

«Біз ерлер мен әйелдердің тең құқылы болуына ұмтылуымыз керек. Өйткені, декретке шығуға дайын ер адамдар, ал керісінше, жұмыс істегісі келетін әйелдер бар. Бұл қалыпты нәрсе болуы тиіс. Ол туралы айту керек, өйткені көптеген адамдар қалайтын да шығар, бірақ оны ұят деп санайды. Бұның бәрі дәстүрге байланысты» (дамуында ерекшеліктері бар балалармен жұмыс жөніндегі психолог, Нұр-Сұлтан).

Міндеттерді тең бөлудің негізгі дәлелі ретінде сарапшылар функциялардың өзара ауысымдылығын атайды. Олардың пікірінше баланың дамуының бастапқы кезеңінде рөл атқаратын белгілі бір биологиялық мүмкіндіктер (мысалы, емшек емізу) ғана ерекшелік болады.

«Мен әке мен ананың функцияларын нақты бөлмеймін. Жалпы, олар бір-бірін алмастырады. Жалпы алғанда, мен емізу және т.б. қандай да бір биологиялық мүмкіндіктерді қоспағанда, бастапқы гендерлік функцияларды атай алмаймын: егер ата-ананың әлеуметтік рөлі (күтім, құндылықтарды ілгеріле-

ту, отбасылық рәсімдерге қатысу) туралы айтатын болсақ, онда мұның барлығы 50/50 деп санаймын» (отбасылық даму және балалар қауіпсіздігі жөніндегі сарапшы, Нұр-Сұлтан қаласы).

Ата-ананың белгісіз (жағдаяттық) моделі ата-ана рөлімен сәйкестендірудегі қиындықтармен сипатталады, ол көбінесе жас отбасыларға тән.

«Белгісіз модель бала саналы таңдау болмаған жағдайы төмен отбасыларға тән. Мұндай жағдайда, анасы ер адамның қолдауынсыз жалғыз болса ол әке де, ана да болуы керек» (отбасылық даму және балалар қауіпсіздігі бойынша сарапшы, Нұр-Сұлтан қ.).

Зерттеу барысында біз қосымша **электикалық модельді** анықтадық, онда әйел бюджетті басқарады және отбасының басшысы болып саналады, сонымен бірге ол үйде де және бала тәрбиесінде барлық негізгі жұмыстарды орындайды. Электика – әртүрлі элементтердің үйлесуін білдіреді. Бұл жағдайда отбасы басшысының рөлі күнделікті міндеттермен (жинау, үтіктеу, кір жуу, ыдыс жуу) үйлеседі. Әдетте, отбасы басшысы мәртебесін алған ер адамдар бұл міндеттерді сирек орындайды.

Мәселен, әлеуметтік зерттеу деректері бойынша отбасының 4%-ында әйелі отбасының басшысы болып саналады, ал 2,2%-ында әйелдер отбасының материалдық қамтамасыз етуге жауапты. Бұл ретте жинау, кір жуу және ыдыс жуу түріндегі күнделікті міндеттерді ерлердің 0,9%-ы ғана орындайды.

11-кесте. Отбасындағы күнделікті міндеттерді орындау, %

	Жинау	Кір жуу	Ыдыс жуу	Киім үтіктеу
Күйеуі	0,9	0,5	0,5	2,0
Әйелі	80,7	86,3	86,3	84,7
Бірлесіп	14,2	9,2	9,2	9,3
Отбасының басқа мүшесі	4,0	3,1	3,1	3,5
Отбасында ондай міндет жоқ	0,2	0,9	0,9	0,4
Жауап беруге қиналамын	0,0	0,0	0,0	0,1

Дереккөз: «Отбасылық-демографиялық саясат» әлеуметтанулық зерттеуі (2021)

Қазақстанда жалғызбасты ата-ана отбасыларының үлесі айтарлықтай жоғары, олардың көбінде балаларды анасы тәрбиелейді. Кейде анасы ғана бар жалғызбасты отбасыларда балалардың тәрбиесіне басқа туған-туыстары да (әжелер, аталар, тәтелер) қатысады.

9-сурет. Жалғызбасты отбасылардағы ата-ана модельдері



Балаларын туған-туысқандарының көмегінсіз тәрбиелеуші жалғызбасты ана



Балаларын туған-туысқандарының көмегінсіз тәрбиелейтін жалғызбасты әке



Балаларын туған-туысқандарының көмегімен тәрбиелеуші жалғызбасты ана



Балаларын туған-туысқандарының көмегімен тәрбиелейтін жалғызбасты әке

Әкесі балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған отбасылар аз кездеседі. Көбінесе әкеге басқа туған-туыстар, негізінен әйел адамдар (әпкелер, аналар, әжелер) көмектеседі.

Мұндай отбасылардағы тәрбие туралы сарапшылардың пікірі екіге бөлінді. Сарапшылардың көпшілігі баланы үйлесімді тәрбиелеу және өзара қарым-қатынастың жыныстық рөлдік моделін қабылдау үшін ата-ананың екеуі де қажет деп санайды. Бірақ ата-аналардың саны емес, тәрбиенің сапасы маңызды деген пікірлер бар, кейде екеуі де болған жағдайға қарағанда жалғызбасты ата-ана көп нәрсе бере алады.


2. АТА-АНА ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ОНЫ НЫҒАЙТУ ТӘСІЛДЕРІ

2.1 Ата-ана әлеуетін іске асырудағы кедергілер және оларды еңсеру жолдары

Сарапшылық сұхбаттар мен ресми статистика деректерін талдау қорытындылары бойынша Қазақстанда ата-ана болуды дамытудың оң да, теріс те үрдістері анықталды. Оң үрдістерге мыналарды жатқызуға болады: аға буынның (балалардың тәрбиесіне ата-әжелердің) қатысуы, туудың жиынтық коэффициентінің өсуі, жұртшылықтың бала тәрбиесінде әкенің рөлін арттыруға назар аударуы, саналы түрде әке болудың кең көлемде талқылануы, ресми статистикаға сәйкес ата-ана міндеттерін тиісінше орындамау жағдайларының төмендеуі. Теріс үрдістерге отбасындағы рөлдерді бөлудің гендерлік теңгерімсіздігі, тәрбиемен айналысатын және балалармен бірге демалатын әкелер үлесінің төмендігі, ерте жаста некенің болуы, ажырасулардың айтарлықтай жоғары үлесі, балаларға қатысты дене жазаларын қолдану, қалалық және ауылдық жерлерде жағдайы төмен және аз қамтылған отбасылардың болуы, ата-аналардың балалардың қызығушылығы мен қоршаған ортасы туралы аз хабардар болуы жатады. Теріс үдерістер, ең алдымен, кейбір отбасылардағы ата-ана әлеуетінің жеткілікті түрде дамымауымен байланысты.

Ата-ана әлеуетін бала туу, қамқорлық жасау және тәрбиелеу қабілетін қамтамасыз ететін ата-ана рөлін іске асырудағы адамның, әлеуметтік топтың және қоғамның табиғаты мен қалыптасатын ресурстарының жиынтығы ретінде айқындауға болады. Ата-ана әлеуеті нақты және ықтимал ресурстарды қамтуы мүмкін. Ата-ана әлеуетінің негізгі құрылымдық элементтері: ата-ана рөлін іске асыру қажеттілігі, дайындығы, қабілеті және мүмкіндігі.

10-сурет. Ата-ана әлеуетінің құрылымдық компоненттері



1) Ата-ана болу қажеттілігі эмоционалды-жылы қарым-қатынасты, бала тууды оң ынталандыруды, балаларға қатысты құндылықтар мен көзқарастарды, балаларға деген қажеттілікті қоса алғанда, балаларға қамқорлық жасау мен тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін уәждемелік-қызметтік сипаттамаларды қамтиды

2) Ата-ана болуға дайындық ата-ана рөлін қабылдау, саналы түрде өзін ата-ана ретінде сезіну, өмірлік жоспарлардағы ата-ана саласының басымдығы, ата-ана ұстанымдарынан тұрады.

3) Қабілет балаларға қатысты іс-әрекеттерге бейімділіктен, ата-ана практикаларынан, балалармен өзара іс-қимыл тәжірибесі мен білімінен, практикалық дағдылардан, ата-ана құзыреттілігінен ашылады.

4) Мүмкіндіктерді біз ата-ана рөліне тән (репродуктивті денсаулық, білім, дағды сапасын бағалау және т. б.), сондай-ақ әмбебап (қиындықтарды жеңе білу, өз өмірін бақылау қабілеті) талаптарды сыртқы және ішкі ресурстармен байланыстыру ретінде түсінеміз .

Басқаша айтқанда, ата-ана әлеуеті – бұл ата-ана үшін маңызды құндылықтар, ұстанымдар, білім мен дағдылардың жиынтығы, олар балаларға қатысты қолданылады және белгілі бір өмір жағдайында ата-ана рөлін қабылдаған кезде ата-ана практикасында іске асырылады (іске асырылуы мүмкін). Ата-ана әлеуеті жоғары болуы немесе төмендеуі мүмкін. Осылайша, ата-ана әлеуеті балаларға қатысты және жеке тұлғаны/әлеуметтік топты ата-ана рөлінде іске асырудан көрінетін эмоционалды, когнитивті, құндылық, жүріс-тұрыс ресурстарының сапасымен және даму деңгейімен сипатталады.

Сарапшылық сұхбат негізінде біз ата-ана әлеуетін іске асырудағы кедергілердің:

- экономикалық сипаттағы;
- құндылық-нормативтік;
- ақпараттық сипаттағы;
- институционалдық сипаттағы;
- психологиялық сипаттағы;
- әкімшілік-құқықтық сипаттағы бірнеше тобын анықтадық.

¹⁵ О. Н. Безрукова Ата-ана болу модельдері және ата-ана әлеуеті: ұрпақаралық талдау // Әлеуметтік зерттеу. 2014. № 9. 85-97-б

11-сурет. Ата-ана әлеуетін іске асыруға арналған кедергілер:



ЭКОНОМИКАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ (экономикалық қиындықтар, жұмысқа тұрумен және тұрғын үй сатып алумен байланысты қиындықтар, отбасыны тиісті күтіп-ұстауға қаражаттың жетіспеушілігі)



ИНСТИТУЦИОНДЫҚ СИПАТТАҒЫ (денсаулық сақтаудың, мектепке дейінгі тәрбиенің, негізгі және қосымша білімнің сапасы мен қолжетімділігі, инфрақұрылымды дамыту (балабақшалардың, медициналық қызметтердің және диагностиканың қолжетімділігі)



АҚПАРАТТЫҚ СИПАТТАҒЫ (репродуктивті денсаулық, отбасыны жоспарлау, ата-ана болу мәселелері және әлеуметтік қолдаудың қолжетімді түрлері бойынша хабардар болмау)



ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАҒЫ (әріптестердің психологиялық сәйкессіздігі, отбасындағы қолайсыз психологиялық климат, бір немесе екі ата-ананың эмоционалды тұрақсыздығы)



ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАҒЫ (заңнама, бюрократия, мысалы, балабақшаға кезекке қою, АӘК және мүгедектікті ресімдеу кезінде)



ҚҰНДЫЛЫҚТЫ-НОРМАТИВТІК СИПАТТАҒЫ (жастардың белгілі бір бөлігінің нақты құндылықтарға бағдарланбауы, отбасылық құндылықтарды ниверлеу, құндылықтардағы ұрпақаралық айырмашылық)

Экономикалық сипаттағы проблемалар ата-ана болуға және оны іске асыру жағдайларына айтарлықтай әсер етеді. Сарапшылардың пікірінше, неке дағдарысы – ажырасу материалдық қиындықтармен, жұмысқа орналасудағы қиындықтармен және тұрғын үй сатып алумен, отбасын тиісті қамтамасыз ету үшін қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты.

«Мысалы, көптеген ажырасулар материалдық проблемаларға байланысты туындайды және бұл жалпы қоғаммен айналысу, халықтың экономикалық деңгейін көтеру қажет екендігін көрсетеді, содан кейін ажырасудың экономикалық себептері өткен шаққа айналады, тек жеке келіспеушіліктер қалады және ажырасу деңгейі төмендейді» (отбасы әлеуметтану оқытушысы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ., Қарағанды қ.).

«Мұны пандемияға, экономикалық дағдарысқа байланысты жағдайдан байқауға болады. Мысалы, ажырасулар саны осыған байланысты. Жұмыссыздық сияқты экономикалық факторлар бар, бұл отбасындағы қарым-қатынасқа да әсер етті» (Емхананың әлеуметтік қызметкері, Нұр-Сұлтан қ.).

Сарапшылар мемлекет тарапынан отбасыларға материалдық және материалдық емес қолдау көрсету қажеттілігіне назар аударады. Белгілі бір уақыт аралығында отбасылар мен балаларды олардың материалдық жағдайына қарамастан қолдап жүру қажет. Қолдау тек қаржылай қаражаттан тұрмауы керек, мысалы, ұзақ уақыт жұмыссыз қалмау, баланы балабақшаға уақытында орналастыру, баланы секцияларға, үйірмелерге тегін немесе жеңілдікті негізде жіберу мүмкіндігі болуы керек. Тағы бір аспект – мысалы, балабақшаға орналастыру, АӘК, балаға мүгедектік тобын ресімдеу бойынша бюрократиялық рәсімдерді төмендету болып табылады:

«Жалақы адамдарға лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететіндей болуы керек. Бұл тек жалақы туралы ғана емес, жалпы инфрақұрылымдық мүмкіндіктердің, медицинаның дамуы, балабақшалардың, мектептердің, секциялардың болуы. Мұның бәрін ұзақ кідіріссіз алу мүмкіндігі болуы тиіс». (Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-да әлеуметтану оқытушысы, Нұр-Сұлтан қ.).

Құндылық-нормативтік кедергілер тобына әлеуметтік инфантилизм, отбасын құруда прагматизм мен жоспарлаудың болмауы, басымдықтарды ата-ана болудан мансапқа ауыстыру және өзіне баса назар аудару сияқты проблемалар жатады.

Әлеуметтік инфантилизм проблемасы

Мемлекеттік қолдауға ие болған кейбір отбасыларда әлеуметтік инфантилизмнің және мемлекетке тұтынушылық көзқараспен қарау көріністері байқалады. Сарапшылардың пікірінше, отбасын қамтамасыз ету үшін өз күш-жігерін жұмсамай, мемлекеттен жан-жақты көмек күтетін ата-аналар санаты бар.

«Мен барлық көп балалы отбасылар туралы айтып отырған жоқпын, алайда олардан мемлекетке деген тұтынушылық қарым-қатынасты және жауапкершіліктің төмен деңгейін жиі байқаймын. «Мен пәтер, жәрдемақы алу үшін босанамын» деген пікір қалыптасады. «Балаға не бере аламын» деген сұрақ соңғы орында қалған. (Тәрбие жұмысы жөніндегі оқу ісінің меңгерушісі, Нұр-Сұлтан қаласы).

Сонымен қатар, ата-аналардың бала тәрбиесінде жауапкершілігі жетіспейтіні байқалады. Сарапшылардың пікірінше, мұның себебі

ата-аналардың баланың мүддесі үшін өз мүдделерін құрбан еткісі келмеуі және баланың қажеттіліктеріне емес, өзіне бағытталуы болуы мүмкін.

«Балалар мен ата-аналар байланысы тәртіп пен тәрбиеге негізделген. Адамдар жауапсыз болып өседі, ал бала – бұл үлкен жауапкершілік және өз-өзін құрбан ету, яғни баланың мүддесі үшін өз мүдделерінен бас тарту. Әркім өз мүдделерінен жоғары жасауға дайын емес. Адам жас кезінен бастап бала үлкен жауапкершілік екенін түсінуі керек. (Даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс жөніндегі психолог, Нұр-Сұлтан қ.).»

Прагматизмнің жетіспеушілігі және отбасын құруды жоспарлаудың болмауы

Сарапшылар жоспарлауды отбасын құрудың маңызды құрамдас бөлігі деп санайды. Бұл компоненттің болмауы отбасының ата-ана әлеуетін оның пайда болуының алғашқы кезеңінде төмендетеді. Бала туудың негізгі факторлары оны туу және тәрбиелеу үшін материалдық ресурстардың, эмоционалды-психологиялық және физикалық ресурстардың болуы (оның ішінде әйелдің денсаулық жағдайы) болып табылады. Қазақстандықтардың бір бөлігі бұл процесті саналы және салауатты прагматизмді танытып, барлық факторларды есепке ала отырып, жоспарлайды, бірақ, өкінішке орай, отбасының толығыуы ағымдағы проблемаларды есепке алмай және баланың туылуы үшін қажетті базалық ресурстар болмаған кезде де өздігінен жүретін басқа үрдіс те бар:

«Мен қоғамды екіге бөлетін едім. Бірінші бөлім, мен әлі күнге дейін адамдар отбасын жоспарлап, балаларға қамқорлық жасап, мүмкіндігінше және денсаулығына қарай балаларды дүниеге әкелетін жақсы үрдісті көремін. Бұл бір бөлік. Екінші бөлім, әйелдердің денсаулығы нашарлауына, өмір сүру жағдайлары бар-жоғына қарамастан, 3-4 баланы ойланбастан қатарынан туады». («Қорғау Астана» жеке қорының басшысы, Нұр-Сұлтан қ.).»

Үлкендердің беделінің үстемдігі және баланың жеке басының мүдделерін елемеу

Құндылық-нормативтік сипаттағы кедергілерге келетін болсақ, ата-ана әлеуетін толық іске асырудағы негізгі кедергіні үлкендердің

мызғымас беделіне, баланың қажеттіліктері мен жеке басын құрметтемеуге негізделген «ұят» принципі деп атаған жөн.

«Ұят сезімі «ұятты» сезіндіру балаға теріс әсер етеді. Дәстүрлі отбасыларда сіз әрқашан ақсақалды тыңдауыңыз керек, менің ойымша, «үлкеннің айтқаны дұрыс» ұстанымы әрқашан дұрыс бол бермейді. Үлкендердікі дұрыс дей бермей баланы не алаңдататынын және не қызықтыратынын білу керек. Сонымен бірге, аға буын бала тәрбиесіне, қалай өмір сүруге болады және қалай өмір сүруге болмайды деген мәселелерге араласып жатады. Мұның бәрі балалардың ата-аналарымен қарым-қатынасына әсер етеді» («Тәлімгерлер» жобасының қатысушысы, Нұр-Сұлтан қаласы).

Ата-аналардың өз қажеттіліктеріне бағдарлануы

Сарапшылар құндылықтардың ауысуын және бір уақытта жас ата-аналардың психологиялық қабылдауындағы басымдықтардың өзгеруін атап өтеді. Мысалы, жас әкелер мен аналар үшін ата-ана болуды негізгі функция және құндылық ретінде қабылдау қазіргі уақытта соншалықты танымал емес. Жастар отбасын құруға емес, өздерінің қажеттіліктері мен қалауына бағдарланған.

«Қазіргі отбасылар – толық емес отбасылардың балалары. Біздің ата-аналарымыздың түсінігі бойынша бала үшін олар жанын беретін. Анасы тек балаларымен тұратын. Қазіргі жастар арасында бұл сирек кездеседі. Ата-аналарды көп нәрсе қызықтырады: демалу, бір жерге бару және олар отбасын құруға, балалы болуға асықпайды, тұрмысқа шығуға немесе үйленуге тырыспайды» («Тәлімгерлер» жобасының қатысушысы, Нұр-Сұлтан қ.).

«Отбасы дағдарысы деп бұқаралық ақпарат құралдарында неке институты ескірген деген ойдың қалыптасуы, яғни бақытты болу үшін неке құрудың қажеті жоқ деген пайымдаулардың болуы шығар. Егер бізді әлемде ең бастысы – отбасы деп тәрбиелеген болса, қазір оқушылар болашақта отбасын құруға ұмтылмайды. Бұл шағын дағдарысты көрсетеді. Қыздар отбасын құруға, бала тууға тырыспайды, ұлдар да отбасын артық проблема деп ойлайды» (Педагог, оқушылар сарайы, Ақтөбе).

Иллюзиялар мен күтулер дағдарыстың себебі ретінде

Бірқатар сарапшылар әлеуметтік желілерде және БАҚ-та басқа өмірге назар аудара отырып бақытты отбасы моделін қалыптастыруды ата-ана әлеуетін іске асырудағы **ақпараттық сипаттағы** кедергілер деп атайды. Отбасындағы күнделікті тіршілік қамы туралы иллюзияны бұзу, материалдық қаражаттың жетіспеушілігі және асыра үміт арту отбасындағы дау-дамайға және оның бұзылуына себеп болады.

«Ерлі-зайыптылар, негізінен серіктестер, қазіргі таңда бір-біріне көптеген шағымдар жасайды. Олар адамдарға белгілі бір құндылықтарды сіңіруге тырысатын жарнама негізінде дамиды, мұның бәрі өмір сүрудің қымбаттығына әкеп тіреледі. Бір сәтте адамдар өздерінің отбасылары телефонда, БАҚ-та және интернетте көретіндерге қарағанда жақсы өмір сүрмейтіндерін түсінеді. Онда олар өздерінде жоқ мүмкіндіктері бар отбасыларды көреді. Соның салдарынан адамдар өзінің серіктесіне белсенді түрде таратылатын қандай да бір идеалға сәйкес келмегені үшін оны кіналай бастайды» (даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс жөніндегі психолог, Нұр-Сұлтан қ.).

Сарапшылардың пікірі бойынша мемлекеттік аппарат пен ҰЕҰ-дан басқа ата-ана әлеуетін арттыру және халықты хабардар ету бойынша жұмысқа қосымша ұйымдардың 3 түрі: мектептер, кітапханалар, емханалар жұмылдырылуы тиіс. Мектептер деңгейінде жыныстық тәрбиелеу сабағын енгізу ұсынылады.

Жыныстық ағарту жүйесін, бала туу құқықтары мен заңнамадағы өзгерістер туралы ақпараттандыруды енгізу. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл бойынша институт, аталған аспектіде профилактикалық шаралар кешенін құру, ювеналды әділет институтын дамыту, жастардың жыныстық денсаулық туралы хабардар болуын арттыру» (Психолог, Нұр-Сұлтан қ.).

Кейбір сарапшылар жыныстық тәрбиелеу мәселелерінде нысаналы аудиторияны, мәселен, мұндай мәселелерді талқылауға тыйым салынған діни отбасылардан шыққан жасөспірімдерді немесе ауылдық жерлердегі консервативті өңілдерден шыққан тұрғындарды есепке алу қажеттілігін еске салады. Сондықтан ділін, өңірлік ерекшеліктерін және діндарлығын есепке алу маңызды.

«Маған діни отбасыларда жыныстық тәрбиелеуге дамытуды елестету қиын. Таңдау бойынша, нысаналы топқа қарай жасау қажет. Кейбіреуі мұны мүлдем қабылдамаса, біреулері қолайлы емес деп санайды.» (Отбасын әлеуметтендіру оқытушысы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды қ.).

12-сурет. Ата-ана әлеуетін нығайтуда қосымша жұмылдыру үшін ұсынылатын ұйымдар



МЕКТЕПТЕР

- репродуктивті денсаулық, отбасын жоспарлау сабақтарын енгізу, психологиялық денсаулық мәселелерін (достық, антибуллинг тақырыптары) талқылау



ЕМХАНАЛАР

- бала туғанға дейін және туғаннан кейін жеке консультациялар өткізу, аналармен іс-шаралар ұйымдастыру



КІТАПХАНАЛАР

- ақпараттық-ағарту және демалыс іс-шараларын өткізуде кітапханалардың рөлін нығайту, мультимедиялық және ойын бөлмелерін орнату, жабдықтау

Мектептен бастап жыныстық тәрбие, репродуктивті денсаулық сабақтарын енгізу, психологиялық денсаулық мәселелері (достық, антибуллинг, өзінді жаман сезінсең не істеу қажет тақырыптары) бойынша ақпараттандыру. Мектеп негізгі таратушы ретінде ұсынылады.

Ақпараттық-ағарту іс-шараларын өткізу үшін кітапханалардың рөлін нығайту қажет. Сарапшылардың сөзіне қарағанда батыста, кітапхана кішкентай балалары бар ата-аналарға арналған қосымша бөлмелерден тұратын тұтас әлеуметтік орталық болып табылады.

«Балалар ойнап жүрген кезде ата-аналар семинар өткізіп, сөйлесе алады. Үлкенірек жастағы балалар үшін мультимедиялық бөлмелер бар, барлық отбасылардың мультфильдерді үлкен экраннан көруге мүмкіндігі бола бермейді, ал онда тегін» (Отбасылық даму және бала қауіпсіздігі бойынша сарапшы, Нұр-Сұлтан қ.).

Сондай-ақ сарапшылар баланы туғанға дейін ғана емес, туғаннан кейін де әйелдер консультациясын өткізу үшін емханаларды жұмылдыруды, аналармен іс-шаралар ұйымдастыруды ұсынады. Сондай-ақ әйелдердің репродуктивті денсаулығын бақылау және жақсарту бағдарламаларын іске асыруды ұсынады.

«Әйелдердің дені сау болуын насихаттап, репродуктивті жастағы әйел жылына екі рет мемлекет есебінен білікті зерттеуден өтуі үшін арнайы бағдарламаларды іске асыру қажет. («Тәлімгерлер» жобасының қатысушысы, Нұр-Сұлтан қ.)

Институционалдық сипаттағы кедергілерге денсаулық сақтау сапасы мен қолжетімділігі, мектепке дейінгі тәрбие, негізгі және қосымша білім беру проблемалары, балабақшалардың, медициналық қызметтердің қолжетімділігі нысанындағы инфрақұрылымның толық дамымауы, ыңғайлы қозғалыс жасауға арналған диагностика мен жағдайлары жатады.

Балалар инфрақұрылымының дамымауы

Инфрақұрылымның дамымауы да ата-аналарға кедергі келтіреді. Сарапшылар балалар мен кішкентай балалары бар ата-аналар үшін бала арбаларына арналған ыңғайлы пандустардың және қолайлы әжетханалардың жетіспеушілігін атап өтті. Бірақ қолайлылық – негізгі өлшемшарт емес. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған жағдайлар көзделмегені де айтылды.

«Бірінші кезекте, біз бала призмасы арқылы қарауға тиіспіз, қоғамда бала қауіпсіз бе, оған қолайлы ма, өзі арбада отыратын адамдарды айтпағанда арбамен жүрген ана барлық жерден өте ала ма. Бізде арбасы бар ана пандустан өте алмайды, тіпті жаяу жүріп та одан өте алмайсың. Орындау үшін кермет ештеңені қажет етпейтін қарапайым заттар, техникалық затты жасауға болады ғой. Мысалы егер дүкенге барған кезде баласы бар анаға арналған әжетхана бар ма, мәселен сенің ұлың жетіде болса және оның әкесі қасында болмаған кезде сен ерлердің әжетханасына жалғыз жібере алмасаң не істеуге болады, үлкен жеті жасар баланы әйелдерге арналған әжетханаға апарасың ба? Жалпы әжетхана болмаса не жалпы әжетханада анасы мен баласына арналған бөлме болып, әкесі мен баласына арналған бөлме болмаса ше. Ал әкесі баласымен қыдыруға шықты делік, памперсін қай жерде ауыстыра алады. Анасы баласын емізіп жатқан ана мен бала бөлімесінде ме? Бала үшін қауіпсіздікті қалай қамтамасыз ету қажет, бізде қауіпсіз жерлерден гәрі қауіпті жерлер көп. («Ойна» балалар институты ҚБ төрағасы, Нұр-Сұлтан қ.)

Психологиялық сипаттағы кедергілерге өзара қарым-қатынастағы проблемалар, әріптестердің психологиялық жағынан сәйкес келмеуі, отбасындағы қолайсыз психологиялық климат, бір немесе екі ата-ананың эмоционалдық тұрақсыздығы жатады.

«Ішкі факторлар – мінездері сәйкес келмеген, уақыт өте келе өзгере бастаған жағдайлар, себебі отбасының ішінде болуы мүмкін» (Әлеуметанушы, Нұр-Сұлтан қ.).

«Тіпті отбасында олар бір-бірімен сөйлеспейді, ата-ана мен балалар арасындағы өзара қарым-қатынас – ең алғашқы фактор. Егер олар балаларымен сөйлеспесе, онда бала анасына бір нәрсе айтуға ұялатын болады. Неге олар азаматтық некеде болады? Себебі ата-аналарына айтуға қорқады. Себебі анасы оған ұрсады немесе әкесі ұрсады. Себебі ол негізі оқу немесе жұмыс істеу үшін кеткен. Ақша таппайды, оқымайды, оның орнына бір еркекпен тұрады. Сондықтан өзара қарым-қатынас жасайды. (Аналар үйінің үйлестірушісі, Нұр-Сұлтан қ.).

Бала асырап алуға кедергілер

Бала асырап алу сияқты өзекті тақырыпқа деген көзқарас сарапшылар арасында біртекті емес. Сарапшылардың бір бөлігінің пікірінше, мемлекеттік органдардың рәсімді жеңілдету жөніндегі күш-жігеріне қарамастан, біздің қоғам мұндай практикаға дайын емес.

«Бала асырап алуға мемлекет барлық бюрократияны жеңілдеті отырып, бала асырап алуды қалай насихаттаса да, теріс қарайды. Қоғам пісіп жетілген жоқ және оған сақтықпен қарайды деп ойлаймын» («Тәлімгерлер» жобасына қатысушы, Нұр-Сұлтан қ.).

Бала асырап алу жөніндегі ұлттық агенттіктің ақпараты бойынша осы саладағы негізгі проблемалық аспектілер «қайталанған жетімдік» жағдайлары, «қайталанған жетімдіктің» алдын алу бағдарламаларының болмауы, заңнамада көзделген асырап алушы ата-аналардың міндетті арнайы даярлығының болмауы және басқа да мынадай бірқатар проблемалар болып табылады:

- жыл сайын ~ асырап алынған балалардың 11 %-ы балалар үйлеріне қайтарылады;

- ұйымдар тәрбиеленушілерінің 40 %-ы кәмелеттік жасқа толғанға дейін мекемеде тұрады;
- заңнамада әлеуетті асырап алушы ата-аналарды міндетті түрде даярлау көзделмеген;
- мекемелер балаларды асырап алушы отбасындағы өмірге дайындамайды;
- отбасыға орналастырғаннан кейін асырап алған отбасыны қолдау жоқ;
- бірге тұру үшін отбасыларды және балаларды іріктеу жүйесі жолға қойылмаған;
- балаларын алып қояйын деп немесе олардан бас тартайын деп тұрған тұрмысы төмен отбасылармен жұмыс істейтін арнайы әлеуметтік қызметтер жоқ;
- «қайталанған жетімдіктің» алдын алу бағдарламалары жоқ .

Бала асырап алуға дайын болмау проблемасын шешу үшін Қазақстанда асырап алушы ата-аналар мектептері бар. Мұнда әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, медицина қызметкерлері, заңгерлер арқылы барлық қажетті ақпаратты алуға болады. Бала асырап алуды немесе баланы тәрбиелеуге алуды жоспарлаған кез-келген ересек адам немесе ерлі-зайыптылар, сондай-ақ асырап алған балаларды тәрбиелеп жатқан адамдар мектептің тыңдаушысы бола алады. Сабақтар шағын топтарда, әркім өз ойын айту, сұрақ қою, бала асырап алған тәжірибелі ата-аналармен және мамандармен сөйлесу үшін құпия түрде өткізіледі .

Сарапшылардың бірі бала асырап алу мәселесіне жалпы балаларға дайындық тұрғысынан қарау керек деп санайды. Бұл жағдайда ақпараттық-ағартушылық және институционалдық жағдайлардың болмауы кедергі болуы мүмкін. Асырап алған баланы тәрбиелеу үшін, мысалы, психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер тарапынан ата-аналарды тиісті даярлауды талап ететіндіктен, бұл мәселеде кешенді тәсіл мен мемлекеттің қолдауы қажет.

«Баланы асырап алуға жалпы баланы тәрбиелеуге дайын болатындай дәрежеде даярлық болуы керек. Асыранды баланың бірқатар ерекшеліктері болады. Асырап алушы ата-аналардың тиісті әлеуметтік, психологиялық қолдау алуы маңызды. Мен бізде ондай қолдау барына және жеткілікті түрде сапалы екендігіне сенімді емеспін» (Психолог, ҚАЗМЗУ, Нұр-Сұлтан қ.).

¹⁶ <http://dom-mamy.kz/kontakty/nau/>

¹⁷ https://egov.kz/cms/ru/articles/guardianship/2Ffoster_parents

Сондай-ақ, сарапшылар көптеген отбасылардың баласыздығының жоғары статистикасына және бала асырап алудың кезегіне сүйене отырып, жалпы қазақстандықтар бала асырап алуға қызығушылық танытып отыр деген пікір білдірді. Бұл ретте респонденттер бұған қажетті анықтамаларды дайындау мен тапсырудағы және рәсімдерден өтудегі әкімшілік кедергілерді, сондай-ақ шенеуніктердің оң шешім қабылдауына жеке жасанды түрде жасалатын бюрократиялық кедергілерді айыптайды.

«Қазақстандықтар балаларды асырап алуға дайын – көптеген баласыз жұптар асырап алу үшін өз кезегін күтуде. Проблемалық аспектілер – бюрократия өте көп. Ата-аналар қажетті анықтамаларды дайындап жатқанда – көп уақыт өтеді және бұл өте қиын рәсім» (Педагог, оқушылар сарайы, Ақтөбе қ.).

Сарапшылардың бірі үлкен жастағы ата-аналар тарапынан бала асырап алуға қызығушылық пен оның нәтиже көрсеткен үдерісін атап өтті, өйткені қорғаншылық органдарының қатаң талаптарын ескеретін болсақ, кейбір жастар өз отбасына балалар үйінен немесе сәбилер үйінен бала ала бермейді.

«Негізінен балаларды орта жастағы адамдар асырап алады, өйткені жастар экономикалық тұрғыдан тұрақты емес. Қамқоршылық органының қатаң қағидалары бар: табыс, тұрғын үй жағдайлары, психологиялық дайындық және т.б. Баладан бас тарту экономикалық жағдайына байланысты» (емхананың әлеуметтік қызметкері, Нұр-Сұлтан қ.).

Сарапшылардың ұсынымдары

Себептері мен кедергілерді анықтау Қазақстанда ата-ана әлеуетін іске асыру проблемасының ауқымын бағалауға көмектеседі.

Кедергілердің түріне байланысты сарапшылар одан шығу жолдарын және ата-ана әлеуетін іске асыру талаптарын жақсартуды ұсынады. Мысалы, білікті мамандар ұйымдастырған курстар арқылы **болашақ және қазіргі отбасыларды оқыту және хабардар болуын арттыру.**

«Отбасылар мен болашақ отбасылар, бала асырап алған ата-аналар үшін білікті мамандар, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер арқылы курстардан өтетін ұйым болса керемет болар еді. (Даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс жөніндегі психолог, Нұр-Сұлтан қ.).

«Асырап алушы ата-аналар мектептерінің тәжірибесімен адамдарға «ата-ана болу деген не», «отбасы қандай қиындықтарға тап болуы мүмкін» деген сұрақтарға жауап беретін отбасылық қатынастар мектебін құру қажет. (Даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс жөніндегі психолог, Нұр-Сұлтан қ.).

Отбасының оң имиджін және табысты адам – отбасылық адамның үлгілерін насихаттау сөзсіз маңызды. Отбасылық құндылықтар, кез-келген басқа құндылықтар сияқты, бейімді және икемді. Сарапшылар мұндай үлгілерді әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратуды ұсынады, бірақ қабылдауға зиян келтіретін шамадан тыс қысымның алдын алу үшін ерікті түрде болуы маңызды.

«Міндеттеу түрінде емес, саналы түрде ата-ана болу мен табысқа жеткен балаларды насихаттау үшін дұрыс үлгі-өнеге қажет. Мүмкін, отбасылық Love story-ді көбірек жасау керек шығар, мысалы, бұрын кеңес заманында әулеттік тәсіл танымал болған, атасы, ата-анасы, немерелері бір фабрикада болған. Мүмкін қазір бұл біздің қоғам үшін қолданылмайтын шығар, бірақ қандайда бір үлгіні көрсетіп отбасынсыз өмірдің толық мәні жоқ, адам жұмыста да, отбасында да өзін-өзі дамыту тиіс дегенді көрсетуіміз керек. Мәжбүрлеп жасатқанның бәрі бойға дарымайды» (отбасы әлеуметтануының оқытушысы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ., Қарағанды қ.).

«Әлеуметтік желілер арқылы, интернеттегі мақалалар арқылы және мектептегі мұғалімдер, отбасындағы ата-аналар да отбасылық құндылықтарды насихаттауы тиіс» (Педагог, оқушылар сарайы, Ақтөбе қ.).

Сонымен қатар, сарапшылар отбасылық құндылықтарды тарату кезінде екі зайырлы және діни көзқарасты араластырмауға, тәрбиелеу, жыныстық тәрбие және медицина саласындағы ғылыми зерттеулер мен жетістіктерге сүйенуге кеңес береді.

«Қараңғылықпен және қазіргі жағдайда зайырлы отбасына кейде келе бермейтін кейбір дәстүрлермен мемлекеттік деңгейде күрескен жөн. «Дәстүрлі құндылықтар» және «ұлттық

модель» тіркесінің өзі қауіпті. Қараңғылық туралы айтқан кезде мәселен, ғылыми идеяларды діни көзқарастарға алмастыруды айтып отырмын. Мысалы, 21-ғасырда отбасын репродуктивті жоспарлау немесе вакцинациялау кезінде ғылыми фактілерге емес, діни факторларға, мифтерге сүйенуге жол берілмейді (Психолог, ҚазМЗУ, Нұр-Сұлтан қ.).

Тәрбиенің маңызды элементі мұғалімнің жалпы ғылыми және педагогикалық тәжірибесін емес, балаға күш көрсетпей және жеке басына тиіспей **баланың тұлға ретінде жан-жақты дамуына** негізделген тәсіл болуы керек. Бұл тәсіл отбасылық саясаттың орталығына – бірінші деңгейдің қайнар көзі ретінде болашақта отбасының басқа мүшелеріне ықпал ететін баланы қояды.

«Біздің жүйе «ауызыңды жап» қағидаты бойынша емес, баланы баспай, оған педагогтың жеке галлюцинациясын міндеттемей, репрессивті емес қағидаттар бойынша болуы тиіс, керісінше, білім беру сыни ойлауды дамытуы тиіс. Содан кейін отбасы институты тартылады» (Психолог, ҚазМЗУ, Нұр-Сұлтан қ.).

Экономикалық кедергілерді жою үшін шаралар кешенін қолдану бойынша ұсыныстар келтіріледі: **жас отбасыларға арналған жеңілдіктерден бастап бала күтімі бойынша материалдық төлемдер деңгейін арттыруға дейін.**

«Жас отбасыларға жеңілдетілген мүмкіндіктер беріледі, бізде ондай бағдарламалар туралы айтылады, бірақ олар өз кезегінде тиімсіз. Жеңілдікпен тұрғын үй беру, балабақшаға кезекті азайту. Бала күтіміне байланысты лайықты төлемді қамтамасыз ету, біз бар, бірде жоқ. («Тәлімгерлер» жобасының қатысушысы, Нұр-Сұлтан қ.).

Табысты шетелдік практика

Өзіміздің және шетелдік тәжірибенің негізінде сарапшылар ата-ана тәрбиесінің үздік әдістері бар бірқатар елдердің практикасына бағдарланған жөн деп санайды. Мысалы тұрмыстық зорлық-зомбылық болған жағдайда балаға әлеуметтік қызметкерді бірден шақыратын АҚШ тәжірибесі тек салдарынан кейін ғана болған істі талқыламай, қауіп-қатерді жоюға қажетті жағдай жасайды.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерін шешу тұрғысынан АҚШ-тың тәжірибесін алуға болады. Онда біреудің шағым жазғанын және т.б. күтіп қажет емес, егер біреу дүкенде және т.б. жерлерде балаға және әйелге қатысты қандай да бір зорлық-зомбылықты байқаса бірден полиция келеді, агрессорды алып кетіп, балаға әлеуметтік қызметкерді шақырады. Яғни алдымен жағдай жасап, содан соң талқылау жүреді. (Тәлімгерлер» жобасының қатысушысы, Нұр-Сұлтан қ.).

Сондай-ақ сарапшылар көптеген батыс елдерінде практикада қолданылатын балаларға көп еркіндік беріп, балаға өзіндік шекарасы мен қалауы бар бар жеке тұлға ретінде қараған жөн деп санайды.

«Мен шетелдегі достарымның балаларын қалай тәрбиелеп жатқанын көрдім. Онда ата-аналар балаларына көп еркіндік береді, олардың пікіріне қызығушылық танытады. Онда біздегідей емес, бала долдана бастаса, ата-анасы ол үшін ұрыспайды, себебі балаға да ашулануға мүмкіндік беру қажет. Онда агрессия аз. (Тәлімгерлер» жобасының қатысушысы, Нұр-Сұлтан қ.).

«Балаға еркіндік беруде және өзін-өзі танытуға мүмкіндік беруде батыстың моделін алуға болады. (Даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс жөніндегі психолог, Нұр-Сұлтан қ.).

Сарапшылардың бірі отбасының толыққанды жұмыс істеуі үшін Германиядағыдай жұмыс күндерін қысқарту және бала күтімі бойынша демалысты әкесіне беру түрінде экорномикалық жағдай жасауды ұсынады. Сонымен қатар Үкімет тарапынан неміс отбасыларын материалдық қолдау бағдарламалары – ана болу бойынша жәрдемақы, баланы бағуға материалдық көмек және тіпті бала 18 жасқа толғанға дейінгі жәрдемақы туралы айтылды.

«Германияның жұмыс күнін қысқарту бойынша тәжірибесі мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктеріне негізделеді. Бізге отбасының кез келген нысанына (жалғызбасты отбасы, көп балалы отбасы) жұмыс күнін қысқарту, әйелге ғана емес, күйеуіне де демалыс беру және т.б. әлеуметтік материалдық емес қолдау алу қажет. Онда әр баланы туғаны үшін 8000 евро төлейді. Германияда барлығы нақты белгіленген, балалардың санына байланысты қандай да бір көтермелеу мен жеңілдіктерге ие бола алады.

Онда қолдау мықты» (Отбасыны әлеуметтендіру оқытушысы, Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды қ.).

Сарапшылардың арасында әйгілі ұсынымдардың бірі Ресей Федерациясындағы ана капиталы бағдарламасы сияқты материалдық қолдау шаралары болды. Ұзақ уақыт бойынша мемлекет тарапынан жас отбасыларға материалдық қолдаудың көрсетілмеу фактісі уәждемеге айналды.

«Жас отбасыларды қолдау практикасы: егер сен көп балалы ана болсаң саған бала күтушіні, подушку безопасности ұсына алады. Ресейдің «Ана капиталы» бағдарламасы мінсіз емес, бірақ жақсы аспектілері бар. Қаржылай қолдау тууға ынталандырады. Жоғарыға ұмтылатын жастарды қолдау қажет және тұтынушылар ұрпағы емес, жасампаз ұрпақ өседі. (Тәбие жұмысы бойынша оқу ісінің меңгерушісі, Қосымша білім беру мектебі, Нұр-Сұлтан қ.).

«Ресейдегі ана капиталы түріндегі материалдық көмек немесе 3 жасқа дейінгі жәрдемақы сияқты қарапайым көмек бала тууды арттыруға ықпал етеді. Біз сәл ғана қол ұшын созсақ, кез келген отбасы екінші, үшінші, төртінші баланы тууға дайын, себебі адамдар мемлекеттің қолдауын сағынған. Практика көрсеткендей, Ресейде ана капиталы өте жақсы нәтиже берген» (Отбасыны әлеуметтендіру оқытушысы, Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды қ.).

Сондай-ақ сарапшылар тұруға және оқуға қаржылай қолдау көрсету арқылы ғылыми қызметпен айналысатын жас отбасыларға жағдай жасау бойынша Сингапурдың тәжірибесін ұсынды.

«Сингапур тәжірибесі... Ғылыммен, оқумен айналысатын жастарға пәтер сияқты артықшылықты ұсына отырып, өздері ақшасын төлей алмайтындарға оқуын төлеп беріп, балалы болуға мүмкіндік береді» (Педагог, Оқушылар сарайы, Ақтөбе қ.).

Институционалдық қолдау шаралары ретінде сарапшылар әлеуметтік педагогтардың, әлеуметтік қызметкерлердің және полиция қызметкерлерінің жұмысын қоса алғанда АҚШ-та жас ата-аналарды қолдау бойынша арнайы қызметтердің жүйесін ұсынады.

«Американдық тәжірибе бойынша әр мектепте жас (жеткіншек) ата-аналарды қолдайтын арнайы қызмет жұмыс істейді. Бізде де ондай курстар бар, бірақ көбінесе теориялық деңгейде. Арнайы отбасыларға көмектесетін муниципалды қызметтер деңгейінде арнайы бригада бар. Олар мультитәртіптік бригаданың бірлескен жұмысын жүргізеді, оның құрамына кәмелетке толмағандармен жұмыс жасайтын инспектор, әлеуметтік педагог, әлеуметтік қызметкер, учаскелік инспектор кіреді. Олар дағдарыстағы, жас, қарапайым және т.б. әртүрлі санаттағы отбасыларға көмектеседі (Емхананың әлеуметтік қызметкері, Нұр-Сұлтан қ.).»

Осылайша, ата-ана болуға қалыптасқан және қайта пайда болған кедергілер талдау жасау үшін тұрақты түрде мониторинг жүргізуді талап етеді. Кедергілердің барлық түрлерін алып тастау үшін мүдделі тараптар, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, денсаулық сақтау және білім беру ұйымдары, әлеуметтік қызметтер және т.б. кешенді жүйелі жұмыс жүргізуі тиіс. Алайда осы бағыттағы басты жұмыс өз проблемаларын шешу тәсілдері мен құралдарының толық арсеналы бар, қандай да бір іс-әрекетті жасай алатын отбасыларда жүргізіледі.

2.2 Ата-ана әлеуетін іске асырудың және ынталандырудың шетелдік тәжірибесі

ДАНИЯ жыл сайын балаларды тәрбиелеу үшін қолайлы елдердің және бала құқықтарын іске асыру деңгейі жоғары елдердің халықаралық рейтингтерінде жетекші орындарға ие болады, сондай-ақ бақыт деңгейі бойынша елдер рейтингінде көшбасшы болып табылады. Даниядағы ата-ана әлеуетін нығайту құндылық-нормативтік, сондай-ақ материалдық және заңнамалық деңгейде жүзеге асырылады. Мемлекет ана мен ата-анаға берілетін демалысқа қолдау көрсетеді¹⁸. Бұл ретте Даниядағы декреттік демалыс қысқа мерзімді болып табылады. Баланың анасына төрт апта жүктілік бойынша демалыс беріледі. Егер ол қоғамдық ұйымда жұмыс істесе, онда сегіз апта беріледі. Ал кейбіреулері дәрігердің ұсынысы бойынша немесе нақты жұмыс жағдайларына байланысты еңбекке жарамсыздық демалысына ертерек шығады. Данияда декреттік демалыстың жалпы ұзақтығы 18 аптаны құрайды, бұл ретте еңбекақының 53% төленеді. Бұл келесі басқа елдерге қарағанда ұзақтығы бойынша көп, бірақ төлемдер мөлшері бойынша аз елдердің бірі болып табылады.

¹⁸ Шалаева С.Л. Отбасылық саясаттағы шетелдік әлеуметтік тәжірибелер // Марийск мемлекеттік университетінің хабаршысы. 2016. Т. 10. № 2 (22).

12-кесте. Елдер бойынша жүктілік пен босануға байланысты демалыс, 2021 ж.


Ел	Төленетін апта	Жалақыдан төленетін төлемдердің үлесі, %	2021 жылғы халық саны
Дания	18	53	5 813 298
Германия	14	100	83 900 473
Жапония	14	67	126 050 804
Норвегия	13	94	5 465 630
Швеция	12.90	77	10 160 169
АҚШ	-	0.00	332 915 073

*Дереккөз: <https://worldpopulationreview.com/country-rankings/maternity-leave-by-country>
(*Елдердің біршама толық тізбесі 5-қосымшада ұсынылған)*

Егіздерді немесе үшемдерді күтіп жүрген анаға бір баланың анасы сияқты декреттік демалыс беріледі. Сонымен қатар балалардың саны декреттік демалыстың төлеміне де әсер етпейді. Егіздердің аналарына бала туғаннан кейін жеті жыл бойы алатын қосымша балалар жәрдемақысы беріледі. Дания елінде балаларға берілетін жәрдемақы 18 жасқа дейін төленеді, ол туғаннан кейін бірден ең жоғары деңгейге жетіп, 18 жасқа қарай біртіндеп төмендейді.

Дания елінің халқы тек есейген шақта ғана ата-ана болуға ниет етеді. Яғни, оларда әйелдердің орташа бала туу жасы 31 жасты көрсетеді.

13-сурет. Дания еліндегі әйелдердің орташа бала туу жасы (жылдар бойынша динамикасы)



Дереккөз: <https://www.statista.com/statistics/575758/average-age-of-women-given-birth-in-denmark/>

Негізінен Дания елінде жүкті әйелдерге деген айрықша көзқарас жоқ. Оларға қалыпты құбылыс сияқты қарайды. Сондықтан барлық әйелдер белсенді өмір сүруді жалғастыра береді, яғни, жұмысқа, сауық кештеріне барады, спортпен шұғылданады.

Данияда «әлеуметтік қызмет туралы» заң әрекет етеді (2014). Заңның бір тарауы балалармен жұмыс істеуге: құқықтарды қорғауға және көмек көрсетуге арналған. Егер бала отбасында өзін нашар сезінсе, егер ол қолайсыз жағдайда өмір сүріп жатса ғана, мемлекет отбасының істеріне араласады. Дания заңнамасына сәйкес, бала ананың құрсағында эмбрионның қалыптасу сатысында да әлеуметтік тұрғыдан қорғалады. Мыса-


¹⁹ <https://www.retsinformation.dk/eli/lta/2014/577>

лы, егер жүкті әйел көп темекі шегетін немесе ішімдік ішетін болса немесе психикалық аурумен ауырса, бұл оның болашақ балаға қамқорлық жасай алатындығына күмән тудырады. Жаңа туған балалары бар отбасыларға баратын арнайы медициналық қызметкерлер санаты бар. Олар ата-аналардың баланы тәрбиелуге және барлық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге қабілетті ме, жоқ па, соны бақылайды. Егер қандай да бір проблемалар туындап жатса, қызметкер өз тарапынан көмек ұсынады. Егер көмек әлі де жеткіліксіз болса, ол әлеуметтік қорғау бөліміне хабарласа алады.

Дания елі балаларға дене жазасын қолдануға тыйым салған соңғы Скандинавия елі болды (1997).

10 жылдағы динамиканы талдау елдегі бала туудың жалпы коэффициентінің (бір әйелге шаққандағы балалардың орташа саны) төмендегенін көрсетеді: 2010 жылғы 1,9-дан 2020 жылы 1,67-ге дейін.

14-сурет. Даниядағы бала туудың жиынтық коэффициенті



Дереккөз: <https://www.statista.com/statistics/611790/fertility-rate-in-denmark/>

Данияда әке болуға ынтызарлық танытқандарға қолдау көрсетіледі. Бала туғаннан кейін анасына 14 апта, ал әкесіне 2 апта ақылы декреттік демалыс беріледі. Сонымен қатар, ата-аналардың екеуіне де өзара бөлісуге болатын 32 апталық декреттік демалыс беріледі. Декреттік демалыстың барлығы төленбейді, дегенмен оның көп бөлігі 100% төленеді. Декреттік демалыс кезінде қанша уақыт толық жалақы алуға болатыны, әдетте, жұмыс келісімшартында көрсетіледі. Декреттік демалыс кезінде жалақы алу құқығы аяқталғаннан кейін, қалған декрет уақытында жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға болады.

Көп жағдайда декреттік демалысты аналар алады, бірақ қазіргі кезде әкелердің көпшілігі декреттік демалысты аналарымен бөліседі. Дания елінде әкелер балалардың дамуы мен тәрбиесіне белсенді түрде ат салысады.

Даниялықтар бақытты болу, кез келген қарапайым қуаныштан ләззат алу, бір-біріне көбірек көңіл аудару және уақыт бөлу, жұмыс пен отбасылық істер арасындағы әр сәтті бағалау өнерін білдіретін «хюгге» ұғымын енгізді. «Хюгге» көбінесе отбасымен және уақытты бірге өткізумен үйлестіріледі.

²⁰ <https://endcorporalpunishment.org/ru/global-progress/>


ШВЕЦИЯ балаларды тәрбиелеудің үздік елдерінің халықаралық рейтингтерінде көш бастап тұрған келесі ел болып табылады.

1979 жылы Швеция балаларды физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтан қорғау туралы заң қабылдаған әлемдегі алғашқы ел болды. Бұл ата-ананың баланы ұруға немесе оған басқаша физикалық күш қолдануға құқығы жоқ, өз үйінде болса да, балаға айқайлауға, дауыс көтеруге құқығы жоқ дегенді білдіреді. Мұндай жағдайларға жол берілсе, ата-аналар қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Ата-аналар балаларға бос уақытты өткізуде еркіндік беруге тырысады. Олардың мектеп жасына дейінгі балалары белсенді ойындар ойнайды — велосипед тебеді, ағаштарға, турникetterге көтеріледі, жүгіреді, секіреді, өзенде шомылады. Осыған қарамастан, Швецияда балалардың жарақаттануының көрсеткіші ең төмен екендігі таңқаларады. Шведтіктер өз балаларының еркін, ұйымдастырылмаған ойындар ойнауына қарсылық білдірмейді және егер балалардың өздері тілек білдірмесе, оларды әртүрлі үйірмелерге жазуға тырыспайды.

Швед отбасылары көбінесе шағын, орта есеппен бір әйелге екі баладан аз келеді. 10 жылдағы динамика Швецияда бала туудың жалпы коэффициентінің жыл сайын төмендеп келе жатқанын көрсетеді.

15-сурет. Швецияда бала туудың жиынтық коэффициенті, 2020 жыл



Дереккөз: <https://www.statista.com/statistics/611790/fertility-rate-in-sweden/>

Мемлекет балалы отбасыларды қолдау үшін көп күш салуда. Швециядағы балаға берілетін жәрдемақы бала 16 жасқа толғанға дейін төленеді. Жәрдемақы екі ата-анаға да бөлінеді және олар салық төлеуден босатылады.

Әрбір ата-ана бала күтімі бойынша 240 күндік демалыс алуға құқылы. Жалғыз басты ата-ана 480 күндік демалыс алады. Уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша жәрдемақы қазіргі уақытта жоғалған табыс сомасының 80%-ын құрайды, дегенмен жақында оның мөлшері жалақының 90%-на жетті. Науқастанудың алғашқы үш аптасында қызметкерлер жұмыс

берушілерден өтемақы алады, олар аяқталғаннан кейін мемлекет жоғалтқан табыс сомасының 77,6% мөлшерінде жәрдемақыға кепілдік береді.

Барлық муниципалитеттерде Швецияның отбасыларына ата-аналарға қолдау көрсетудің үш модулі ұсынылады:

Бірінші модуль: Әл-ауқаттың Солтүстік моделінің дәстүрлері бойынша қызметтердің көпшілігі жан-жақты болуы керек, яғни олар мұқтаждықты тексерусіз барлығына бірдей ұсынылады. Бұл сондай-ақ ата-аналық қолдауға және жүкті әйелдерге арналған қызметтерге, босануға, балалардың денсаулығын қорғауға және кішкентай балалары бар барлық отбасыларға ұсынылатын мектепке дейінгі мекемелердің қызметтеріне қатысты келеді.

Екінші модуль ата-аналарға топтарда қолдау көрсетуді қамтиды. Мақсатты аудитория - бұл өзінің балаларымен немесе ата-ана дағдыларымен қиыншылыққа тап болған ата-аналар. Мысалы, олардың басқа балалармен, ағаларымен, әпкелерімен және ата-аналарымен жиі қақтығысқа түсетін балалары болуы мүмкін. Не болмаса, бұл ата-аналық қабілеттерін жақсартуда қолдау іздейтін ата-аналар. Оған өздері көмек іздейтіндер немесе балалар денсаулығы бағдарламаларының, мамандардың, мектепке дейінгі мекемелердің, әлеуметтік қызметтердің немесе басқа ата-аналардың ұсыныстарын қадағалайтындар жатады. Осындай топтарға басқа ата-аналармен бірге ата-ана болған басшылар да қосылады. Мұндай ата-аналардың топтары аптасына бір рет 2-2,5 сағатқа 10-12 жағдайды талқылау үшін кездеседі. Аталған топтарда ата-аналарды қолдау бағдарламасы бойынша оқытылған 1-2 көшбасшы болады. Оқытудың әдісі – «шағын дәрістер», топтық пікірталастар, рөлдік ойындар мен отырыстар арасындағы орындалатын жаттығулар. Ұсынылатын бағдарламалар: РМТО – ата-аналар құзыреттілігі тренингі (араласу тобы), КОМЕТ – «Байланыс әдісі».


Үшінші модуль мінез-құлқында айтарлықтай проблемалар кездесетін балалары бар ата-аналарға жеке қолдау көрсетуді қамтиды. Мысалы, ұзақ уақыт бойы ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас тұрақты жанжалға айналса, ол бала мен оның сыныптастары арасында немесе бала мен мектепке дейінгі/мектептегі қызметкерлер арасында да көрінуі мүмкін. Отбасы топта ата-ананың қолдауына ие болса да, бұл араласу жеткіліксіз болды. Бағдарламаның мақсаты баланың оң дамуына ықпал ететін ата-аналар мен балалар арасында жағымды қарым-қатынас орнату болып табылады. Ата-аналар ата-аналық дағдыларды және баланы қарым-қатынастың жаңа тәсілдеріне үйретуге қалай ынталандыру керектігін үйренеді. Сондай-ақ, ата - аналар ата-аналық бақылауды қалпына келтіруді және баламен оң қарым-қатынасты дамытуды да меңгереді. Бағдарламаға тәжірибелік жаттығулар

мен үй тапсырмалары кіреді. Ата-аналар мен терапевт емдеу процесінде қол жеткізудің мақсаттарын, ішкі мақсаттарын және стратегияларын анықтайды. Бір сессия 1-1,5 сағатқа созылады, ал сеанстардың саны әр отбасының қажеттіліктерін ескере отырып анықталады²¹.

НОРВЕГИЯДА ата-аналар балаларға ерте жастан бастап норвегиялық сипаттағы ұстамдылық пен еңбекқорлық, үлкендерге құрмет, табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қастерлі көзқарас, бірге жұмыс істей білу сияқты ұлттық қасиеттерге тәрбиелейді. Оларда үйде атқарылатын міндеттерді барлығына тең бөлу тәжірибесі қолданылады. Балаларға келесі міндеттер тізімі ұсынылады: үй жинау, қоқыс шығару, сабақ орындау, ата-аналарға көмек көрсету. Норвегияда әжелер мен аталар немерелерін тәрбиелеуге белсенді түрде қатыспайды. Мұның себебі: норвегиялықтар тәуелсіз болуға дағдыланған және олар үлкендердің көмегіне мұқтаж емес; олардың түсінігі бойынша, ата-аналар тәрбие мен білім беру арқылы өз үлестерін қосты, енді демалуға құқылы.

Норвегияда бала туудың жиынтық коэффициенті жыл сайын төмендеп келеді: 2010 жылғы 1,95-тен 2020 жылы 1,48-ге дейін төмендеген. Сондықтан мемлекет балалы отбасыларға және әке болуға ынталыларға қолдау көрсетеді.

16-сурет. Норвегиядағы бала туудың жиынтық коэффициенті



Дереккөз: <https://www.statista.com/statistics/611790/fertility-rate-in-norway/>

Декреттік демалыстың ұзақтығы - 46 аптаны (100% жалақыны сақтай отырып) немесе 56 аптаны (80% төленеді) құрайды. Декреттік төлемдерді есептеу үшін жүктілік кезінде 6 ай жұмыс істеу керек. Норвегия 1993 жылы «әкелік квоталарды»/fedrekvote қабылдаған алғашқы елдердің бірі: әкелер бала күтімі бойынша демалысқа 14 аптаға шыға алады. Егер әкелер демалыс алмаса, отбасы оған берілген демалысты жоғалтады;

²¹ http://eii.ru/doc/ranee_ymeshatel_stvo_dlya_detej_i_semej.pdf, Солтүстіктегі балалар Балалар мен отбасыларға арналған ерте араласу, Солтүстік әл-ауқат және әлеуметтік зерттеулер орталығы (NVC), қараша 2012 ж.

осылайша, әкенің квотасы демалыс кезеңінің өзі емес, керісінше демалыс кезеңінің белгілі бір бөлігін тек әкелер ғана қолдана алады.

Зерттеулер көрсеткендей, балалармен бірге декретте отыратын норвегиялық әкелер жұмыс істейтін әкелерге қарағанда балалармен көбірек уақыт өткізеді, оларды шомылдырады, тамақтандырады және ойнатады. Әкесі тәрбиелеумен айналысатын отбасында өсетін балалардың әкелері тәрбиеден тыс қалған құрдастарына қарағанда артықшылықтары басым болады. Мысалы, мұндай балалар заңды бұзуға және мектепті тастап кетуге бейімділігі аз, олар ұзақ қарым-қатынаста болғанды ұнатады және жалақысы жоғары жұмыс табады. Бүлдіршіндерді мектепке дейінгі мекемелерге ерте беру әдетке айналған. Егер бала бір жастан екі жасқа дейін балабақшаға бармаса, отбасы бала күтушінің қызметіне қосымша жәрдемақы алады.

ЖАПОНИЯ Даму психологиясының мамандары тәрбие стилінің екі түрге бөледі: проксимальды және дистальды.


Тәрбиенің проксимальды стилі ана мен бала арасындағы тұрақты және ұзаққа созылатын дене қатынастарымен байланысты, ал тәрбиенің дистальды стилі бет-әлпет пен сөз арқылы көру мен қарым-қатынас жасауға көбірек бағытталған.

Жапонияда тәрбиенің проксимальды стилі кеңінен таралған. Осылайша, бірге ұйықтау, бірге шомылу және ана мен бала арасындағы физикалық байланысқа бағытталған ойын қалыпты жағдай болып табылады. Жапон аналары өмірінің алғашқы екі жылында әрдайым балаларымен бірге болады. Орташа алғанда, олар үйден тыс жерде 24 сағат өткізетін американдық аналарға қарағанда аптасына 2 сағат қана баладан алыс уақыттарын өткізеді. Жалдамалы бала күтушілер, баладан алыс кешкі киноға бару немесе тек анасы мен әкесіне арналған демалыс күндері сияқты құбылыстар жапон мәдениетінде мақұлданбайды. Олардың түсінігінше, бала кем дегенде өмірінің алғашқы екі жылында анасының барлық назарында болуы керек. Алайда, заманауи жағдайда ананың үйде тұрақты болуы күн өткен сайын сирек кездеседі, өйткені көптеген әйелдер өздерінің жұмыс орнын сақтап қалуға тырысады.

Жапондықтар ата-ана болуға өте саналы түрде қарайды, жапон әйелдері өте жетілген жаста ана болуды қалайды. Осылайша, 2015 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде Жапонияда бала туудың орташа жасы 31,3 жасқа жетіп, 1975 жылдан бастап өсу үрдісін жалғастырды. Азия аймағында Жапония Сауд Арабиясы мен Гонконгтан, Тайвань мен Оңтүстік Кореяға орын беріп, бала туудың ең жоғары орта жастарын көрсетті.

²² <https://www.genderperspectives.by/events/news/kak-ustroen-dekretnyj-otpusk-v-raznykh-stranakh-mira//>

17-сурет. Жапонияда бала туудың орташа жасы 1950 жылдан 2020 жылға дейін



Дереккөз: <https://www.statista.com/statistics/611773/japan-mean-age-childbearing/>


2020 жылғы деректер бойынша Жапонияда бала туудың жиынтық коэффициенті (бір әйелге шаққандағы балалар саны) 1,37 құрады, яғни Жапониядағы отбасылардың көпшілігі аз балалы болып табылады. Бала туу көрсеткішінің көбін 20-34 жастағы әйелдер қамтиды.

2021 жылғы 26 ақпанда Жапония Үкіметі министрлер кабинетінің отырысында 2022 жылдың қазан айынан бастап ер адамдарға әйелдері босанғаннан кейін көп ұзамай бала күтімі бойынша демалыс алуға мүмкіндік беретін бала күтімі бойынша арнайы демалыс жүйесін енгізу туралы заң жобасын қабылдады. Жаңа жүйеге сәйкес, әкелерге бала туылғаннан кейінгі сегіз апта ішінде төрт аптаға дейін бала күтімі бойынша демалыс алуға рұқсат етіледі. Бұл демалысты 2 бөлікке бөлуге болады. Демалыс кезінде әкелер жұмысқа орналастыру алдындағы жалақысының 67 пайызы мөлшерінде жұмыспен қамтуды сақтандыру бойынша жәрдемақы алатын болады. Тиісті заңдарды, оның ішінде бала күтімі және отбасылық күтімге берілетін демалыс туралы заңды қайта қарау туралы заң жобасы ерлердің бала тәрбиесіне қатысуын ынталандыруға және әйелдердің жұмыспен қамтылуын қолдауға бағытталған.

АҚШ-та әйелдерге тек 12 апталық бала күтімі бойынша демалыс беріледі. Заңнама жұмыс берушілерді декреттік төлемдерді жасауға міндеттемейді. Бірақ оны бәрі бірдей ала бермейді – демалыс тек қызметкерлер саны 50-ден асатын компанияларда жұмыс істейтін және мұндай ұйымда кемінде бір жыл жұмыс істеген аналарға ғана беріледі. Бұл өлшемшарттарға АҚШ-тағы жұмыс істейтін әйелдердің жартысы ғана кіреді. Нәтижесінде, американдық әйелдердің тек он пайызы бала күтімі бойынша демалысты пайдаланады, олардың көпшілігі декретті кем дегенде бірнеше күнге ұзарту үшін әдеттегі демалыс пен еңбекке жарамсыздық уақытын үнемдеуге тырысады.

АҚШ-та бала туудың жиынтық коэффициенті 2021 жылы бір әйелге 1,781 баланы құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 0,11%-ға артық. 10 жыл ішіндегі деректерді талдау осы көрсеткіштің жыл сайын 2010 жылғы 1,98-ден 2020 жылы 1,77-ге дейін төмендеуін көрсетеді.

18-сурет. АҚШ-та бала туудың жиынтық коэффициенті



Дереккөз: <https://www.macrotrends.net/countries/USA/united-states/fertility-rate>

Америка Құрама Штаттарында балалы отбасыларды әлеуметтік қолдаудың бірыңғай жүйесі жоқ. Бүкіл елде, штаттарда және қауымдастықтарда әрекет ететін көптеген үлкен және кіші атаулы әлеуметтік көмек көрсету бағдарламалары жұмыс істейді. Бұл бағдарламалардың мақсаты - отбасылардың ең аз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қаражаттың жетіспеушілігін толығымен немесе ішінара өтеу. Көмек көрсетудің шарттары:

- 1) табысы белгілі бір деңгейден төмен;
- 2) ата-аналардың бірінің болмауы немесе жұмыссыздығы.

Көмек ақшалай түрде (жәрдемақылар мен салық жеңілдіктері) және заттай (қызметтер мен тауарлар) көрсетіледі. Жеңілдіктерді заңсыз пайдалануды болдырмау үшін көмектің заттай түрлеріне басымдық беріледі.

Отбасының мөлшері мен құрамын, этникалық тиістілігін, тұратын жерін, жұмыс орны мен табыс көздерін, білімін, тұрғын үй жағдайларын және т. б. ескере отырып, халықтың әртүрлі топтары үшін кедейлік шегінің көрсеткіштері қажеттіліктерді айқындаудың негізгі өлшем-шарттары болып табылады.

Балалы отбасылар кіретін әлеуметтік көмектің бағдарламалары келесі бағыттар бойынша топтастырылған²³:

1. Салықтық жеңілдіктер.

2. Азық-түлікпен көмек көрсету:

- Мектептегі тегін және жеңілдетілген түскі ас, таңғы ас.

²³ АҚШ-та балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау Г.Ф. Войтенкова, Е.В. Лебедева («Народонаселение» журналында жарияланған, 2007, №4, 94-106 б.) <http://www.demoscope.ru/weekly/2008/0353/analit04.php>;

- 5 жасқа дейінгі балалары бар әйелдер үшін арнайы қосымша тамақтану.

- Күндізгі балалар орталықтарында балаларды тамақтандыру.

3. Медициналық көмек және медициналық қызмет көрсету:

- Балаларды мемлекеттік медициналық сақтандыру (БММС)

- Медициналық қызмет көрсету орталықтары.

4. Тұрғын үй көмегі:

- Аз қамтылғандар үшін әлеуметтік тұрғын үй құрылысы

- Жеке тұрғын үй сатып алуға және салуға субсидиялар.

- Тұрғын үйді жалға алуға және жылытуға субсидиялар.

5. Білім беру бағдарламалары:

- Білім алуға және кәсіби даярлыққа қолдау көрсету.

- Хэдстарт (Head Start) - бұл аз қамтылған отбасылардан шыққан бес жасқа дейінгі балалардың танымдық, әлеуметтік және эмоционалды дамуын жақсарту арқылы мектепке дайындығын қамтамасыз ететін федералды бағдарлама²⁴. Бағдарламалар балалардың тіл үйрену, сауаттылық, әлеуметтік және эмоционалды дамуы сияқты көптеген салаларда дамуына ықпал ететін оқу ортасын қалыптастырады. Head Start ата-аналардың балалары үшін алғашқы және маңызды ұстаздар ретіндегі рөліне айрықша назар аударады.

Әлеуметтік қызметтер:

1) Студент балалар мен жұмыс істейтін мұқтаж отбасыларға уақытша берілетін көмекті (МОУК) алушылардың балаларын күтуді қамтамасыз ету.

2) Бала асырап алуға жәрдемдесу және асырап алушы отбасыларға көмек көрсету.

3) Үйден қашқан және панасыз қалған балаларға көмек.

4) Жасөспірімдерге құқықтық және психологиялық көмек.

5) Қылмыс және тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары болған балаларға көмек көрсету

6) Алимент төлеуден жалтарған әкелерді іздестіру.

АҚШ-та қайырымдылық ұйымдары, жеке бизнес және шіркеу балалы отбасыларға көмектесуде үлкен рөл атқарады. Олар қаржылық қолдау көрсетеді және кішкентай балаларға күтім жасауды өздеріне алады, қиын жағдайларда ата-аналар мен балаларға психологиялық қолдау көрсетеді, білім алуға жәрдемдеседі. Көптеген еріктілер ақысыз қызмет көрсетеді.

²⁴ <https://www.benefits.gov/benefit/1913>

²⁵ <http://www.gutmacher.org/pubs/journals/3221200.html>. Retrieved on 2007-05-23

Мектептерде 5-тен 10-сыныпқа дейінгі кезеңде оқушыларға жыныстық тәрбие беру бойынша сабақтар жүргізіледі. Кейбір мектептер бұл тақырыптарды 3-4 сыныптарда оқи бастайды²⁵. Талқыланатын тақырыптар әр штатта және әр мектептерде әртекті, өйткені бағдарлама туралы шешімдер орталықтандырылмаған. Көптеген штаттарда жыныстық білім беру сабақтарында не үйрететінін анықтайтын және ата-аналарға тақырыптарды таңдауға мүмкіндік беретін заңдар бар. Штаттардың кейбір заңдары бағдарлама бойынша шешім қабылдау құқығын мектептің өзіне қалдырады²⁶. АҚШ-тың 5-10 сыныптарындағы жыныстық білім беру курстарының көпшілігі жыныстық жетілу, АИТВ, жыныстық жолмен берілетін аурулар, ішімдік ішу, жасөспірімдердің жүктілігінің салдары және құрдастарының қысымына қалай қарсы тұру туралы тақырыптарға назар аударады.

АҚШ-та ата-ана тәрбиесі американдықтар үшін маңызды түсінік болып табылады. Американдық менталитеттің негіздері ерте балалық шақтан бастап қалыптасады, мысалы, емін-еркіндік, қиын жағдайлардан үрейсіз шығу және саяси дұрыстық пен заңға бағыну арқылы толық ішкі еркіндік сезімі. Ата-аналар балаларын ерте жастан бастап ынталандырып, алға қойған мақсаттарына жетуге үйретеді. Американдықтар балаларына қолайлы жағдай жасауға ұмтылмайды. Балалар нарық пен бәсекелестік жағдайларына өздері бейімделеді және күнделікті өмірдің шындығына ерте жастан үйренеді.

ГЕРМАНИЯДА жүкті әйелдерді, балалар мен жастарды қорғау және қаржылық қолдау мақсатында балалы отбасыларға жан-жақты көмек көрсетіледі. Жүкті әйелдердің декреттік демалысқа, ана болу бойынша жәрдемақы алуға және жұмыс берушілерге дотация алуға құқықтары заңды тұрғыда айқындалған. Әлеуметтік көмек алатын әйелдер қосымша шығындарға да ақша ала алады. Қайырымдылық ұйымдарында, денсаулық сақтау мекемелерінде кеңес беру орталықтары жұмыс істейді, онда сіз отбасы ала алатын көмектің түрлері мен мөлшері туралы ақпарат ала аласыз. Федералды статистикалық басқарманың мәліметі бойынша, Германияда бірінші бала туған кездегі ананың орташа жасы - 30,1 жасты, әкесінің орташа жасы - 33,1 жасты құрайды²⁷.

13-кесте. Бала туған кездегі Германиядағы ата-аналардың орташа жасы

Баланың тууы	Анасының жасы	Әкесінің жасы
Бірінші бала	30,1	33,1
Екінші бала	32,2	35,2
Үшінші бала	33,2	36,6

Дереккөз: Германияның Федералды статистикалық басқармасы

²⁶ Sex Education in the U.S.: Policy and Politics. Kaiser Family Foundation. October 2002.

²⁷ Германияның Федералды статистикалық басқармасы, 2020 <https://www.destatis.de/EN/Themes/Society-Environment/Population/Births/Tables/mean-age-birth.html>

Германиядағы балаға арналған негізгі жәрдемақы/баланың ақшасы **Kindergeld** деп аталады. Ол отбасында тұратын әр балаға арналған және бала 18 жасқа толғанға дейін ай сайын ата-анасының біреуіне немесе қамқоршысына төленеді. Жеке өмір сүретін бала баланың ақшасын өзінің банк шотына алады²⁸.

Жәрдемақы мөлшері отбасындағы балалардың санына байланысты болып келеді.

Мүгедек балаларға жәрдемақы 25 жасқа дейін төленеді.

2020 жылғы мәліметтер бойынша жәрдемақының ең төменгі мөлшері 204 еуроны құрайды. Отбасындағы балалар неғұрлым көп болса, отбасына соғұрлым Германияның заңнамасында бюджеті күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардың балаларына демеуқаржы қарастырылған (Kinderzuschlag). Егер отбасы әлеуметтік көмек немесе жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алмаса (Arbeitslosengeld-II), ол тұрғын үйді жалға алуға демеуқаржы алуға құқылы (Wohngeld). Балаларға берілетін демеуқаржының ең жоғары мөлшері бір балаға айына 185 еуроны құрайды. Бұл жәрдемақы да, Kindergeld сияқты, отбасылық кассадан төленеді.

Жоғарыда көрсетілген жәрдемақыларды алатын отбасылар, сондай-ақ балалардың біліміне және мектептен тыс іс-шараларға қатысуына байланысты нақты шығыстарын жабуға арналған әртүрлі төлемдерді алуға құқылы.

Мұндай төлемдердің қатарына мыналар жатады:

- Мектепке керек-жарақтар;
- Экскурсиялар, бір немесе бірнеше күнге арналған саяхаттар;
- Мектепке бару үшін көлік шығындары;
- Мектеп асханасындағы түскі ас шығыстары;
- Оқытуды қолдау;
- Қоғамның әлеуметтік және мәдени өміріне қатысу (музыка мектебі, спорт үйірмелері)²⁹.

Балалары екінші ата – анадан алимент алмайтын жалғыз басты ата-аналарға (немесе оларды тұрақты емес немесе ішінара алатын) баланы күтіп-бағуға материалдық көмек көрсетіледі (Unterhaltsvorschuss). Жәрдемақы 12 жасқа дейінгі балаларға төленеді, белгілі бір жағдайларда 12 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға төленуі мүмкін.

Аналық жәрдемақы (Mutterschaftsgeld) бүкіл декреттік демалыс кезінде төленеді. Декреттік демалыс дәрігер белгілеген баланың өмірге келуінен 6 апта бұрын басталады және босанғаннан кейін 8 ап-

²⁸ <https://ru-geld.de/benefits/children-and-families.html>


²⁹ <https://ru-geld.de/benefits/children-and-families.html>

таға созылады, бұл мерзім мерзімінен бұрын босану кезінде 12 аптаға дейін ұзартылуы мүмкін³⁰.

Бала күтіміне байланысты демалыс үш жасқа дейін болуы мүмкін және оны екі ата-ана арасында бөліп алуға болады. Ата-ана мүлдем жұмыс істемеуді немесе жарты жұмыс күніне жұмысқа шығуды (аптасына 30 сағатқа дейін) өзі таңдай алады. Бала күтіміне байланысты демалыс ақы төленбейтін кезең болса да, демалысқа жаңа шыққан ата-аналар ата-ана жәрдемақысын алуға өтініш бере алады (Elterngeld). Осы бюджеттік бағдарлама бойынша жалақының жетіспеушілігін өтеу үшін айына 1.800 еуроға дейін төленеді³¹.

Германияда бала туу коэффициенті 2020 жылы бір әйелге 1,596 тууды құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 0,31%-ға көп.

19-сурет. Германиядағы бала туудың жиынтық коэффициенті



Дереккөз: <https://www.statista.com/statistics/1033102/fertility-rate-germany-1800-2020/>

20 жылдағы деректерді талдаудың нәтижесі бала туудың жиынтық коэффициентінің 2000 жылғы 1,35-тен 2020 жылы 1,59-ға дейін біртіндеп өсуін көрсетеді.

Германияда жастар отбасын құруға асықпайды: олар білім алуды, мансап құруды дұрыс санайды. Бала мен ата-ана қарым-қатынасында өктемшілдік, мәжбүрлеу, ерік-жігер мен іс-әрекетке кедергі жасау мүлдем жоқ. Неміс ата-аналары баламен қарым-қатынаста жасауда өздерін тежемейді. Баланың әрбір жетістігін мадақтап отырады. Ата-аналардың әрбір мақтауы жетістікке, оның маңыздылығына және мөлшеріне байланысты айтылады. Ата-аналардың бұл тәсілі балаға өз қабілеттеріне сенімді болуға көмектеседі, жетістіктердің ауырлығын объективті бағалауға үйретеді.

Шетелдік тәжірибе декретке шығатын әкелердің үлесін арттыруға және тұтастай әке болуға ынталануды дамытуға «әкелік квоталарды»

³⁰ <https://ru-geld.de/benefits/children-and-families.html>

³¹ <https://www.simplegermany.com/parental-leave-germany/>

енгізудің тиімділігін көрсетіп отыр. Шетелдік тәжірибенің басқа да кең таралған бала күтудегі тәсілдері оқу орындарында жыныстық ағарту бойынша сабақтар өткізу, дене жазаларын қолдану практикасынан бас тарту, ерте жастан бастап балалардың дербестігін тәрбиелеу болып табылады.

Ата-ана әлеуетін материалды тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар құндылық-нормативтік деңгейде де нығайту аса маңызды. Жастарды отбасылық өмірге, бір-бірімен және жұбайының (зайыбының) туыстарымен өзара араласып тұруға дайындау жөнінде жұмыс жүргізу, ата-аналарға балалар психологиясының ерекшеліктерін және қайшылықтар мен жанжалдарды тиімді шешу жолдарын түсіндіру қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі таңда мемлекеттік деңгейде ата-ана әлеуетін нығайту және отбасы институтын қолдау бойынша кешенді іс-шаралар атқарылып жатыр. Атап айтқанда, көп балалы отбасылар үшін жәрдемақы мөлшері ұлғайтылды. Барлық отбасыларға материалдық көмектен басқа, қажетті психологиялық, консультациялық, әлеуметтік, құқықтық және ақпараттық қолдау алуға мүмкіндік беру ерекше маңызды. Ол үшін елімізде Отбасын қолдау орталықтары құрылды. Өңірлерде білім беру бөлімдері, балалар үйлері және кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары жанында отбасын қолдау қызметтері жұмыс істейді. Балалар мен олардың ата-аналары адвокаттың, психологтың және басқа мамандардың білікті көмегін ала алады.

Сараптамалық сұхбат алу негізінде ата-ана әлеуетін іске асыру жолындағы кедергілердің 6 тобы анықталды:

1) Экономикалық сипаттағы (экономикалық қиындықтар, жұмысқа орналасудағы және тұрғын үй сатып алудағы қиындықтар, отбасын лайықты күтіп-бағуға қаражаттың жетіспеуі).

2) Институционалдық сипаттағы (денсаулық сақтау, мектепке дейінгі тәрбие, негізгі және қосымша білім беру сапасы мен қолжетімділігі, инфрақұрылымды дамыту (балабақшалардың, медициналық қызметтер мен диагностиканың қолжетімділігі).

3) Ақпараттық сипаттағы (ұрпақты болу денсаулығы, отбасын жоспарлау, ата-ана болу және әлеуметтік қолдаудың қолжетімді түрлері мәселелері бойынша хабардарлықтың болмауы)

4) Психологиялық сипаттағы (серіктестердің психологиялық сәйкессіздігі, отбасындағы қолайсыз психологиялық климат, бір немесе екі ата-ананың эмоционалды тұрақсыздығы).

5) Әкімшілік сипаттағы (сыбайлас жемқорлық және бюрократия, мысалы, балабақшаға кезекке қою, АӘК ресімдеу және мүгедектік алу кезінде).

6) Құндылық-нормативтік сипаттағы (кейбір отбасыларда нақты құндылық бағдарларының болмауы, отбасылық құндылықтарды теңестіру, құндылықтардағы ұрпақтар арасындағы айырмашылық).

Сандық және сапалық деректерді талдау қазіргі уақытта бала тәрбиесінде әйелдің рөлі басым екенін көрсетеді (аналар балалармен көбірек уақыт өткізеді, олардың тәрбиесіне, бос уақытын ұйымдастыруға және оларға күтім жасауға көп көңіл бөледі). Сондықтан мемлекеттік саясат әйелдерге үй шаруашылығын жүргізе отырып, жұмыс істеуге де, оқуға да мүмкіндік беретін жағдай жасауға бағытталуы керек. Қазіргі таңдағы өзекті мәселелер әлі де: кедейлік деңгейін, әсіресе көп балалы отбасылардағы кедейшілік деңгейін төмендету, әйел-аналардың жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру, осал отбасыларды әлеуметтік қолдаудың өзекті шаралары мен оларды алу тәсілдері бойынша халықпен ақпараттық жұмыс жүргізу, бюрократиялық кедергілерді жою болып қалып отыр. Сондай-ақ, «әкелік квоталар» беру және әкелерге тренингтер өткізу арқылы әке болуға ынталануды дамытуға ықпал етуді жетілдіру қажет.

ҰСЫНЫМДАР

«Авторитарлық ата-ана моделінің орнын беделді ата-ана моделі алмастыруы тиіс»

Сарапшылар отбасындағы жазалау шараларын гуманистік шараларға ауыстыру қажеттілігіне қатты назар аударады. Жазалау тәрбиесі сыртқы мәжбүрлеудің болуымен, мінез-құлыққа қатаң талаптар қою жүйесімен сипатталады. Мұндай тәрбиемен адам бірізділікке салынып, дайын қалыпқа, үлгілерге, модельдерге, стандарттарға бейімделеді және дене жазаларын қолданумен сипатталады. Тәрбиенің гуманистік моделі ең алдымен баланың ішкі жан дүниесін зерттеуге және байытуға бағытталған, оның жеке ерекшеліктерін ескереді, дене жазаларын қолдануға қатаң тыйым салынады. Жазалау тәрбиесі бағынуға бағытталған, ал гуманистік тәрбие баланың сыни ойлауы мен тәуелсіздігін дамытуға ықпал етеді.

«Мен шетелде балаларды қалай тәрбиелейтінін көрдім. Онда ата-аналар балаларға көбірек еркіндік береді, олардың пікіріне қызығушылық танытады. Оларда біздегі сияқты емес, бала айқайлап, өзінің мінезін көрсетуі мүмкін, бірақ ата-ана оған ұрсып, дауыс көтермейді, себебі бала да өзінің ішкі дүниесіндегіні қандай да бір амалмен көрсетуі керек қой. Олар агрессияға салынбайды. Әрқашан балаға өзі бір нәрсені жасай алуы үшін мүмкіндік беріп отыру керек, мысалы, бас киімін кию және т.б.» («Тәлімгерлер» жобасына қатысушы, Нұр-Сұлтан қ.).

Тәрбиенің демократиялық стилінде балаға берілетін бостандық басыздыққа айналмауы үшін, ал ұмтылысы баланың қажеттіліктерін ескеру үшін белгілі бір шекараны белгілеу керек.

Мұны сарапшылар басқару бақылауы, баламен қарым-қатынастағы серіктестік деп атайды, бұл тәрбие үрдісінде сәттілікке ықпал етеді. Қорқыныш пен бағынуға негізделген авторитарлық әдістерден айырмашылығы, мұнда ынталандыру мен ынтымақтастық маңызды элементтердің бірі болып табылады.

«Балаларға басшылық бақылауды орнату ерекше маңызды. Бұл баланы мәжбүрлеу немесе ықтиярсыз көндіру дегенді білдірмейді, ол баламен ынтымақтастықта әрекет етуді білдіреді. Сондықтан ересектер мен балалардың қарым – қатынасы ынтымақтастыққа негізделуі тиіс. Баланы әр нәрсеге ынталандырып, ата-анасы оның пікірімен санасып отыруы керек. Бала манипулятор болмауы керек, әркімнің (ата-ананың да, баланың да) өзара пайдасы болуы керек» (Даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс істеу жөніндегі психолог, Нұр-Сұлтан қ.).

«Баланы тәрбиелеу өзара сыйластық жағдайына құрылуы керек, отбасында салауатты қарым-қатынас, ешқандай қысымсыз болуы керек, ең дұрысы кеңейтілген отбасы: бала қарым-қатынасқа қатысатын адамдардың айналасында болуы керек. Шамадан тыс қысымның болмауы, баланың жеке тұлға екенін, оны құрметтейтінін, жақсы көретінін және бағалайтынын түсінуі үшін бәріне барынша құрметпен қарауға ұмтылдырады».

Сарапшылар тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасының өзектілігі және осы проблеманы шешу үшін жүйелі шаралардың маңыздылығы туралы айтады. Бұл мәселедегі неғұрлым маңызды қадам заңнаманы реформалау және құқық қолдануды (құқықтық нұсқамаларды іске асыруды) бақылау болуға тиіс.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін шешу керек. Егер елімізде ана мен бала мәртебесі бұрынғы деңгейде қалса, бұл мәселе ешқашан шешілмейді, өйткені біздің елімізде әйелдер мен балаларға қатысты қоғам барынша агрессивті, оны заңнамалық деңгейде жою қажет, ал тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне мемлекет қолдау көрсетпейді» («Тәлімгерлер» жобасының қатысушысы, Нұр-Сұлтан қ.).

- Отбасыларды әлеуметтік-экономикалық ынталандыру - балаларды тәрбиелеу процесіне әкелердің тартылуын арттыру үшін отбасыларды қолдауға арналған «ана капиталының» аналогын және «әкелік квоталарды» (тек әкелер ғана пайдалана алатын декреттік демалыстың бірнеше аптасын) енгізу мүмкіндігін қарау.

- Балалар инфрақұрылымын дамыту - балалар арбаларына арналған пандустарды дайындау, балалар арбаларымен жеңілдетілген кіру үшін автобустарды техникалық жабдықтауды қамтамасыз ету, балалар мен кішкентай балалары бар ата-аналарға арналған әжетханаларды жабдықтау.

- Білікті мамандар ұйымдастырған курстар арқылы болашақ және қазіргі отбасыларды оқыту және олардың хабардарлығын арттыру.
- Жасөспірімдерді жыныстық ағарту жүйесін енгізу және ұрпақты болу денсаулығы мен отбасын жоспарлау туралы хабардар ету мүмкіндігін қарастыру.
- Дене жазасын қолданудан бас тарту, отбасындағы балаларды тәрбиелеудің гуманистік әдістеріне баса назар аудару.
- Психологиялық көмекке жүгінуді стигматизациялаумен күресу (көптеген отбасылар психологтардың көмегіне жүгінуге және проблемаларын бөлісуге қысылады).
- Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау, зорлық-зомбылықтың қайталанған жағдайларына қарсы алдын алу шараларын әзірлеу. Сарапшылар АҚШ-тың тәжірибесін үлгі ретінде ұсынады, онда балаға дереу әлеуметтік қызметкер шақырылған кезде, қауіпті жою үшін қажетті жағдайлар жасалады және баланың қауіпсіздігі қамтамасыз етілгеннен кейін ғана істің мән-жайы қаралады.
- «Қайталама жетімдіктің» алдын алу және асырап алушы ата-аналарды міндетті арнайы даярлау бағдарламаларын енгізу.
- Бала асырап алу, балаларды балабақшаларға орналастыру, АӘК алу кезінде бюрократиялық кедергілерге қарсы күрес.
- Әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы отбасының жағымды бейнесін және табысты отбасылық адамның үлгілерін насихаттау, бірақ қабылдауға зиян келтіретін шамадан тыс қысымның алдын алу үшін ол еркін түрде жүруі керек.

ЖОБАНЫ ОРЫНДАУДЫҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның атауы	Ұзақтығы
Дайындық жұмысы		10 күн
1	Ғылыми әдебиеттер мен статистикалық мәліметтерге шолу	4 күн
2	Социологиялық құралдарды әзірлеу (зерттеу бағдарламасы, гайд сұхбат)	4 күн
3	Пилотажды зерттеу жүргізу	1 күн
4	Зерттеу бағдарламалары мен құралдарын мемлекеттік тілге аудару	1 күн
Сұхбатты ұйымдастыру және өткізу		20 күн
5	Сарапшыларды іздеу және кездесу туралы келісу	2 күн
6	Сұхбат жүргізу	18 күн
Деректерді өңдеу		22 күн
7	Сұхбаттың транскриптерін дайындау (аудиоматериалды мәтіндік нысанға аудару)	20 күн
8	Зерттеу бағдарламасына сәйкес алынған материалды блоктарға бөлу	2 күн
Деректерді ғылыми талдау және түсіндіру		22 күн
9	Талдамалық есепті дайындау	20 күн
10	Зерттеу қорытындысы бойынша ұсыныстар әзірлеу	2 күн
ЖИЫНЫ		74 күн

2-қосымша

**«АТА-АНА БОЛУ МОДЕЛЬДЕРІ ЖӘНЕ АТА-АНА ӘЛЕУЕТІ»
ТАҚЫРЫБЫНА САРАПТАМАЛЫҚ СҰХБАТ ГАЙДЫ**

Құрметті сарапшы!

*Рухани жаңғыру ҚҚДИ отбасы институтын зерттеу орталығы осы мәселе бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу мақсатында «Ата-ана болу модельдері және ата-ана әлеуеті» тақырыбында сараптамалық сұхбат өткізеді. Біз Сізден осы сұхбатқа қатысып, біздің сұрақтарымызға жауап беруіңізді өтінеміз.
Сізге қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз!*

САРАПШЫҒА АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

- D1. Сарапшының Т.А.Ә.** _____
D3. Лауазымы _____
D4. Мамандандыру _____
D5. Еңбек өтілі _____
D6. Ұйым _____

D7. Қызмет саласы:

- 1) Педагогика/ тәрбие
- 2) медицина
- 3) балалар психологиясы
- 4) мәдениет
- 5) спорт
- 6) әлеуметтік сала
- 7) Басқа (жазыңыз) _____

D8. Ұйымның түрі:

- 1) Мемлекеттік ұйым, мекеме
- 2) Үкіметтік емес қоғамдық ұйым
- 3) Квазимемлекеттік ұйым
- 4) Жеке коммерциялық ұйым
- 5) Жеке кәсіпкер
- 6) Басқа (жазыңыз) _____

СҰХБАТТАСУ СҰРАҚТАРЫ

1. Отбасындағы бақытқа қандай факторлар әсер етеді деп ойлайсыз?
- экономикалық (отбасының материалдық әл-ауқаты, тұрғын үй жағдайлары);

- психологиялық (отбасындағы психологиялық ахуал, ерлі-зайыптылардың психологиялық үйлесімділігі, ерлі-зайыптылардың мінезінің ерекшеліктері);

- әлеуметтік (қоғамдық пікірдің әсері, туыстарымен қарым-қатынас, ерлі-зайыптылар, ата-аналар және балалар арасындағы қарым-қатынас).

- басқа факторлар (денсаулық, экология және т. б.);

Сіз үшін осы факторлардың қайсысы басым және неге?

2. Тәуелсіздік алған кезеңде қазақстандық қоғамда отбасы және отбасылық қатынастар институты қайта құрылды деп айтуға бола ма, қалай ойлайсыз? Бұл неден көрінеді және неге олай болды?

3. Қазақстандық қоғамда отбасылық өмір сүру салтының дағдарыстық құбылыстары туралы айтуға бола ма және ол неден көрінеді?

4. Сіз қалай ойлайсыз, ерлі-зайыптылар және балалар мен ата-аналар арасындағы байланыстардың әлсіреуіне не себеп болады?

5. Отбасындағы әке/ана рөлінің негізгі мақсаты қандай деп ойлайсыз? Баланың әкесі/анасының қандай жеке қасиеттері болуы керек. Баланың әкесіне / анасына сүйіспеншілік дәрежесі қандай болуы керек?

6. Сіз ата-аналардың қандай да бір негізгі құзыреттіліктерін, қасиеттерін бөліп көрсете аласыз ба? Бұл құзыреттіліктерде гендерлік айырмашылықтар бар ма?

7. Сіздің ойыңызша, қазақстандық қоғамда балаларға қатысты қандай қоғамдық ұстанымдар басым?

- балалар – өмірдің мәні;
- балалар – бұл жауапкершілік, қарыз;
- балалар – бұл тәуекел;
- балалар – бұл қоғамдық мойындау;
- балалар белгілі бір мағынада бостандықты шектейді;
- ата-ана болу мансапқа теріс әсер етуі мүмкін;
- балалар – бұл өзін-өзі жүзеге асырудың негізгі жолы;
- балалар – ынталандырушы күш;
- балалар – құдайдың сыйы;
- балалар – бақыт.

8. Сіздің ойыңызша, ата-аналар мен балалар арасында үйлесімді қарым-қатынас орнатуға не әсер етеді?

9. Сіз қалай ойлайсыз, қазақстандық отбасы үшін балалардың қанша саны нормотиптік болып табылады (яғни, көптеген адамдар ұмтылатын балалар саны) және неге? Заманауи қазақстандық жастардың репродуктивті ұстанымдарын қандай факторлар көбірек анықтайды (бала тууға бола ма, қай жаста, қандай жағдайда, қанша бала болуы керек)?

10. Егер Сізге ата-ананың қазақстандық үлгісін жасауды ұсынса, оны қалай сипаттар едіңіз? (мысалы, қазақстандық модельдің батыстан, Ресейден және т. б. айырмашылығы неде?)

11. Сіздің ойыңызша, бүгінгі таңда қазақстандық қоғамда ата-ана тәрбиесінің қай үлгісі басым (дәстүрлі, ортақ, өкілдік және белгісіз)?

**Сұхбат алушы үшін: қазақстандық отбасылардағы рөлдердің бөлінуіне баса назар аудару.*

Нақтылаңыз:

Ата-ана болудың өкілдік моделі – мұндай отбасындағы ата-аналар көбінесе мансапқа ұмтылады, ал ата-ана тәрбиесі жауапкершілігі басқа адамдарға көбірек беріледі.

Ата-ана болудың дәстүрлі моделі – ол көп балалы болуға бағдарланумен және рөлдерді дәстүрлі бөлумен сипатталады, онда әкесі материалдық әл-ауқатқа жауапты отбасының басшысы ретінде қарастырылады, ал анасы балаларды тәрбиелеу және тұрмысты сақтау функциялары болып табылады.

Ата-ана болудың ортақ моделі – бұл балаларға және олардың біліміне басымдық берілетін модель. Ата-ананың екеуі де тәрбиеге бірдей жауап береді, әке мен ананың арасында рөлдерді қатаң бөлу жоқ, олар бір-бірін толықтырып отырады.

Ата-ана болудың белгісіз (ситуациялық) моделі ата-ана рөлімен сәйкестендіру қиындықтарымен сипатталады.

12. Бала тәрбиесіне тек бір ата-ана немесе екі ата-ана да қатысатын отбасыларда ата-ана болу моделі мен ата-ана тәрбиесінің ерекшеліктерінде қандай айырмашылықтар бар деп ойлайсыз?

13. Қазақстандық жастар бала асырап алуға қаншалықты дайын? Осыған байланысты проблемалық аспектілер бар ма?

14. Сіздің ойыңызша, бала асырап алу кезінде бала тәрбиесінде қандай да бір ерекшеліктер болуы мүмкін бе?

15. Сіздің ойыңызша, ата-ана болудың мінсіз моделі қандай болуы керек, қандай басты қасиеттері болуы керек? Балаларды тәрбиелеу процесі қандай қажетті элементтерді қамтуы керек?

16. Сіз қазақстандық отбасылардағы тәрбиенің қандай да бір ерекшеліктерін атап көрсете аласыз ба? Ата-ана әлеуеті қандай компоненттерден тұрады деп ойлайсыз?

17. Оның қалыптасуына не әсер етеді және оны нығайту үшін (жастардың ата-аналық рөлін жүзеге асыру қажеттілігін, дайындығын, қабілеті мен мүмкіндіктерін нығайту үшін) қандай шаралар қолдану керек?

18. Жастардың ата-ана болуға дайындығын арттыру, балаларға қамқорлық жасау құндылықтары мен тәжірибелері жүйесін нығайту, балалар мен ата-ана болу құндылықтарын күшейту үшін қандай жұмыстар жүргізу керек?

19. Егер ата-ана мен отбасылық тәрбие модельдері саласындағы шетелдік тәжірибені қарастыратын болсақ, сіз оның қазақстандық қоғамда енгізуге болатын қандай да бір элементтерін ұсына аласыз ба? Ол біздің қоғам үшін қаншалықты мүмкін болады?

Сұхбатқа қатысқаныңызға алғыс білдіреміз!

«АТА-АНА БОЛУ МОДЕЛЬДЕРІ ЖӘНЕ АТА-АНА ӘЛЕУЕТІ» ТАҚЫРЫБЫНА САРАПТАМАЛЫҚ СҰХБАТ ТРАНСКРИПТИНІҢ ҮЛГІСІ

Құрметті сарапшы!

*Рухани жаңғыру ҚҚДИ отбасы институтын зерттеу орталығы осы мәселе бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу мақсатында «Ата-ана болу модельдері және ата-ана әлеуеті» тақырыбында сараптамалық сұхбат өткізеді. Біз Сізден осы сұхбатқа қатысып, біздің сұрақтарымызға жауап беруіңізді өтінеміз.
Сізге қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз!*

САРАПШЫҒА АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

D1. Сарапшының Т.А.Ә.: Киикова Гаухар

D3. Лауазымы: ҚБ төрағасы

D4. Мамандандыру: педагог-психолог

D5. Еңбек өтілі: Мектепке дейінгі салада 27 жыл

D6. Ұйым: «Ойна» балалар институты ҚБ

D7. Қызмет саласы:

- 1) Педагогика/ тәрбие
- 2) медицина
- 3) балалар психологиясы
- 4) мәдениет
- 5) спорт
- 6) әлеуметтік сала
- 7) Басқа (жазыңыз) _____

D8. Ұйымның түрі:

- 1) Мемлекеттік ұйым, мекеме
- 2) Үкіметтік емес қоғамдық ұйым
- 3) Квазимемлекеттік ұйым
- 4) Жеке коммерциялық ұйым
- 5) Жеке кәсіпкер
- 6) Басқа (жазыңыз) Қоғамдық бірлестік

И: Сәлеметсіз бе. Өзіңіз туралы айта аласыз ба? Аты-жөніңіз, қайда жұмыс істейсіз?

Р: Менің атым Гаухар Киикова. Мен Назарбаев Университетінде білім беру мамандығы бойынша жоғары білім беру мектебінің докторантымын, сонымен қатар «Ойна» балалар институты қоғамдық бірлестігінің төрағасымын.

И: Бұл қандай ұйым?

Р: Бұл қоғамдық бірлестік. Ұйымның мақсаты - ата-аналарды, педагогтарды ақпараттандыру, балаларды ғылыми тұрғыдан дамыту.

И: Бұл педагогика, тәрбие саласы ма?

Р: Жалпы, менің мамандығым адамның дамуы және отбасы туралы ғылым деп аталады. Бұл нақты бір саланы қамтымайды, мұнда педагогика да, тәрбие де, бала психологиясы да бар.

И: Бірінші сұрақ. Отбасындағы бақытқа қандай факторлар әсер етеді деп ойлайсыз? Экономикалық, психологиялық, әлеуметтік немесе өзге факторлар?

Р: Шын мәнінде, менің ойымша, мәселе өте күрделі, дегенмен, егер түпкі негіз ретінде қарастыратын болсақ, мен психологиялық фактор деп ойлаймын. Егер адамдар саналы түрде серіктесті таңдаса, некеге дайын болған кезде, серіктесіне тек үйленіп не болмаса тұрмысқа шығу емес, сол адаммен бүкіл ғұмырын өткізгісі келетінін сезінсе, егер ол адамды серіктес ретінде көретін болса, не олардың кез-келген мәселелерінің шешімі табылатын болса, онда бұл негіздің қалыптасқанын білдіреді, ал қалғанының бәрі, әрине, экономикалық факторларға жатады. Әрине, олар да әсер етеді, бірақ отбасы саналы түрде құрылған кезде, менің ойымша, бұл жерде ойланбаған шешімдер болуы мүмкін емес, мысалы көп балалы болу үшін оларды қалай қолдау керектігін, қалай аяқтарынан тұрғызып жіберу керектігін ойланып қимылдауы тиіс, ал егер адамдар серіктес ретінде некеге тұрса, онда мұндай проблемалар болмауы керек, барлығы келісім бойынша, барлығы өзара ниет етумен жүруі қажет.

И: Екінші сұрақ. Тәуелсіздік алған кезеңде қазақстандық қоғамда отбасы және отбасылық қатынастар институты қайта құрылды деп айтуға бола ма, қалай ойлайсыз? Бұл неден көрінеді және неге олай болды?

Р: Менің ойымша тәуелсіздік алған кезеңнен бері айтып отырған модель бірнеше рет өзгерді, еліміздің әртүрлі өңірлерінде отбасы моделі әртекті, адамдар да бірдей емес. Меніңше, қазіргі уақытта бірнеше түрлі нұсқалар бар, дәстүрлі отбасылар оңтүстікке, батысқа қарай, тіпті орталық

өңірлер мен солтүстіктегі үлкен қалаларда да біршама сақталады. Модель эгалитарлық отбасы моделіне қарай аздап өзгеріп келеді, бұл кезде ерлі-зайыптылар серіктес ретінде, неғұрлым саналы некеге кеш отырады, ақыл-ойлары толысып, жетілген кезде ата-ана болуға ниет білдіреді. Отбасындағы бала саны да бізде әртүрлі, бұл да отбасы моделіне байланысты келеді. Бірақ, соңғы кездері отбасында бала санын көбейтуге деген құштарлық артып келе жатқсан сияқты, бұл мен үшін өте таңқаларлық құбылыс.

И: Қазақстандық қоғамда отбасылық өмір сүру салтының дағдарыстық құбылыстары туралы айтуға бола ма және ол неден көрінеді?

Р: Меніңше иә, бұрындары адамдар тыныш қана өмір сүріп, барына қанағат десе, ал қазіргі қоғам өткенмен салыстырғанда қатты өзгерді, тіпті кей отбасылар немесе адамдар бір іспен айналыспай бірнешеуін қатар алып жүріп, бәріне үлгергісі келетіндер де бар. Дәстүрлі отбасында әйелдер жұбайымен тең болғысы келеді, білім алуға да, жұмыс істеуге де, балаларды қарауға да үлгеруге тырысады. Мен мұндайды құптамаймын, адам бір уақытта біздегі сияқты супер-келін бола алмайды, бәрін жасап үлгеру, оның ішінде білім алу, жұмыс істеу, балаларға қарау және т.б. үнемі қатар алып жүру мүмкін емес. Бұл әйелдерге психологиялық тұрғыда қатты әсер етеді, ол шаршап-шалдығады, қажиды, осының бәрі жиналып келіп түрлі ауруларға ұшыратады, т.б. Сондықтан, мен осындай кезеңді дағдарыс дер едім, мен әйелдерге қалай да бір жақты таңдауды ұсынар едім, әйел адам дәстүрлі отбасының қорғаушысы, ұйымдастырушысы, ұйытқысы, ал ер адам табыс табушы болуы керек. Бірақ, әйелден ол әлі жұмыс істеуге және ақша табуға уақыт табады деп күтпеу керек. Егер әйел жұмыс істеп, ақша табатын болса, онда екі серіктес отбасына қаржылық жағынан ғана емес, сонымен қатар бала күтімі, үй күтімі, тұрмыстық міндеттер тұрғысынан да бірдей күш салса, бұл адал, әрі әділетті болады.

Міне, осы жағдайларда меніңше, анда да мында да үлгеремін деп, отбасында қандай да бір дағдарыстың пайда болғанын байқамай қалады. Бұл әрине, менің жеке қарапайым ойларымның бірі ғой, осыдан барып бізде отбасыларды ажырасып кету факторлары да үдеп келеді, әйелдерден бәрін күтіп отыра беруге болмайды, олар бәріне бірден үлгеруге тырысқанымен уақыт өте келе ұзаққа созылмай мұндай ауыртпалықтарға төтеп бере алмай морт сынуы мүмкін. Қазіргі кезде жастар үйленген соң, әйелдердің білімі жақсы болса, оған «сен неге үйде отырсың, жұмысқа неге шықпайсың» деп жан-жақтан түрткілеу басталады, яғни отбасы мен туысқандары тарапынан қыспаққа алынады. Менің ойымша бұл дұрыс емес, өз-өзіңді қолға алып бір бағытты таңдау, сол бағытты ұстану қажет.

И: Сіз қалай ойлайсыз, ерлі-зайыптылар және балалар мен ата-аналар арасындағы байланыстардың әлсіреуіне не себеп болады?

Р: Бұл біздің отбасымызда, күнделікті кейбір нәрселерде ер адамдардың тарапынан назардың жеткіліксіз болған кезде байқалады, яғни бізде ер адам балаларымен бірге әйелге көмек ретінде ғана емес, тұрақты негізде баланы қарауға көмектесуге бағытталған норма жоқ, шынымен де солай, әйелдер қандай да бір іспен айналысса, еркектер де үйдегі шаруамен, балалармен айналысуы керек, бәрі тепе-тең атқарылуы тиіс деп ойлаймын. Бізде мұндай норма жоқ, бізде мұның бәрі әйелдердің міндеті деп саналады, тіпті қазіргі заманғы, жетілдірілген заманда да, әйелдердің міндеттері бөлек, ерлердің міндеттері де бөлек. Егер ерлі-зайыптылар бұл туралы алдын ала келіссе, бұл екеуін де қанағаттандыратын болса, қалыпты жағдай, бірақ соңында бізде келісім бойынша ештеңе орындалмайды, содан бір-бірін күтеді, кейін еркектер өз балаларының тәрбиесіне аз уақыттарын ғана арнаса, бұл ақырында ерлі-зайыптылар арасындағы байланысқа әсерін тигізеді. Менде мынадай жағдай болды, менің үлкен балам үш жаста болған кезінде мені іссапарға жіберді, мен баланы осыған дейін шамамен екі ай бұрын кеудеден айыреанмын, бір аптаға ұшып кеттім, ал баламен әкесі қалды, күйеуім артынан осы жағдайдың оған оң әсер еткенін айтты, яғни баламен қарым-қатынасы жақсара түскен. Олар бірге ұйықтады, өзі тамақтандырды, күнделікті бос уақыттарын бірге өткізді, осының бәрі-бәрі әке мен баланың арасында жағымды қатынас орнатты, барлық әкелер осындай бір сәттерден өтуі керек. Сондықтан, аналар тым болмаса бір аптаға немесе бір-екі күнге демалыс алып, бір жаққа кету керек. Себебі бұл әкелер үшін үлкен көмегін тигізеді, олар амалсыз бәріне көніп, баламен қалады, әкеге бала екеуінің арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді. Күйеуім сол кездерді әлі күнге дейін қуанышпен еске алады, өзінің түні бойы алаңдағанын, оның ұйқыдан тұрғанын, тамақ сұраған кездерін айтып отырады, меніңше осындай маңызды сәттерде әкелер баланың қасында болып бәрін сезінуі тиіс. Қазіргі кезде осындай әкелер көп, дегенмен әлі де көбейе түскенін қалар едім.

И: Отбасындағы әке/ана рөлінің негізгі мақсаты қандай деп ойлайсыз?

Р: Менің жеке пікірім, тағы да айтып өтемін, әке мен ана бірінші кезекте серіктестер болып келеді, олар отбасын құруға келіседі, олардың міндеттері қалай құрылатындығы туралы уағдаласады және екеуі де бала тәрбиесіне бірдей қатысуы керек. Менің ойымша, бала әкесімен де, анасымен де жеткілікті уақыт өткізуі керек, әкенің белгілі бір жеке рөлі, ананың жеке рөлі болу керек деп ойламаймын, олардың бала тәрбиесіндегі ролдері бір-бірінен қатты ерекшеленбеуі қажет, баланың жынысына қарай кей кезде болады, ұлға әкесі көптеу көңіл бөлсе, қызға анасы көп көңіл бөлу к-

рек деген, бірақ бұл да жалпы алғанда, екі ата-ананың да бірдей рөлі болуы керек деп ойлаймын, ең алдымен ата-аналар арасында сенікі, менікі деген болмауы керек. Мен бала шағымда есімде қалғаны анам ананы да мынаны да мен үшін істеп жататын, ал әкем бір бос орын сияқты, үнемі жұмыста, үйде болса диванда жатады, менің әкем туралы есімде қалғаны осы, мұндай естеліктер балаға не береді, білмеймін, ата-аналардың бірге жүріп, бала тәртібіесіне араласқан, жайма шуақ қуанышты сәттердің көп болғаны абзал.

И: Баланың әкесі/анасының қандай жеке қасиеттері болуы керек?

Р: Біздің қоғамдағы ең үлкен мәселе, ересектер балалы болу туралы жауапкершілікті алып, шешім қабылдаған сәтте, олар ендігі уақытта әрбір қадам – осыдан да он есе көп жауапкершілікті талап ететінін жақсы түсініп, сезіне білуі тиіс. Олар жүктілікті жоспарлауға, отбасында жаңа туатын сәбиді күтуге, оны қалай күтіп бағатындарына, оған қандай қажеттіліктерді өтей алатындарына жауапкершілікті өз мойындарына алады, бұл тұтастай алғанда басқа адамның өмірі ғой, сонымен қатар өмірдің барлық негізі ең алдымен отбасынан басталады, басқа бір жерде емес, дәл осы отбасында қалыптасады. Меніңше мұны көп адамдар түсіне бермейді, бала туу керек пе туады, ал одан әрі ең басты қиындықтары басталады, бізде бұл туралы ешкім жиі ойланбайды, соңғы кездері мені бұл мәселелер қатты толғандырып жүр, тіпті кейде қынжылып кетемін, оған айналамда кездесетін, машинада белдігі салынбай отырған, машина ішінде көп сөйлейтін балаларды көргенде шыдамай кетемін, осы бір-екі күнде болған жағдай, кішкентай бала машинаның терезесінен құлап кетті, жанып кетіп жатқан үйлер, айта берсең толып жатыр, бұндай жағдай үнемі болып тұрады. Бұл жерде ең алдымен әр нәрсеге ата-ана жауапты, басқа ешкім де жауапты емес, мемлекет те, әкімдік те жауапты емес, кім баланы белдігін тақпай машинаға отырғызады – ана-ана, кім машинаның терезесін ашық қалдырады – тағы да ата-ана, кім үйде қауіпсіздік ережелерін сақталуы үшін қамқорлық жасамайды тағы да ата-ана, яғни тек ата-ана ғана баланың өмірі мен қауіпсіздігі үшін бәріне жауапты болады. Иә, кей кезде мемлекет қандай да бір көмек көрсетуі керек, ол дұрыс, дегенмен ата-аналар ересек адам бола отырып, өзінің баласына бірінші орында жауапты тұлға болып табылады, бұл заңмен де қарастырылған. Өкінішке орай, бізде бұл туралы адамдар жиі ойланбайды, мен кейде өзімнің әлеуметтік желідегі достарымнан балалары машинаның салонында көп сөйлеп, ата-аналардың көңілін бөліп отыратынын жиі кездестіремін, мұндай жағдай менің қатты ашуымды келтіреді, себебі балалар ересектердің қателігі үшін жауап бермеуі керек. Кейде бір отбасында балалар ата-аналарының абайсыздығынан қайтыс болып жатқан кезде, қоғам ата-аналарға аяныш білдіреді, ата-аналарға да аяныш білдірген жөн шығар, ал баланы

кім аяйды, бала осындай жағдайға өзі тап болған жоқ қой. Мен ата-аналардың балаға деген жауапкершілігін күшейте түсу керек деп ойлаймын, шын мәнінде, баланы оның ата-аналарынан басқа ешкім де қорғамайды, десек те, ата-аналары баласына қарамаса, бала өз бетімен қорғаусыз қалады.

И: Баланың әкесіне / анасына сүйіспеншілік дәрежесі қандай болуы керек?

Р: Сүйіспеншілік – бұл балаларға аман қалуға мүмкіндік беретін ең негізгі сезім, инстинкт, инстинкт әртүрлі болып келеді дейді, бала туғанда ең маңызды, негізгі инстинкті, ынтықтық инстинкті қалыптасып тұмайды, оған тірі қалу үшін қасында ересектер болуы керек, егер баланың қасында ересектер болса қалғанының бәрі де орындалады, егер бала ересектерге ынтықтық сезімімен жақын болмаса, ол аман қалуы неғыбайыл.

Сондықтан бала үшін ең негізгі инстинкт - бұл сүйіспеншілік, біз қоғамда бала бетімен жіберілген, оны қолға үйретпеу керек дегенді жиі естиміз, мұның бәрі балаға ересектермен жақындық қажет дегенді білдіреді, егер ол көп қолда болғысы келсе, егер оған көбірек назар аударуды қажет етсе, яғни оған соншалықты қажеттілік керек деген сөз, әр баланың қажеттілігі әр түрлі. Сондықтан бұл өте маңызды, егер түпкі негіз қалыптасса, ол баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, бала қасында өзі үшін маңызды, сенім артуға болатын ересек адам бар деген сезіммен өссе, ол өзін әрдайым қауіпсіз сезінеді. Тиісінше, ол өзінің барлық қасиеттерін қауіпсіз дамыта алады, эмоционалды даму, әлеуметтік даму және кейбір дағдылар одан әрі дами түседі, бірақ олардың бәрі басты негізге бағдарлануы керек. Баланың қауіпсіздік сезімі болмаған кезде, ата-анасы оны ұрып-соғып, үнемі ұрысса немесе қолына алып, жақын тартпаса, баладан осы жаста жасай алатынан гөрі көп нәрсені талап ететін болса, бұл кейінірек психологиялық тұрғыдан қатты әсер етеді.

И: Сіз ата-аналардың қандай да бір негізгі құзыреттіліктерін, қасиеттерін бөліп көрсете аласыз ба? Бұл құзыреттіліктерде гендерлік айырмашылықтар бар ма?

Р: Құзыреттілік тұрғыдан алғанда мұның бәрі жүре қалыптасатын қасиеттер, яғни кейін пайда болатын дағдылар. Сондықтан мұнда гендерлік айырмашылықтар жоқ, кез келген адам кез келген дағдыны меңгере алады, мәселен, әйелдер де машинаны жақсы айдай алады, мұның бәрі дағдыланумен келеді, сол сияқты ерлер де әйелдер жасайтын істі үйіріп әкетуі мүмкін, мәселен, тамақ пісіру, дегенмен біз еркектердің әйелдерге қарағанда тамаша ас әзірлей алатынын жақсы білеміз, тағы да қайталап айтарым, мұның бәрі дағдыланумен қалыптасады, оны әрі қарай дамытуға да болады. Сол сияқты ата-ана құзыреті, қасиеттері де дағдылану-

мен келеді, адамдар оны дамытып, жетілдіруі керек, егер дамытқылары келсе ең алдымен жауапкершілік сезімдерін арттыруы тиіс, себебі ата-ана болу – жауапкершіліктен басталады.

Махаббат деген – әрине, құзырет те емес, дағды да емес, бұл ерекше сезім, мен кез келген ата-ана егер ол психикасы дұрыс ата-ана болса, өзінің баласын жақсы көреді дегенге сенемін, баланың айтқанын тыңдай білу, оны сезіне білу дағдылары, ата-аналар баласының өміріне жеткілікті түрде араласқан кезде, олар баласының көңіл-күйі қалай өзгеретінін қадағалай алады, сен оған бірдеңе болғанын бірден сезінесің, оны баланың өзін-өзі басқаша ұстауынан байқайсың, міне, осындай бір байқалмайтын елеусіз сәттер, меніңше, ата-аналардың бойында болатын ерекше дағдылары мен қасиеттері, оны кез келген ата-ана дамытып отырса, сол кезде біз бала қандай да бір қиын жағдайға тап болғанда дереу көмек бере аламыз, сонымен өзіміздің балаға қаншалықты көңіл аударатынымызды, сезінетінімізді көрсетеміз, қолдай отырып, оның қауіпсіздігін одан сайын арттырамыз, ал бала есейген шақта, егер оның негізі мықты болса, ол отбасынан ешқашан алшақтамайды, өмірде де жолы болғыш келеді.

И: Сіздің ойыңызша, қазақстандық қоғамда балаларға қатысты қандай қоғамдық ұстанымдар басым? балалар – өмірдің мәні; балалар – жауапкершілік, қарыз; балалар – бұл тәуекел; балалар – бұл қоғамдық мойындау; балалар белгілі бір мағынада бостандықты шектейді; ата-ана болу мансапқа теріс әсер етуі мүмкін; балалар – бұл өзін-өзі жүзеге асырудың негізгі жолы; балалар – ынталандырушы күш; балалар – құдайдың сыйы; балалар – бақыт.

Р: Меніңше, бала – өмірдің мәні, бұл әрине, ең негізгі көзқарастардың бірі, өкінішке орай, ол көбінесе жауапкершілікті балаларға жүктейді, баланы өз өмірінің мәніне айналдырғандай, біз оған өз өмірі үшін жауапкершілікті жүктейміз, содан кейін мен саған бар өмірімді салдым, ал сен әлі де ризашылық білдірмейсің деген сияқты жағдайлар туындап жатады. Балалар – бұл ынталандырушы күш деген көзқарас та жақсы айтылған, дегенмен өмірден алынған оқиғаларға қарасақ, тағы да ынталандырушы күш барлық адам үшін бірдей емес, балалар – құдайдың сыйы көзқарасына келсек, өмірде қазіргі заманда саналы ата-ана болу қағидаты біршама қарқындап келе жатқан сияқты, бұл менің пікірімше, яғни ата-ана болуды алдын ала жоспарлайды, ал құдайдың сыйы деу жүктілікті жоспарламаған кезде өзінен жауапкершілікті алып тастау үшін айтылатын сияқты, яғни алла тағала қанша берсе, сонша бала болады деген көзқарас ересектердің жауапсыздығын көрсетеді. Ал қалғандары, меніңше, ерекше басым болып табылмайды, әрине, әр адамның пікірі алуан түрлі.

И: Сіздің ойыңызша, ата-аналар мен балалар арасында үйлесімді қарым-қатынасты орнатуға не әсер етеді?

Р: Бұл баланың жасына байланысты, егер ең басынан бастасақ, онда бұл баланың сүйіспеншілік сезімі, балаға қорған болу, ересек бала үшін дос емес, не болмаса тағы басқа біреу емес, ол ең алдымен бала үшін оның ата-анасы, ендеше, ол баланың сүйенетін тірегі, егер бала өзінде сүйенетін тірегі бар екенін сезінсе, бұл дұрыс, ол солай болу керек, ата-ана балаға қандай да бір шектеулер қояды, бірақ оны өзінің махаббатымен, сүйіспеншілігімен әрдайым баурап отыруы керек, егер бала мен ата-ана арасындағы қатынас жақсы дамыса, ата-ана баласын түсінсе, тыңдай білсе, есейе келе біртіндеп баласына жауапкершілік міндеттерін игерте бастайды, жалпы алғанда, ата-ана болу да ерекше бір дағдылардың бірі, жай ғана дағды емес, бұны өнер деп те айтуға болатын шығар, ата-ана болу өздігінен болмайды, себебі біз ата-ана болуға шешім қабылдадық қой, сол себепті біз бәрін зерттеп-білуіміз қажет, әдейі дайындалу керек, осы саланы зерттейтін тұтас бір ғылыми бағыт, ғылыми зерттеулер бар емес пе. Меніңше, ата-ана ең алдымен дайындалуы керек, сонда оған бұл рөлді орындау әлдеқайда жеңіл болады. Сонымен қатар, ата-ана мен бала арасында сенім болуы қажет, менде ұлым екеуіміздің арамызда мынадай бір оқиға болды, біз Америкада пәтер жалдап тұрдық, балам бірдеңені кілемге төгіп алыпты, ал ол үйдің еденіне тұтас ашық түсті ковролан төселген, оны алуға, жууға болмайды, егер бірдеңесі бүлінсе, кейін біраз мөлшерде айыппұл төлейсің, ол бірдеңені төкті де, оны үстінен жауып қойып, маған ештеңе де айтпады. Мен әрине, қатты ашуландым, ұрыстым, неге олай істедің, неге маған айтпадың деп айқайладым, ол болса маған ештеңе айта алмай жылады, мен осы сәтте өзімнің айқайыммен қатты кеткенімді сезіндім, баламды қорқытым алдым. Кейін екеуіміз асықпай отырып, әңгімелескен кезде ол маған айтса мен оған ұрсатынымды ойлап, айта алмай қатты қорыққан екен, алайда, біздің арамызда бұрын мұндай болған емес, ал мұндай қақтығыс біз үшін ерсі көрінді, сол сәтте мен өзімді сабырға шақырып, өзіме баламның көзімен қарай бастадым, егер менің балам анасынан қорықса, бұл дұрыс емес, өте-мөте дұрыс емес. Құдайға шүкір, бұл тек бір ғана оқиға болды, біз жақсылап сөйлестік, мен оған оны түсінгенімді, оны қорқытқым келмегенін айттым, өз-өзімді ұстай алмаған себебімді айтып түсіндірдім, енді бірге осы дақты кетіріп көрейік дедім, сөйтіп балам тынышталды, міне осы бір балаға ұрысқаннан кейінгі сәтті адамдар жіберіп алады, ашу тарқаған соң бір-бірімен сөйлесіп, жағдайды түсіндіріп, талқылап, баланың пікірімен бөлісіп, түсініп отыру керек, әйтпесе бала ата-анасынан қорқып өседі. Әрине, ол өскен кезде, оның жасөспірімдік шағы басталғанда, сенім туралы айту қиынға соғады, сондықтан бала ата-аналары білмейтін бірдеңені жасаған кезде, қатты таңқалып жатады, балалар, әсіресе жасөспірімдер көп нәрсені айтпай, жасырып қалады. Өзіміз де жасөспірім шақтан өттік, бұл кезеңде сенімнің рөлі ерекше маңызды, кейбір ата-аналар өзінің баласының алдында кешірім

сұрамауым керек, бала алдындағы беделім төмендеп қалады деп ойлайды, шын мәнінде бұл дұрыс емес, барлық адам қателеседі, өзінді әлі де сенім артуға болатын ата-ана ретінде көрсете отырып, қатеңді мойындай білу керек. Ал бала өзінің ата-анасынан қорықпауы керек, бала әрдайым үлкендерге сенім артуы тиіс.

И: Сіз қалай ойлайсыз, қазақстандық отбасы үшін балалардың қанша саны нормотиптік болып табылады?

Р: Меніңше, қандай да бір шек қоятын норма жоқ, әр отбасы шамасы келгенше, қалағандарынша балалы бола алады, өздері жақсы негізді жағдайлармен қаншалықты қамтамасыз ете алатынын әркім жеке сезінуі керек, мен материалдық жағдай дегенде машина, пәтер алып беру керек деп отырғаным жоқ, бірақ ең басты адамгершілік құндылықтарды, балаға жағдай жасауды жөн деп ойлаймын, мәселен, бір отбасы бес баласы болғанын, біреулер тек бір баламен, ал кейбіреулері үшін баласыз өмір сүру де норма болып табылады, шешімді әр отбасы өздері қабылдайды.

И: Бұған дейін сіз дәстүрлі отбасыларда балалар көбірек, ал басқаларында аз деп айттыңыз

Р: Бұл өзі қандай да бір тренд шығар, үнемі өзгеріп отырады, егер бұрын дәстүрлі отбасында балалар көбірек, ал біршама заманауи отбасыларды бір, екі баладан деп айтқан болсақ, қазір бұл өзгере бастады, менің үш баладан артық, төрт, бес баласы бар достарым, таныстарым көп. Біздің ата-балаларымыз қазақ отбасы – үлкен бір отбасы деп айтқандай, шынында да солай шығар. Мен өзімді көп балалы болғым келеді деп айта алмаймын, өйткені мен ата-ана болуға әбден ойланып келемін. Мен үш балам болғанын қалаймын, әзірге біздің екі баламыз бар, біз тіпті үшінші балалы болу туралы нақты шешімге келген жоқпыз, себебі бұл аса маңызды қадам. Оны жан-жақты ойланып аттаған жөн.

И: Заманауи қазақстандық жастардың репродуктивті ұстанымдарын қандай факторлар көбірек анықтайды (бала тууға бола ма, қай жаста, қандай жағдайда, қанша бала болуы керек)?

Р: Меніңше, қоғамдағы жастар да сан аулан түрлі, біреулер үлкен қалаға астаналық жігітке тұрмысқа шығу үшін келеді, ал кейбір жігіттер де өзіне тұрмысы қамтамасыз етілген қыздарды іздейді. Сондай-ақ, мансап жолын таңдайтын жастар да бар, олар дамып-жетілген соң ғана отбасын құру туралы ойлана бастайды, ал енді біреулер бала кезінен үлкен отбасын армандайды. Менің ойымша, мұның бәрі әр адамның үлкен бір жеке-жеке тарихы, олар ешқашан бір-біріне ұқсамайды, егер біз астананы, үлкен қаланы, шағын қаланы, өңірді жеке алып қарасақ, бәрі бір тарих та әртүрлі болады, осы әр жердің өзінің сан түрлі жастары болады. Егер

сен астанада тұрсаң, фейсбукке кіріп, өзіңнің достарыңмен қарым-қатынас жасаған кезде, бүкіл еліміздің, Қазақстанның суреті көз алдына келетін сияқты, шын мәнінде ол олай емес, басқаша қарап көрсек, барлық жастар қазір оқып, білім алғысы келеді, отбасын саналы түрде құруға ұмтылады, ал фейсбуктен тысқары шығып қарасаң, өмірде бәрі басқаша.

И: Егер Сізге ата-ананың қазақстандық үлгісін жасауды ұсынса, оны қалай сипаттар едіңіз?

Р: Бізде қалай, дәстүрді де сақтауға тырысамыз, супер заманауи талапқа сай болғымыз келеді, мұның бәрі отбасы үшін кейде зиян да келтіріп жатады, ең алдымен әйелдер үшін, екі кеменің басын ұстаған суға кетер демекші, бұл мүмкін дұрыс емес те шығар. Дегенмен, мен шетелде тұрып, олардың тұрмыс-тіршілігімен таныс болған соң айтқым келетіні, біздің ең бір мықты қасиеттеріміз бар, ондай қасиеттер тіпті аты ұрып тұрған Американың өзінде жоқ.

И: Сонда айырмашылық неде?

Р: бізде бар қасиеттер оларда жоқ, иә, шынында әрбір адам өзінің шыққан тегін, отбасының әрдайым жанында екенін сезініп жүруі керек, бұл ең басты себептердің бірі. Мен оқуға шетелге кеткен кезде, мен PhD сол жақты бітіргім келді, ол үшін біз әлі де бес жыл сол жақты тұру керек болдық, бірақ біз отбасынан алыс жүруге шыдамадық. Мен үшін отбасы шешуші факторлардың бірі болады деп ешқашан ойлаған емеспін, біз елден тым қашықта болдық, қасымызда не достарымыз, не отбасындағы туған-туысқандар болған жоқ. Менің күйеуімнің отбасы өте үлкен, ол отбасында бесінші бала, ал мен отбасында жалғызбын, дегенмен біздің де отбасымыз үлкен, туған-туысқандарымыз көп. Мен өзімді осындай жағдайда бойжеткеніме етім үйреніп кеткендіктен бе, бертін келе мен өзімнің балаларымды осындай отбасында қандай да бір жан-жақты демеудің дәмін таттыра алмайтынымды түсіндім, олардың қазақша тойға да бармайтыны мен үшін ой салды, десек те бір кездері қазақша тойларды мен де ұнатпайтынмын, бірақ уақыт өте келе шетелде жүргенде осының бәрі халқымның тамаша қасиеттерінің бірі екенін түсінеді екенсің. Қазір мен балаларымның мен сияқты болмағанын қалаймын, әр адам өзінің түпкі тамырын біліп, сезініп жүруі керек, ол үшін алыс-жақын туыстар араласып тұрғаны жөн, бұл біздің ең мықты қасиетіміз. Бүгінде пандемия кезінде әлі де той жасап жатырмыз, былай қарасаң ол да дұрыс емес, бірақ егер жалпы тұрғыда алсақ, біз әрдайым бір-бірімізді қолдап, өзіміздің мақтан тұтатын салт-дәстүрімізді жалғастыра беруіміз керек. Осыдан бес, он жыл бұрын осындай әңгіме қозғалса, мен басқаша айтар едім, ол кезде менің көзқарасым мүлде басқаша болды, әр нәрсенің өзінің уақыты болады дейді ғой, дәл осы Америкада болған екі жыл мені

қатты өзгертті. Мен бұған дейін де Америкада, Англияда тұрдым, ол сәтте менің отбасым болған жоқ, жалғыз өзім, баласыз, әрі жас студент едім. Кейін елге келген кезде үнемі кеткім келіп тұратын, отбасымды алып кетіп қалдым, алыста жүрген кезімде қасымда күйеуім мен балаларым болса да, мен өзімді жалғыз сезіндім, көңіл-күйім болмай жабығып жүрдім, жанымда достарымның да, туған-туысқандарымның да орны босап тұрды. Осының бәрі қарапайым болып көрінгенмен, олардың қасында болмауы қатты әсерін тигізеді екен. Сондықтан біз өзімізде бар осындай құндылықтарды сақтап қалуымыз керек. Қазіргі заманғы жастар отбасынан алыс кетіп, өз бетінше өмір сүргісі келіп жатады, тойларға барғысы келмейді, тіпті туған-туысқандармен аралас-құралас жүргенді ұнатпайды, егер отбасында қандай да бір қысым болған кезде оларды да түсінуге болады, олар отбасынан қашықтап кеткісі келеді, менде де сондай бір кезең болды, бұл ата-аналар тарапынан балаларға еркіндік пен таңдауды бере алмауынан туындап жатады. Біздің қоғамда балаларға таңдау сирек беріледі, балабақшада таңдау бермейміз, мектепте де таңдау бермейміз, осыдан оларда өз беттерінше әрекет еткісі келетін уақыт туады, оған мүмкіншілік жасамаймыз, жеткіншек шақта мінез-құлқы өзгеріп, отбасынан қашықтап кетуге асығып тұрады. Егер қазір біз осындай қарым-қатынастарды жақсартып, дамытуға болатынын түсінеміз, отбасына, тегіне деген сүйіспеншілікті сақтап, арттыра түсу керек, бұл туралы ең алдымен білім алу кезінде ұмытпауға тиіспіз, қазірдің өзінде бізде мәдени білім беру саласы дамып, бір жолға қойылды деуге болады, бізде элитарлық білім беру деген проблема бар қазіргі сәтте, мәселен, НЗМ, ЕҒУ және «Болашақ» сияқты білім беру ұйымдары жұмыс істеп тұр, меніңше білім қай жерде болмасын бірдей, жақсы деңгейде берілуі керек, білім берудің элитардық моделінен бас тарту керек, барлық бала үшін қажетті мүмкіндіктерді қолдан келгенше жасаған абзал. Біздің халқымыз өзінің қандай да бір моделді әлі де іздестіруде. Бұрын мен сендер батыстың бар салт-дәстүрін, үлгілерін бізге әкелгілерің келеді, бірақ біздің өзіміздің де салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптарымыз бар емес пе дегенді жиі еститінмін. Сол кезде мен адамдардың нені айтып тұрғанын шын мәнінде түсінбейтінмін, есесіне қазір бәрін ұғына бастадым, өйткені олардың өз тарихы, өз менталитеті бар, бізде өзіміздікі, біз батыстың моделін әкеліп, бізде қолдана алмаймыз, тіпті оны әкелудің де қажеті жоқ, өзіміздің қолымызда барды сақтап, жетілдіре беру қажет деп ойлаймын. Меніңше өзіміздің ең басты құндылығымызды сақтауымыз, бәріне бағдарланатын моделді ұстанып, дамытуымыз керек. Осындай сөздерді айтамын деп ешқашан да ойламаппын. Қазірдің өзіне осы беріп отырған сұхбаттың өзі орыс тілінде жүріп жатыр, мұндайды да болдырмауға тырысу керек, мен өзімнің туған тілім қазақ тілін меңгеру бойынша біраз жұмыстар жасап жатырмын, жалпы мектепке дейінгі білімнен бастап өзіміздің туған тілімізге көшуіміз ке-

рек деп ойлаймын, осы мәселе туралы да сөз қозғаймын деп ешқашан ойлаған емеспін, мұндай ойлар, есейе келе, тәжірибе жинақтаған сәтте туындайтын шығар бәлкім, бір сөзбен түсіндіру қиын.

И: Сіздің ойыңызша, бүгінгі таңда қазақстандық қоғамда ата-ана тәрбиесінің қай үлгісі басым (дәстүрлі, ортақ, өкілдік және белгісіз)?

Р: Осыған дейін айтып өткендей, әртүрлі нұсқалар бар, көп балалы дәстүрлі тарату, модельдер де сан аулан, сол сияқты отбасылар да сан түрлі, ата-ана болудың ынтымақты моделі бой көтеріп келеді, яғни ата-аналардың екеуі де тепе-тең жауапты болу моделін ұстанатын отбасылар шамалы, тіптен аз. Көп отбасылар дәстүрлі моделді ұстанады, ал мансап жолына көп көңіл бөлетін, жұмыста жүретін отбасылар өкілдік модельді ұстанады, олардың бала күтушілері бар, ата-аналары көмектеседі, балаларын арнайы орталықтарға апарады. Былай қарап тұрсаң мұның бәрі өмірдің бұлтартпас тіршіліктері, дегенмен біз декретті сақтап қалдық, одан біз ешқашан бас тартпауымыз керек. Мысалы, Америкада декреттік демалыс деген атымен жоқ, алты аптадан бастап баланы балабақшаға береді, яғни бала жарты айға толғанда балабақша барады, осыдан балада қандай сүйіспеншілік сезімі болуы мүмкін, қауіпсіздік сезімі туралы айтпасақ та болады, кейде американдықтардың өздері аңғара бермейтін проблемалар толып жатыр, өкінішке орай, олар оны көрмейді, олар үшін бұл қалыпты тіршілік, меніңше бұл өте-мөте дұрыс емес. Бізде қанша дегенмен жағдай жасалған, бала бір жасқа толғанша мемлекет жәрдемақы береді, бұл өте керемет, оны алып тастамау керек. Кейде бір жасқа дейінгі балаларға арнап бөбекжай ашу керек деп жатады, ондайға барудың еш қажеті жоқ, себебі кейін ата-аналар баламен жақын болудан қалады, тым болмаса бір жасқа дейін бала ата-анасының қасында, қамқорында болғаны жөн. Шын мәнінде отбасында қандай да бір модельді ұстану маңызды, бірақ біз отбасының өкілдік моделін таңдамауымыз керек, керісінше ата-ана болудың ынтымақты моделін барынша арттыру қажет, яғни мұнда әйелдер ғана бала тәрбиесімен айналыспайды, еркектер де тәрбиеге тепе-тең тұрғыда белсене қатысады. Ол үшін меніңше, әлеуметтік жағдайды жасау керек, бұл әйелдер декретке шықпаса, еркектерге шығуға мүмкіндік беру деген сөз, бұл әзірге бізде міндетті емес. Мысалы, Скандинавия елдерінде, Швецияда декреттік демалысқа әйелдердің баратын міндетті уақыты бар, сондай-ақ еркектердің де жеке уақыттары бар, меніңше бұл өте дұрыс. Бұл әкенің баланы тәрбиелеу үрдісіне белсене қатысуын арттыра түседі, бұдан ешкімге де жаман болмайды деп ойламын.

И: Швецияда декреттік демалысқа алдымен аналар, кейін әкелер шығады, солай ма?

Р: Иә, оларда арнайы құрылған сызба бар, бір уақытта аналар декрет-

ке шықса, белгілі бір уақыттан кейін әкелер шығады, бұл әркімге міндетті болып табылады.

И: Шетелдік тәжірибе туралы айтыңызшы?

Р: Мұнда тағы да әртүрлі нұсқалар бар деп айтуға болады, егер отбасын құру сияқты мәселелерді қарастырғанда американдық тәжірибені қолданудың мүлде қажеті жоқ деп ойлаймын, американдық мемлекет, американдық ел - бұл әлеуметтік игіліктерді қамтамасыз ететін мемлекеттік құрылым емес. Мысалы, бұрын кеңестік дәуірде қалай еді, тегін декреттік демалыс, тегін балабақшалар және т.б. бәрі қамтамасыз етілді. Ал Америкада мұндай жоқ, олар капиталистік ел болғандықтан, кейбір қолдау бәріне жүрмейді, тек қоғамның осал тобына ғана қатысты қолданылады. Олардың қоғамның осал топтарына қолдау көрсететіні мадақтауға тұрарлық. Сонымен қатар, оларда кедейлерге арналған бағдарламаға кіретінде ғана кедей болып саналады, егер сізде ең төменгі күнкөріс деңгейінің жүз сегіз он пайызы болса, яғни сізге қандай да бір нәрсені пайдалану үшін толығымен ашығуға болмайды. Негізінен бізде де осындай бағдарламалар болса, меніңше көбі пайдаланар еді. Мен студент ретінде, мәселен менің отбасым да осындай түрлі бағдарламаларға кірер еді, оларда аналарды, отбасы мен балаларды қолдайтын тегін бағдарламалар жұмыс істейді. Соның ішінде маған мынадай бір бағдарлама қатты ұнады, жүкті әйелдердің кіріс деңгейі төмен болса, олар осы бағдарламамен айналысатын кеңсеге барып, өздерінің кірістерін растайды, оған әр ай сайын чек береді, ол чекпен дүкенге барып, керек-жараққа айырбастауға болады. Бірақ сен чекті дүкеннен кез келген нәрсеге жұмсай алмайсың, онда саған керекті азық-түліктердің, жармалар мен көкөністердің тізімі беріледі. Ананың жақсы тамақтануы үшін, жүктілік кезінде баланың сау болуы үшін қажетті заттар көрсетіледі. Кейін бала туған соң тағы да осы сияқты бес жасқа дейін қандай да бір минималды, қажетті жиынтықтармен, бір жасқа дейін – балаларға арналған сүтпен, содан соң бір жастан асқанда көкөніс, жеміс-жидектер, жармалар және т.б. сияқты тамақтармен қамтамасыз етіп отырады. Себебі Америкада мынадай үрдіс бар, әлеуметтік деңгейі төмен, табысы төмен адамдар дұрыс тамақтанбайды. Олардың тамағы көбінесе мақдональдстар, оны бір долларға сатып алуға болады, сондықтан олар баланы құнарлы тамақтандыру үшін осындайларды жойғылары келеді. Міне, осындай бағдарламалар жұмыс істеп тұр, өте керемет бағдарлама, бізде де осыған ұқсас бағдарламалар шығару керек. Егер жәрдемақы, ақшалай көмектер беріліп тұрса да, оларды қайда жұмсайтынын білмейміз ғой, көбіне олар несие жабуға кетеді, одан басқа кез келген ұсақ-түйекке жұмсалады, ал мұндай бағдарламамен осы берілетін ақшаның баланы тамақтандыруға жұмсалғанын, азық-түліктерді тек белгілі бір тізіммен ғана алғанын біліп отырады. Америкада көптеген дүкендер, көп супермаркеттер осы бағдарламалармен жұмыс істейді, яғни

сен оларға келіп, супермаркеттің буклетінен қажетті бетті ашасың, нақты нені алатыныңды біліп тұрасың. Онда айына шамамен қырық бес доллар шығады, менің ойымша, бұл, негізінен, бала үшін өте жақсы қолдау.

И: Халықтың белгілі бір топтарына кімдер жатады?

Р: Ең төменгі күнкөріс деңгейінің жүз сексен пайызы. Негізінде, барлық студенттер бұл бағдарламаға сәйкес келеді. Мен де студент болған кезімде кірдім, менің кірісім стипендиям аз болды, менің балам үш жарым жаста болғанда білдім осы бағдарлама туралы, жалпы, бір жылдай біз осы бағдарламаны қолдандық, ол бізге жақсы көмек болып тұрды. Ол жерде сенің азаматтылығыңа қарамайды, оның еш маңызы жоқ. Бұл да американдық бағдарламаның жақсы ерекшелігі. Мұндай бағдарламалар өте көп. Бірақ оларда декреттің болмау үлкен минус, ақылы декрет түгіл, декрет дегенің атымен жоқ. Яғни, сіз жұмысты қалдырып, кете алмайсыз және сіздің орныңыз сақталып қалады деген заң жоқ. Кейбір ірі компаниялар төлей алады, бірақ олар бар-жоғы ең көп дегенде үш ай төлейді. Олардың балабақшалары мемлекеттік емес, оларда тек белгілі бір бағдарламалар бар, көбінесе толық жұмыс күні емес, бірнеше сағатқа ғана, оған да орын алу керек.

И: Сонда барлық балабақшалар жеке меншікте ме?

Р: Барлық балабақшалар жеке меншік болып табылады және олар сәйкесінше өте қымбат. Шын мәнінде, аналар декретке шыға алмайды, өйткені ол табысын, күн көрісін жоғалтуы мүмкін. Бірақ баланы бақшаға бергеннен кейін, ол барлық кірістерін сол жерге береді, өйткені олар шынымен қымбат, және ол тұратын қаласына да байланысты, біздің қалада, мысалы, айына мың доллар болатын балабақша бар, шамамен айына солай шығады. Бірақ олар ана болып баланы қарауды жиі таңдай алмайды, себебі олар жұмыстарынан айырылып қалудан қорқады, кейін ол жерге қайтып оралу да өте қиын, егер сен жалақысы жақсы жерде жұмыс істесең, жұмыс орнын сақтап қалу қиынның қиыны. Жұмыс деген ол жақта да көп, дегенмен жақсы орынға тұру, сол жерде сіңіп кету үшін тер төгу керек, қандай да бір таңдау да жасау керек, бұл таңдау отбасы үшін пайдалы бола бермейді. Мысалы, оларда жұмыс шамамен бесте бітетін болса, бес жарымда баланы балабақшадан алу керек, оларда балалардың ұйқыға жату уақыты жеті жарым. Бүкіл Америкада балалар жеті жарымда ұйқыға жатады. Яғни, ата-аналарға күніне бір жарым сағаттай уақыт балаларымен болуға бөлінеді, оның көбі жолға, тамақтандыруға, шомылдыруға жұмсалады, олар тек демалыс күндері ғана балаларымен уақыттарын өткізеді. Жалпы алғанда бұл жүйе отбасымен болуға уақыты аз бөледі, ондай ата-аналардың жұмыстан кеш қайтуы сияқты жүйелер бізде де бар, дегенмен бізде декреттік демалыс сақталған, бұл біздің

басты артықшылығымыз. Скандинавия сияқты басқа елдер де бар. Мен Скандинавия туралы жеке тәжірибемнен емес, оқыған, естігенімнен айтып отырмын, өйткені мен ол жерде болған жоқпын. Оларда біршама жақсы жағдайлар жасалған, анасы да, әкесі де декретке баруы керек, жалпы отбасы үшін қолайлы жағдайлар ойластырылған. Мен бір таныстарымнан естідім, егер сен баламен қоғамдық көлікке мінсең, онда саған ешқандай жолақы билеті, куәлік, ештеңе көрсету қажет емес, баламен кіргенің үшін жолақысы тегін. Қандай тамаша!

И: Бұл біздің шындықта қаншалықты жақын?

Р: Бізде ондай жоқ, неге жасамасқа, бұл дегенің отбасын қолдау ғой. Бізде балалардан анықтама қағазын сұрайды, егер жолақы билетің болмай қалса автобустан қуып шығуы да ғажап емес. Бірде мені де автобустан қуып шыққан, ол кезде жоғары сыныптарда, ұмытпасам оныншы сыныпта оқып жүрдім, қысты күні автобуста жолақысын төлеп, ойнап отырдым білем, жоғары сыныпта жүрсем де баламын ғой, бір жерге салдым. Бір кезде контролер келіп, билеттерді қарай бастады, билетім жаңа ғана қолымда болған сияқты, қайда кеткенін таба алмадым, іздеп-іздеп таба алмадым, олар маған айқайлап, автобустан қуып шықты. Солай істеуге бола ма, айтыңызшы, мен автобустан түсіп қала бердім, мектепке жетпеген едім, үй мен мектептің ортасында қалып қойдым, сол күні ақыры мектепке бармадым, далада қатты аяз соған қарамастан мен жылап үйге жаяу келдім, жалпы балалармен солай істеуге бола ма. Бізде балаға қатты қарау деген бар, балаларға автобусты тегін жүретін қып жасап қойса болмай ма, балалардың бәрі бірдей, олардың кіріс деңгейіне қарамастан. Бізде осындай көңіл аударылмай, қалдырылып кеткен сәттер өте көп, былай қарап тұрсаң балалардың қауіпсіздігін сақтау деген қайда, көп сұрақтардың шешімі табылған жоқ әлі күнге дейін, қандай ата-ана осындай жағдайды барып талқылап жатады, оның бәрі ұзаққа созылады, оған қаншама уақыт кетеді, егер мемлекет балалардың қауіпсіздігін қолға алмаса, кім онымен айналысады, түсініксіз. Мысалы, мектепке дейінгі білім беру бізде маңызды болып есептелмейді, тіпті оның жеке БҒМ болуы керек, бұрын арнайы департамент болған, оны да жауап тастады. Қазір мектепке дейінгі білім берумен бір адам ғана айналысады, ол - Мектепке дейінгі білім беру комитеті, өкінішке орай, тек бір адам ғана айналысады. Бұл жай ғана балаларға деген көзқарастың соншалықты маңызды емес екенін көрсетеді. Бізде көптеген мәселелер көтеріліп жатады, әркімнің саясаты да әртүрлі, осы мәселелермен нақты айналысатындар әлі де табылмай тұр.

И: Қазақстандықтар бала асырап алуға қаншалықты дайын?

Р: Бұл бір өте қиын сұрақ, менің ойымша, қалай болғанда да, аса бір ойланатын жағдай, бұрын тарихта бөтен балалар болмаған, балалар-

ды көшеде қалдырмаған, туған-туысқандары асырап алған, бірақ қазір біз басқаша шындықты көріп отырмыз. Жалпы, бала асырап алу мәселесі аса күрделі, бұл тағы да ересектердің жауапкершілігіне байланысты. Бізде, ересектерде жауапкершілік деген аз, кейде баланы кері қайтаратын жағдайлар да кездесіп жатады. Менің ойымша, олар барлық маңыздылықты түсінбеген және отбасы үшін қандай да бір дайындық шаралары жүргізілмеген, кейбір мектептер бар, бұл жақында ғана ашыла бастады, ең басты маңызды мәселелер оқытылады, ең алдымен ересектерді ата-ана болуға дайындау керек, бірақ бала асырап алынған кезде, дайындық деңгейін екі есе арттыру керек. Меніңше, біз оған әлі дайын емеспіз, өйткені бұл жауапкершілік, адамдар әлі жауапкершілікті сезінбейді, ересектер де жауапкершілікті түсінбейді.

И: Сіздің ойыңызша, бала асырап алу кезінде бала тәрбиесінде қандай да бір ерекшеліктер болуы мүмкін бе?

Р: Әрине, бала асырап алу кезінде ата-аналардың дайындығы, психологиялық дайындығы, алдын-ала не болып жатқанын түсіну үшін көптеген психологиялық сәттер бар, көптеген қиын сәттер де болады. Тіпті бұған дайын ата-аналар да қиындықтарға кезігеді. Менің бір досым бірнеше бала асырап алды, ол өзі осы мәселенің маманы, тіпті кейде оған да қиын болып жатады. Олардың ең басты айырмашылығы, ол нені қалайтынын жақсы түсінді, баламен тіл табыса алмай қалған жағдай болса, оны кері қайтаруға жол жоқ екенін білді, ол ойыншық, не тауар емес қой, қандай жағдай болса да, тіл табысуға тырысып, қарым-қатынастарын жалғастырып келеді. Бізде ондай ересектер өте аз. Сондықтан оқытатын арнайы мектептер керек, бала асырап алғанға дейін және асырап алғаннан кейін белгілі бір уақыт аралығында міндетті түрде қолдау көрсетілуі тиіс. Мұндай қадамға барған кезде тіпті ата-аналардың ойна келмейтін жағдайлар, әсіресе, психологиялық тұрғыда туындап жатады. Балалар үйінде өскен балаларда сүйіспеншілік сезімдері, қауіпсіздік сезімдері жоқ, көп сәттер назардан тыс қалған. Осының бәрі артынан мінез-құлықтан көрінеді, қауіпсіздік және т.б. сезімдердің жоқтығынан, ұнатпаушылық, сүйіспеншіліктің жеткіліксіздігі байқалып жатады, мұны адамдар мінезін көрсеу деп түсінеді, ол олай емес. Кейде не болып жатқанын балалар өздері де түсінбейді. Сондықтан бала асырап алғысы келетін отбасының алдында шешілмеген көптеген сұрақтар тұрады, сол себепті оларға тұрақты қолдау көрсетілуі керек. Тіпті, олар бәріне саналы түрде дайын болса да, қандай да бір уақыт аралығында сүйемелдеп отырған жөн.

И: Сіздің ойыңызша, ата-ана болудың мінсіз моделі қандай болуы керек, қандай басты қасиеттері болуы керек? Балаларды тәрбиелеу процесі қандай қажетті элементтерді қамтуы керек?

Р: Меніңше ата-ана болудың мінсіз моделі жоқ, өйткені біз бәріміз әртүрліміз, бізге тек ең бастыларды назарға алу керек, ол – сенім білдіру, сенімді ахуал жасау. Сен балаға сенген кезде, бала да саған сенеді, бұл ең бастысы, тағы да қайталап айтарым, ата-аналардың жауапкершілігі болуы керек. Сен қандай да бір қиындықтарға дайын екенінді түсінген кезде, не істеп жатқаныңды түсінсең, не үшін істейтініңді, оның саған неге керектігін, неге сен бұл адаммен отбасын құрғың келетінін, не үшін балалы болғыңыз келеді деген сияқты сұрақтарға көбі жауап іздемейді. Бізде көп адамдар былай ойлайды, бәрі үйленіп жатыр, мен де үйлену керекпін, менің бүкіл достарым үйленді, мен де үйлену керекпін, менің барлық құрбыларым тұрмысқа шықты, мен де шығу керекпін, немесе менің жасым кеп қалды, деп жатады, бұл өте-мөте дұрыс емес. Ересек адам бәріне саналы түрде баруы тиіс. Мақсат тұрмысқа шығу емес, ана болуы емес, осы адаммен қарым-қатынасты жалғастыру, ата-ана болуға дайындалу, баланы не үшін қалаймыз, ол бізге не үшін керек, біз олар үшін не істеуге дайынбыз деген сияқты сұрақтар төңірегінде ойланған абзал, бұл менің пікірім. Бұған үнемі оқуға дайын болуы да кіреді. Қазір біздің қоғамда арнайы мәдениетке оқытатын ғылым жоқ, есесіне блогерлер бар, олардың арнайы білімі болмаса да, адамдар оларды тыңдайды, бала тәрбиелеу үрдісін қалай ұйымдастыратынын сұрайды, кеңестер алады, айтқандарын орындап жатады. Бұл дұрыс емес.

Қалай десек те, ғылымға сүйену керек, менің айтқанымдай, отбасы туралы ғылым бар, балалардың дамуы туралы ғылым бар, мұның бәрі шетелдік, батыс елдеріндегі үлкен, миллиардтық зерттеулерден өткен. Мұндай зерттеулерге көп ақша бөлінеді. Тек ойындарды зерттейтін тұтас, жеке зертхана бар, мысалы, олар балалардың өміріндегі ойынды зерттейді. Мүмкін, бұл деректерді пайдаланбау ақымақтық, керісінше, өз пікіріне негізделген адамдардың әртүрлі пікірлерін тыңдамауға көмектеседі. Ғылыми мәліметтерге сүйене білу керек, бұл біздің қоғамда әлі де терең жұмыс істеуді қажет етеді. Себебі, әсіресе пандемия, вакцинация және кез-келген ақпараттар бойынша, біздің адамдардың сыни ойлауы жақсы дамымаған, олар «анау айтты, мынау айтты» дегенге бағдарланады, ғылымға сенбейді, менің ойымша, ғылыми тұрғыда бәрін жақсы түсіндіретін парақшаларға жазылу керек, мәселен, біздің «Ойна» институтына.

И: Жастардың ата-ана рөлін жүзеге асыру үшін қажеттілікті, дайындықты, қабілетті және мүмкіндікті нығайтуға не әсер етеді? Оны нығайту үшін қандай шаралар қолдану керек?

Р: Егер мен, мысалы, бала болсам ата-аналарым маған сен үшін бар өмірімізді арнадық, сен бізге міндеттісің десе, онда менің ата-ана болуға деген қызығушылығым болмас еді, немесе керісінше болар ма еді, ата-ана болуға ниет білдіру отбасынан қалай берілетінін әрдайым қадағалап

отырған жөн. Егер мен балалармен бірге өткізген уақыт мен үшін ерекше екенін көрсете білсем, алты жастағы ұлым менен сұрайды «ана болу қиын ба» деп, ол бұл сұрақты маған жиі қояды, мен де шаршаймын, ол соның бәрін байқап жүреді, кейде оны жұбату үшін не істерімді білмей қаламын, ол соның бәрін сезінеді, сондықтан ата-ана болу қиын ба деп сұрайды. Міне, осы сәт ерекше маңызды, егер сен оған иә, өте қиын деп жауап берсең, ол баланың эмоциясын тудырады, онда мені неге өмірге әкелдіңдер деуі мүмкін. Сондықтан керісінше қиындықтар болады, бірақ біздің отбасымызда сендердің болғандарың біз үшін өте зор бақыт деп жағымды сәттерді тудыра білу керек. Канадада Ньюфаундленда деген институт бар, сонда профессор Ньюфал айтады, ата-ана өзінің баласына өзіне қаншалықты қиын екенін көрсетпеуі керек, бала көрсетілетін демеуді сезінуі тиіс, егер ол абыржыған ересектерді көрсе, ол демеуді сезіне алмайды. Сол сәтте бала ересектердің жауапкершілігін өзіне алуға тырысады. Бұл дұрыс емес, олай болмауы керек. Қандай ауыртпалықтар болса да, балалар оны көрмегені жөн. Балалар қандай да бір қиын сәттерге жауапты болмауы керек. Отбасында жағымды сәттер көп болуы керек, егер бала жағымсыз көңіл-күйде, ашулы ата-аналармен және т.б. көріп өссе, есейіп отбасын құруға дайын болса да, моральдық тұрғыда дайын болмай шығады. Сонымен қатар қоғамдағы қысым да адамдарға қатты әсерін тигізеді, жігіттерге де, бойжеткендерге де, негі үйленбейсің, неге тұрмысқа шықпайсың деген сауалдармен қысым көрсетуді жою керек, жастар отбасын туысқандары айтқаны үшін құрмауы керек. Туған-туысқандар үнемі неге тұрмысқа шықпайсың, тұрмысқа шықсаң, неге бала көтермейсің, бала туасың, неге ол жалғыз, неге екеу, қыз қашан туасың, ұл қашан туасың деген сияқты түртпектеудің астына алады, меніңше жастардың әлеміне кірісе берудің еш қажеті жоқ. Мысалы, мен қызы бар отбасыларды кездестірдім, қызы оныншы сыныпта оқып жүрсе, анасы оның қалай тұрмысқа шығатынын уайымдап жатады, ал қызының оқығысы, дамып-жетілгісі, қандай да бір қалаған жұмысында еңбек етуді армандайды. Анасының уайым жейтіні түсінікті, бірақ қызы әлі де бала ғой, оған отбасы туралы ойлаудың дәл қазір мүлде қажеті жоқ, оқысын, дамысын, ал отбасы туралы өзінің ұнатқан адамын кездестірген кезде айтқан дұрыс болады, бала кезінен тұрмысқа шығу туралы ойды балаға құя берсе, бала тіпті тұрмысқа шыққысы келмеуі мүмкін, немесе шаршағаннан алғаш кездескен біреуге тұрмысқа шыға салуы да ғажап емес. Мұндай жағдайлар да көп кездеседі. Сондықтан балаға қысым көрсетпеген жөн, керісінше оны қолдап, қандай да бір дұрыс бағыт-бағдарлар берген абзал.

И: Соңғы сұрақ, жастардың ата-ана болуға дайындығын арттыру, балаларға қамқорлық жасау құндылықтары мен тәжірибелері жүйесін нығайту, балалар мен ата-ана болу құндылықтарын күшейту үшін қандай жұмыстар жүргізу керек?

Р: Егер мемлекет тұрғысынан қарайтын болсақ, онда біз жастарға барынша қолдау көрсетіп, жағдай жасауымыз керек, жалпы, бізде мемлекет, ел, әрбір қала, кез-келген кеңістік бала үшін қолайлы болуы керек. Ең алдымен, біз баланың көзқарасы арқылы қарауымыз керек, егер бұл қоғамда балаға қауіпсіз болса, ыңғайлы болса, егер арбамен өзі жүретін адамдар туралы айтпағанда, баласын арбамен сүйреген аналардың жүретін жолдары қолайлы болуы керек. Бізде арба сүйреген аналар жолдардан өте алмайды ғой, кей жерде арба түгіл өзің жаяу өте алмайсың. Осының бәрі көзге көрінбейтін айрықша орындауды қажет етпейтін ұсақ-түйектер сияқты, дегенмен бұл техникалық тұрғыда орындалатын нәрсе ғой. Жай ғана дүкендерді алып қарасақ, оларда балалы аналарға арналған дәретханалар бар ма, егер сенің балаң жеті жастағы ұл бала болса, сен оны ерлердің дәретханасына жалғыз жібересің бе, мысалы, мен ондайға дайын емеспін, егер қасымда әкеміз болмаса, не істеймін, жеті жастағы баланы өзіммен әйелдердің дәретханасына алып кіремін бе. Егер жалпы дәретхана болмаса ше, ал егер жалпы дәретхана, балалы аналарға арналған дәретхана болса, балалы әкелер ше, олар не істейді. Әкесі баламен серуендеуге шықса, оның жөргегін қай жерде ауыстырады. Аналар баласын кеудемен қай жерде тамақтандырады. Міне, осындай қарапайым, бүкіл жерде ұйымдастыруға болатын нәрселер туралы бізде ешкім ойланбайды. Ал Америкада бұл жағы керемет ойластырылған, кез келген саябақта дәретхана бар, іші дәретхана қағазымен және сабынмен жабдықталған, субұрқақтар бар. Балалар үнемі кіші дәретке барғысы келеді, су ішкісі келеді, оларда оның бәрі қамтамасыз етілген. Егер кез-келген кеңістікті құру үшін балаға және ең алдымен отбасына ыңғайлы болу тұрғысынан қарастырсақ, ол басқалар үшін де тиімді болады. Бізде мұндай көзқарас әлі де жетілмеген. Бала үшін қауіпсіз жағдайларды қалай жасау керектігі шешілмеген мәселе боп қалып отыр.

И: Егер жастар жағдайдың жасалғанын көрсе, олар ата-ана болуға дайын бола ма.

Р: Мүмкін деңгейді төмендетер, енді қараңыз, егер біздің қаламыздағы саябақта жақсы жағдайлар жасалса, үнемі балалы әкелер, балалы аналар қыдырып жүрсе, ол бәрі бір қабылдауға қандай да бір әсерін тиізери сөзсіз, егер біз үнемі қиналған, ашуланған, балаларының соңынан жүгіріп жүрген аналарды көрсеңіз не ойлар едіңіз, сол сияқты, әртүрлі әлеуметтік желілерде, фейсбук, инстаграмда түрлі пікірлер айтылып жатады, біздің бір қорымыз бар, соңғы кезде сол жерде жағымсыз пікірлер көп айтылатын болып жүр, олар не жазады, ой, менің ешқашан тұрмысқа шыққым келмейді, балалы болғым келмейді, сосын олармен қиналудың не керегі бар дейді, сонымен қоймай-қоймай бастарынан өткен бір оқиғаларды жазады, оның бәрі де санаға әсер етеді. Мұның қаншалықты тиімді, тиімсіз

болатынын мен білмеймін, оны түсіну үшін, тиімділігі бар ма екенін байқап көру керек, не болмаса ненің тиімді әсер ететінін білу үшін мүмкін басқа елдердің зерттеулерін қарап көру керек шығар. Бірақ менің ойымша, мемлекеттің қолдауы ешқашан отбасы үшін пайдалы болмауы мүмкін емес, кейде бағдарламаларды тек ойластырылған және тиімділік тұрғысынан қарастыру керек шығар. Не жасасақ та, оның жұмыс істесе де, істемесе де, көмектесе ме, көмектеспей ме бәрі бір тиімділігін тексеріп көрген дұрыс. Қандай да бір бағдарлама іске қосылса, тиімділікті тексереміз және керек мақсаттарға қол жеткізгенімізді қараймыз, егер мақсатқа қол жеткізілмесе, өзгертіп көреміз. Сонда адамдардың алдында белгілі бір есептілік те құрылады. Егер бағдарлама жүзеге аспай қалса, бұл қалыпты жағдай, бізге тек оны өзгерту ғана қалады, бағдарламаны алып тастап, басқасын құруға тырысу керек, бұның бәрі, әрине, оңай емес.

Бізде бағдарламалар бес жылға арналған, ал бағдарламаның нәтижесін біз жұмыс істеген, жұмыс істемеген есеп түрінде өте сирек көреміз. Біз тек жаңа бағдарлама шықты, жаңа бағдарлама шықты дегенді ғана естиміз, оның ішінде отбасына қатысты бағдарламалар да бар. Біз жоғарыда айтып өткен отбасына қатысты мәселелердің ішінде маған қатты ұнайтыны «жауаптылық» мәселесі. Жауаптылық бізде көбінесе жағымсыз қырынан қабылданады, бұл негізінен «мен кінәні өзіме аламын», яғни өзім жауапты боламын дегенмен байланысты келеді. Бұл дегеніміз, егер бірдеңе дұрыс болмай қалса, мен кінәлі боламын дегенді білдіреді. Ал Америкада, ағылшын тілінде жауапкершілік басқа көзқарас, таңдау ретінде беріледі. Яғни, мен ересек адаммын, таңдау жасауға мүмкіндігім бар, мен оған жауап беремін, бірақ бұл менің жеке таңдауым. Мүмкін бізде де жауапкершілік туралы тек жағымсыз жағынан айтпау керек шығар, біз балаға ешқандай жауапкершілігің жоқ екен деп дүрсе қойғанды жақсы көреміз, ал енді оны жақсы, жағымды жағынан жеткізіп көрсек, яғни сен енді үлкенсің, өзіңнің таңдауыңды жасау керексің десек, таңдаудың өзі белгілі бір жауапкершілікті жүктейді. Егер отбасы туралы, өзіндік жеке таңдау туралы айтатын болсақ, балаға кіммін отбасын құрғың келетінін сен өзің таңдайсың, сендер бір-біріңмен тең құқылысыңдар, сендер серіктессіңдер, қашан үйлену керектігін өздерің шешесіңдер, қалай өмір сүргілерің келеді, оны да өздерің білесіңдер, отбасының шырқын бұзбай өмір сүруді үйренесіңдер, күнделікті ұсақ-түйектерді, мәселен әйелің тамақ дайындамайды және т.б. талқылап, саналы түрде шешім қабылдайсыңдар деген дұрыс. Үнемі жағымсыз қарым-қатынаста болатын адамдардың пікірлері аздап өзгертін шығар, кім біледі. Айта берсек, талқылайтын мәселелер толып жатыр, сондай-ақ біздің жақсы қасиеттеріміз де басым.

И: Рахмет сізге! Сұхбаттасу керемет өтті.

Р: Мен үшін де!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БАЛА ТУУДЫҢ ЖАЛПЫ КОЭФФИЦИЕНТІ, 1000 адамға

Барлық халық

Өңір	2015	2016	2017	2018	2019	2020
Қазақстан	22,71	22,52	21,64	21,77	21,73	22,76
Ақмола	17,12	16,90	16,71	16,82	16,63	16,99
Ақтөбе	24,11	23,53	22,47	22,69	23,40	23,97
Алматы	25,30	25,88	24,98	24,86	24,67	26,30
Атырау	27,93	27,84	26,78	27,16	26,55	27,64
Батыс Қазақстан	20,48	20,62	19,96	20,11	20,06	20,74
Жамбыл	25,72	25,27	23,71	24,18	23,98	25,71
Қарағанды	17,73	17,31	16,44	16,64	16,72	17,02
Қостанай	14,47	13,94	13,38	13,30	13,15	13,47
Қызылорда	25,92	25,04	24,39	24,34	24,22	26,92
Маңғыстау	31,30	31,18	29,74	29,72	29,72	30,65
Павлодар	16,87	16,64	15,91	15,72	15,35	15,66
Солтүстік Қазақстан	14,25	13,58	13,17	12,93	12,46	12,59
Түркістан*	29,03	28,48	27,01	27,33	27,87	30,17
Шығыс Қазақстан	16,40	16,45	15,98	15,83	15,90	16,47
Нұр-Сұлтан қ.	30,29	30,18	28,23	27,67	25,95	25,48
Алматы қ.	18,63	18,36	17,69	18,19	18,19	18,25
Шымкент қ	-	-	27,61	27,53	27,89	30,02

Қала халқы

Өңір	2015	2016	2017	2018	2019	2020
Қазақстан	22,73	22,65	21,99	22,16	22,09	22,60
Ақмола	19,32	19,22	18,83	18,48	18,56	18,77
Ақтөбе	25,70	24,94	24,39	24,14	24,75	24,96
Алматы	27,25	26,63	27,12	27,11	27,88	28,60
Атырау	29,41	30,12	28,14	28,22	27,48	27,49
Батыс Қазақстан	22,18	23,15	22,44	22,64	21,99	22,33
Жамбыл	25,42	25,18	24,35	25,73	26,34	28,67
Қарағанды	17,87	17,55	16,51	16,79	16,73	16,91
Қостанай	15,43	15,00	14,41	14,40	14,15	14,29
Қызылорда	28,04	27,39	26,31	26,58	27,07	29,04
Маңғыстау	30,22	32,15	33,70	32,51	30,21	31,62
Павлодар	16,82	16,47	15,70	15,60	15,33	15,21
Солтүстік Қазақстан	15,76	15,17	14,18	14,14	13,41	13,07
Түркістан*	29,97	30,09	34,40	36,56	38,82	38,83
Шығыс Қазақстан	17,41	17,51	16,82	16,76	16,67	17,03
Нұр-Сұлтан қ.	30,29	30,18	28,23	27,67	25,95	25,48
Алматы қ.	18,63	18,36	17,69	18,19	18,19	18,25
Шымкент қ	-	-	27,61	27,53	27,89	30,02

Ауыл халқы

Өңір	2015	2016	2017	2018	2019	2020
Қазақстан	22,70	22,34	21,15	21,22	21,22	22,98
Ақмола	15,15	14,81	14,80	15,34	14,89	15,39
Ақтөбе	21,48	21,17	18,05	19,26	20,11	21,51
Алматы	24,68	25,65	24,33	24,19	23,75	25,65
Атырау	26,60	25,74	25,27	25,99	25,43	27,83
Батыс Қазақстан	18,80	18,08	17,37	17,40	17,95	18,99
Жамбыл	25,92	25,32	23,28	23,16	22,42	23,76
Қарағанды	17,20	16,38	16,15	16,04	16,68	17,43
Қостанай	13,40	12,75	12,18	12,01	11,79	12,32
Қызылорда	24,30	23,20	22,88	22,56	21,93	25,21
Маңғыстау	32,14	30,45	26,92	27,83	29,39	30,00
Павлодар	16,99	17,07	16,42	16,00	15,40	16,74
Солтүстік Қазақстан	13,10	12,34	12,35	11,92	11,65	12,18
Түркістан*	28,27	27,16	25,19	25,08	25,15	27,97
Шығыс Қазақстан	14,91	14,87	14,69	14,35	14,67	15,55

5-қосымша

Ел	Төленетін апта	Жалақыдан төленетін төлемдердің үлесі	Халық саны 2021, млн. адам.
Bulgaria	58.60	90.00%	6,896,663
Greece	43	49.00%	10,370,744
United Kingdom	39	30.00%	68,207,116
Slovakia	34	75.00%	5,460,721
Croatia	30	100.00%	4,081,651
Chile	30	100.00%	19,212,361
Czech Republic	28	61.00%	10,724,555
Ireland	26	26.00%	4,982,907
Hungary	24	70.00%	9,634,164
Italy	21.70	80.00%	60,367,477
Luxembourg	20	100.00%	634,814
Estonia	20	100.00%	1,325,185
Poland	20	100.00%	37,797,005
Malta	18	86.00%	442,784
Cyprus	18	75.00%	1,215,584
Lithuania	18	100.00%	2,689,862
New Zealand	18	46.00%	4,860,643
Denmark	18	53.00%	5,813,298
Romania	18	85.00%	19,127,774
Australia	18	42.00%	25,788,215
Finland	17.50	74.00%	5,548,360
Costa Rica	17.30	100.00%	5,139,052
Latvia	16	80.00%	1,866,942
Austria	16	100.00%	9,043,070
Netherlands	16	100.00%	17,173,099
Canada	16	49.00%	38,067,903
Spain	16	100.00%	46,745,216
France	16	90.00%	65,426,179
Turkey	16	66.00%	85,042,738
Slovenia	15	100.00%	2,078,724
Israel	15	100.00%	8,789,774
Belgium	15	63.00%	11,632,326
Switzerland	14	58.00%	8,715,494
Germany	14	100.00%	83,900,473
Japan	14	67.00%	126,050,804
Iceland	13	68.00%	343,353
Norway	13	94.00%	5,465,630
Sweden	12.90	77.00%	10,160,169
South Korea	12.90	80.00%	51,305,186
Mexico	12	100.00%	130,262,216
Portugal	6	100.00%	10,167,925
United States		0.00%	332,915,073

6-қосымша

БАЛАЛАРҒА ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫН КЕЛТІРУГЕ РЕСМИ ТҮРДЕ ТЫЙЫМ САЛҒАН ЕЛДЕРДІҢ ТІЗБЕСІ³²

- Қазіргі уақытта 62 мемлекет барлық жерлерде, соның ішінде үйде де тыйым салуды енгізді
- Тағы 27 мемлекет толық тыйым салу үшін өз заңнамасын реформалауға міндеттенді

Балаларға, соның ішінде үйде кез-келген дене жазасына тыйым салатын мемлекеттер:

- 2021 - Корея Республикасы
- 2020 - Жапония, Сейшел Аралдары және Гвинея
- 2019 - Грузия, ОАР, Франция, Косово (Республика)
- 2018 - Непал
- 2017 - Литва
- 2016 - Моңғолия, Черногория, Парагвай, Словения
- 2015 - Бенин, Ирландия, Перу
- 2014 - Андорра, Эстония, Никарагуа, Сан-Марино, Аргентина, Боливия, Бразилия, Мальта
- 2013 - Кабо-Верде, Гондурас, Македония
- 2011 - Южный Судан
- 2010 - Албания, Конго (Республика), Кения, Тунис, Польша
- 2008 - Лихтенштейн, Люксембург, Молдова Республикасы, Коста-Рика
- 2007 - Того, Испания, Венесуэла, Уругвай, Португалия, Жаңа Зеландия, Нидерланды
- 2006 - Греция
- 2005 - Венгрия
- 2004 - Румыния, Украина
- 2003 - Исландия
- 2002 - Түрікменстан
- 2000 - Германия, Израиль, Болгария
- 1999 - Хорватия
- 1998 - Латвия
- 1997 - Дания
- 1994 - Кипр
- 1989 - Австрия
- 1987 - Норвегия
- 1983 - Финляндия
- 1979 - Швеция

³² <https://endcorporalpunishment.org/ru/global-progress/>

Балаларға, оның ішінде үйде кез келген дене жазасына тыйым салатын аумақтар:

Аруба (Нидерланды), Кюрасао (Нидерланды), Фарер аралдары (Дания), Француз Гвианасы (Франция), Гренландия (Дания), Гваделупа (Франция), Джерси (Ұлыбритания), Мартиника (Франция), Майотта (Франция), Питкэрн Аралдары (Ұлыбритания), Реюньон (Франция), Сен-Бартоломью (Франция), Сен-Мартен (Нидерланды), Сен-Мартен (Франция), Шпицберген және Ян-Майен аралдары (Норвегия), Уоллис және Футуна аралдары (Франция).

- Әлемдегі балалардың тек 13%-ы ғана барлық дене жазаларынан заңмен толық қорғалған

7-қосымша

**«АТА-АНА БОЛУ МОДЕЛЬДЕРІ ЖӘНЕ АТА-АНА ӘЛЕУЕТІ»
 ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША
 САРАПШЫЛАРДЫҢ МАМАНДАНУЫ**

№	Лауазымы	Ұйым	қала
1	Тәжірибеленуші психолог Цароева Лейла	Жеке тәжірибеленуші психолог	Нұр-Сұлтан
2	Орталықтың басшысы Кульчиева Майра	«Келешек» балаларды дамыту орталығы	Атырау
3	Үйлестіруші Диханова Айжан	№1 аналар үйі	Нұр-Сұлтан
4	Үйлестіруші Шакирова Гульнар	№2 аналар үйі	Нұр-Сұлтан
5	Қордың басшысы Рыль Анна	«Қорғау Астана» жеке қоры	Нұр-Сұлтан
6	Әлеуметтанушы-талдаушы	Тәуелсіз зерттеуші	Нұр-Сұлтан
7	Әлеуметтік қызметкер	Орта мектеп	Сарань
8	Үйлестіруші Нурмахамбетов Жасулан	Отбасы мектебі	Нұр-Сұлтан
9	Академия ректоры Мухамбетқалиев Данияр	Халықаралық отбасы және тұлғаны дамыту академиясы	Нұр-Сұлтан
10	Педагог Айнагуль	Оқушылар сарайы	Ақтөбе
11	Тәрбие жұмысы жөніндегі меңгеруші	Мектеп-гимназия	Нұр-Сұлтан
12	Әлеуметтанушы	ҚазМӘУ	Нұр-Сұлтан
13	Түзетуші психолог	Педагог-ассистент	Өскемен
14	Балалар үйінің балаларына бағытталған жобаның қатысушысы	«Тәлімгерлер» жобасы	Нұр-Сұлтан
15	Даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс істеу жөніндегі психолог	Орта мектеп	Нұр-Сұлтан
16	Психолог	ҚазМӘУ	Нұр-Сұлтан
17	Әлеуметтану пәнінің оқытушысы	КарМУ	Қарағанды
18	Тәрбие жұмысы жөніндегі меңгеруші	Қосымша білім беру мектебі	Нұр-Сұлтан
19	Әлеуметтік қызметкер Айжан	Емхана	Нұр-Сұлтан
20	Динара Кусаин, ата-ана болу және әке болуға ынталанушылық бойынша әдістемелік құралдардың авторы	Отбасылық даму және балалар қауіпсіздігі бойынша сарапшы	Нұр-Сұлтан

№	Лауазымы	Ұйым	қала
21	Медиатор Сайлаубай Асель	Менеджмент және құқық магистрі, медиатор	Нұр-Сұлтан
22	Әлеуметтанушы	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Нұр-Сұлтан
23	Адамова Манара Орталықтың директоры	«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы	Нұр-Сұлтан
24	ҚБ төрағасы Гаухар Киикова	«Ойна» балалар институты ҚБ	Нұр-Сұлтан
25	Әдіскер Амирова Гульсим	Абай атындағы Атырау қаласының оқушылар орталығы	Атырау
26	Айткалиева Жанна Зерттеуші-мұғалім	Орта мектеп	Атырау
27	Султанова Зумрат	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Атырау
28	Дархан	Заңгер	Нұр-Сұлтан
29	Кенжеева Мадина балабақша директоры	«Триумф» балабақшасы	Атырау
30	Орталық Басшысы Хатшылықтың тұрақты даму мақсаттары жөніндегі директоры Хамбар Бахыткуль	«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ	Нұр-Сұлтан



МИНИСТЕРСТВО ИНФОРМАЦИИ
И ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



КИОР
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Казакстанский
институт
общественного
развития

АНАЛИТИЧЕСКИЙ ДОКЛАД
ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО
ИССЛЕДОВАНИЯ НА ТЕМУ:
**«МОДЕЛИ РОДИТЕЛЬСТВА
И РОДИТЕЛЬСКИЙ
ПОТЕНЦИАЛ»»**

НҮР-СУЛТАН - 2021

СОДЕРЖАНИЕ

ГЛОССАРИЙ	105
ВВЕДЕНИЕ	107
1. РОДИТЕЛЬСТВО КАК СОЦИАЛЬНЫЙ ИНСТИТУТ	110
1.1 Репродуктивные установки казахстанцев и определяющие их факторы	110
1.2 Особенности коммуникации родителей и детей в казахстанских семьях	118
1.3 Модели родительства в казахстанском обществе и их основные черты	129
2. РОДИТЕЛЬСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ И СПОСОБЫ ЕГО УКРЕПЛЕНИЯ	136
2.1 Барьеры в реализации родительского потенциала и пути их преодоления	136
2.2 Зарубежный опыт реализации и стимулирования родительского потенциала	152
ЗАКЛЮЧЕНИЕ	166
РЕКОМЕНДАЦИИ	167
ПРИЛОЖЕНИЕ 1. Рабочий план выполнения проекта	170
ПРИЛОЖЕНИЕ 2. Вопросы гайда экспертного интервью	171
ПРИЛОЖЕНИЕ 3. Образец гайда экспертного интервью	174
ПРИЛОЖЕНИЕ 4. Общий Коэффициент рождаемости в Республике Казахстан	194
ПРИЛОЖЕНИЕ 5. Отпуск по беременности и родам по странам	196
ПРИЛОЖЕНИЕ 6. Перечень стран, в которых официально запрещены телесные наказания детей	197
ПРИЛОЖЕНИЕ 7. Список опрошенных экспертов	199

ОБОЗНАЧЕНИЯ И СОКРАЩЕНИЯ

АСП - Адресная социальная помощь

БНС АСПР РК - Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК

КОПД - Комитет по охране прав детей МОН РК

МИОР - Министерство информации и общественного развития РК

МОН - Министерство образования и науки РК

НПО - Неправительственные организации

ООН - Организация Объединенных Наций

РК - Республика Казахстан

СМИ - Средства массовой информации

США - Соединенные Штаты Америки

ДЕТСКИЙ ФОНД ООН (UNICEF) - Детский фонд Организации Объединенных Наций (United Nations Children`s Fund)

ГЛОССАРИЙ

Воспитание – целесообразное, произвольно направляемое взросление ребенка в социокультурном (духовно-практическом) пространстве человеческого общения. В более широком смысле воспитание понимается как любое сознательно планируемое интеллектуальное, эстетическое и нравственное влияние на индивида или группу людей любого возраста¹.

Делегирующая модель родительства – модель, при которой родители, обладая равными правами в семье, стремятся к быстрому и успешному продвижению в своей профессиональной деятельности, желая добиться материальной независимости, социального статуса и общественного признания. При этом повседневная забота о детях лежит главным образом на старшем поколении, домашнем персонале, воспитателях. Ответственность за воспитание детей чаще передается (делегируется) другим лицам².

Неопределенная (ситуативная) модель родительства часто свойственна молодым людям и подросткам, затруднившимся выбрать идеальную модель семьи и родительства и характеризующимся трудностью идентификации с родительской ролью³.

Родительский потенциал представляет собой совокупность данных от природы и формирующихся ресурсов личности, социальной группы и общества в реализации родительской роли, обеспечивающих способность к рождению, заботе и воспитанию детей. Родительский потенциал рассматривается как реальные и потенциальные ресурсы, включающие потребности, готовности, способности и возможности для реализации родительской роли⁴.

Родительство – исторически и культурно обусловленное отношение к детям, чувства, родительские роли, практики поведения⁵.

